

Қазақстан республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы.Алтынсаринатындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И.Алтынсарина



**ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА
ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КАБИНЕТТЕРІН ДАМУ
ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО РАЗВИТИЮ МЕТОДИЧЕСКИХ КАБИНЕТОВ
В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

**Астана
2019**

Ұлттық білім академиясының Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды. (2019 жылғы 14 наурыздағы № 3 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 3 от 14 марта 2019 года)

Жаңартылған білім мазмұны жағдайында әдістемелік қызмет көрсету кабинеттерін дамыту жөніндегі әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019. – 116 б.

Методические рекомендации по развитию методических кабинетов в условиях обновленного содержания образования. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2019. – 116 с.

Жұмыста мониторингтік зерттеу негізінде әдістемелік орталықтардың/кабинеттердің даму үрдістері айқындалып, олардың сапалық құрамы зерттелді. Сонымен қатар, әдістемелік қызметтің табысты тәжірибесі талданып, жинақталған, білім берудің жаңартылған мазмұнының талаптарын ескере отырып, қазіргі заманғы әдістемелік қызметтің моделі мен әдістемелік ұсынымдары әзірленген.

Әдістемелік ұсыныстар облыстық (аудандық) әдістемелік орталықтардың/кабинеттердің басшылары мен әдіскерлеріне, білім беру жүйесінің ұйымдарының басшыларына, мектеп мұғалімдеріне арналған.

В работе представлены тенденции развития методических центров/кабинетов на основе мониторингового исследования их качественного состава, проанализирован и обобщен успешный опыт методической деятельности, разработана модель современной методической деятельности и методические рекомендации с учетом требований обновленного содержания образования.

Методические рекомендации адресованы руководителям и методистам областных (районных) методических центров/кабинетов, руководителям организаций системы образования, учителям школ.

© Ы.Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2019
©Национальная академия образования
им. И.Алтынсарина, 2019

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	4
1	Облыстық әдістемелік кабинеттердің/орталықтардың қызметін талдау	6
2	Облыстық әдістемелік кабинеттердің/орталықтардың қызметтерін тиімді ұйымдастыру.....	79
3	Жаңартылған білім мазмұны жағдайында әдістемелік қызмет жүйесін жобалау.....	101
	Қорытынды	110
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	112
	Қосымша	113

КІРІСПЕ

Қазақстандық білім беру жүйесі орта білім мазмұнын реформалауды бастан кешуде. Білім беру жүйесін дамытудың басым бағыттарының бірі жаңартылған білім беру мазмұнына сапалы көшу болып табылады. Бұл өз кезегінде педагогикалық кадрлардың шығармашылық, кәсіби әлеуетін, шеберлігін қарқынды арттыруды көздейді.

Осыған байланысты әдістемелік қызметтің рөлі артады. Мақсаты мен міндеттерінің күрделілігі, әдістемелік жұмыс мазмұнының көп жоспарлы сипаты, әрбір білім беру ұйымының нақты ерекшеліктері оның әр түрлі және тиімді нысандарды пайдалануын, олардың оңтайлы үйлесуін талап етеді. «Әдіскер» ұғымы 18 ғасырда шыдамдылық пен кішіпейілдікті сақтау қажеттілігінен пайда болды. Уақыт өте келе мағыналы контекст сақталып, оқытудың жаңа әдістерін әзірлеу жағына қарай байытылды.

Әдістемелік іс-әрекет педагогикалық шаралардың тұтас жүйесі ретінде педагог әлеуетін кәсіби дамытуға бағыттылық ретінде сипатталады. Әдістемелік қызметтің негізін педагогикалық ғылымның жетістіктері, озық педагогикалық тәжірибе және педагогикалық үрдістерді талдау құрайды.

Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында әдістемелік қызмет білім беру инновациясын, бастамаларды, осы үшін қажетті ресурстары: кадрлық, ғылыми-әдістемелік, ақпараттық, бағдарламалық, ұйымдастырушылық, техникалық ресурстары бар жобаларды қолдау, қамтамасыз ету орталығы болып табылады.

Әдістемелік қызмет әдіскердің басқа қызметтерімен қатар жүзеге асыратын кәсіби қызметінің бір аспектісі болып табылады (мысалы, педагогикалық, ұйымдастыру-бұқаралық және т.б.). Ол педагогикалық теорияны, әдістемені және тәжірибені зерделеуді және білім беру үдерісін жүзеге асыру мен талдау әдістемесін әзірлеуді қамтиды. Әдістемелік қамтамасыз ету – бұл әдістемелік өнімнің әртүрлі түрлерін жасауға, педагогикалық қызметкерлердің түрлі санаттарына әдістемелік көмек көрсетуге, оң педагогикалық тәжірибені анықтауға, зерделеуге, жинақтауға, қалыптастыруға және таратуға бағытталған процесс.

Жаңартылған білім беру жағдайында әдістемелік кабинеттердің рөлі мен орны кейбір жағдайларға байланысты өзгерді. Білім беру жүйесін жаһандық реформалау, жетекші білім беру құндылықтарының «жолсерігі» болып табылатын және ұстаздар қауымына жеткізе алатын, жоғары кәсіби әдіскерлерге қажеттілігін анықтады. Алайда, мұндай орталықтар оларды енгізудің міндетті сипатын қамтамасыз ете отырып, нұсқаулықтарды, бұйрықтарды, өкімдерді, директиваларды, әдістемелерді «таратушы» ретінде әрекет етеді. Әдіскерлер қызметіндегі бақылау функциясының үстемдігі олардың жұмысын инспекциялық қызметке жақындатты. Демек, бұл қызмет педагогтерде бір жағынан әдіскерлер қоғамдастығына деген сенімсіздік тудырса, екінші жағынан, әдіскерлердің еңбекақысының төмендігі және осы қызметке тәжірибесі аз педагогтардың немесе жоғары оқу орындарының түлектерінің шақырылуы әдістемелік қызметке деген құрметті төмендетті.

Ұсынылып отырған жұмыс мынадай міндеттерді шешуге бағытталған:

- ✓ әдістемелік орталықтар/кабинеттер қызметіне мониторинг жүргізу;
- ✓ әдістемелік орталықтар/кабинеттердің даму үрдісін анықтау;
- ✓ өірлік қызметтердің озық әдістемелік тәжірибесін зерделеу;
- ✓ жаңартылған білім беру жағдайында әдістемелік қызметтің заманауи

моделін әзірлеу;

✓ осы орталықтарды тиімді ұйымдастыру үшін әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу.

Ұсынылып отырған жоба бірнеше кезеңде өткізілді:

Бірінші кезең өңірлік әдістемелік орталықтардың/кабинеттердің деректерін жинақтаумен, бастапқы жиынтықпен, ұсынылған жоспарлар мен есептердің негізінде олардың қызметінің талдануымен сипатталады.

Екінші кезеңде табысты тәжірибе талданып,оны зерттеу критерийлері мен нысандары анықталды, сондай-ақ облыстық және аудандық деңгейлерде өңірлер бойынша жиынтық деректерді графикалық ресімдеу жасалынды.

Үшінші кезең – зерттелген материалдар негізінде әдістемелік орталықтардың/кабинеттердің даму тенденциялары анықталды, әдістемелік қызметтің даму моделі әзірленді және әдістемелік ұсынымдар ұсынылды.

Әдістемелік қызмет үшін,озық кәсіби қызмет, педагогикалық кадрлардың кәсіби дамудағы әлеуетті қажеттіліктерін анықтау және қанағаттандыру үшін болжау мен жағдай жасау басым болып табылады. Әдістемелік қызмет әдістемелік қызметті таңдау құқығын қамтамасыз етуге, педагогтың жеке білім беру бағытын іске асыруға мүмкіндік беруге ұмтылуға және жаңартуға бағытталған.

1. ОБЛЫСТЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҚТАРДЫҢ/КАБИНЕТТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІН ТАЛДАУ

1.1 Әдістемелік орталықтың/кабинеттердің штаттық кестесін және жарғысын талдау

Кез келген ұйым өз жұмысында жалпы мемлекеттік маңызы бар заңнамалық, құқықтық және нормативтік-әдістемелік құжаттарға ғана емес, сонымен қатар ұйымның өзі әзірлейтін ұйымдық-құқықтық құжаттарға да сүйеніп отырады. Мұндай құжаттарға: жарғы, ереже, штат кестесі, нұсқаулықтар, ішкі еңбек тәртібінің ережелері, қызметтік нұсқаулар жатады.

Жарғы – заңдақт, ұйымдардың, қоғамдар мен азаматтардың қызметін, олардың басқа ұйымдармен және азаматтармен өзара қарым-қатынасын, Мемлекеттік басқарудың белгілі бір саласындағы, шаруашылық немесе өзге де қызметтің құқықтары мен міндеттерін реттейтін ережелер жиынтығы болып табылады.

Ережелер – жиынтық кодификациялық сипаты бар және ұйым жүйесінің құрылу тәртібін, құрылымын, функцияларын, жинақталуын, міндеттері мен жұмысын ұйымдастыруды айқындайтын нормативтік актілер.

Штаттық кесте – ұйымқызметкерлерінің сандық және сапалық құрамын, сондай-ақ атқаратын лауазымдарына сәйкес олардың ең төменгі белгіленген айлық еңбекақы(жалақы)мөлшерін белгілейтін ұйымдық-құқықтық құжат.

Нұсқаулықтар – ұйымқызметінің ұйымдастырушылық, қаржылық, технологиялық және өзге де тараптарын реттейтін ережелерді белгілеу мақсатында шығарылатын немесе бекітілетін құқықтық актілер.

Ішкі еңбек тәртібінің ережелері – ұйымның күнделікті қызметінің мәселелерін егжей-тегжейлі регламенттейтін құжат.

Лауазымдық нұсқаулықтар – кәсіпорын қызметкері (қызметкерлер санаты) үшін атқаратын лауазымына сәйкес нақты еңбек міндеттерін белгілейтін құжат.

Көптеген жағдайларда жарғы заңды тұлғаның негізгі құрылтай құжаты болып табылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 41-бабына сәйкес «заңды тұлға өз қызметін жарғының және құрылтай құжатының немесе тек жарғының негізінде жүзеге асырады».

Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлға осы түрдегі ұйымдар туралы жалпы ереже негізінде әрекет ете алады.

Жарғылар бекітілгеннен кейін белгіленген тәртіппен міндетті мемлекеттік тіркеуге жатады. Тек тіркеуден кейін ғана ұйым өз қызметін бастай алады.

Заңды тұлғаның жарғысын жасау, ресімдеу және ұстау тәртібіне қойылатын жалпы талаптар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде берілген.

Заңды тұлғаның жарғысында: оның атауы, орналасқан жері, оның органдарын қалыптастыру тәртібі мен құзыреті, қайта ұйымдастыру және тарату шарттары айқындалады.

Сондай-ақ мүлікті құру және кірістерді бөлу тәртібі айқындалады.

Жарғыда Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да ережелер болуы мүмкін.

Қолданыстағы заңнамада қарастырылатын ұйымдық-құқықтық нысандағы жарғылар үшін біріздендірілген нысандар бекітілмегенін есте сақтаған жөн, сондықтан оларды жасау кезінде заң практикасының жалпы ережелері қолданылады.

Жарғыны келесі ережелерді ескере отырып ресімдеу ұсынылады:

- жарғы А4 форматты қағаздың стандартты парақтарында ресімделеді;
- жарғының мәтіні атауы бар және араб цифрларымен нөмірленетін бөлімдерден тұрады;
- жарғының титулдық парағында:
 - құжат түрі(ЖАРҒЫ);
 - заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны;
 - оның жеке атауы;
 - жасалған орны;
 - құрылтайшы жарғыны бекіту белгісі, ол мөрмен расталады;
 - жарғының түпнұсқасында тіркеу органы жоғарыда сол жақта жарғыны тіркеу туралы белгі қояды;
 - жарғыны тіркеу туралы белгі тіркеу органының мөрімен расталады;
 - беттер титулдық парақтан кейін нөмірленеді;
 - тіркеуге берілетін жарғылар тігілуі тиіс.
- соңғы беттің артқы жағында мынадай мәліметтерді көрсете отырып, пломбалау парағын бекіту қажет: беттердің саны, өтініш берушінің аты-жөні, қолы, мөрі.

Жарғы мәтінінің үлгі құрылымы:

1. Жалпы ережелер
2. Ұйымның заңды мәртебесі
3. Ұйым қызметінің мәні, мақсаты мен міндеттері
4. Ұйымды басқару
5. Мүлікті құру тәртібі
6. Ұйымның қызметін қаржыландыру
7. Ұйымның жарғылық капиталы
8. Ұйымның есебі және есептілігі
9. Ұйымның жауапкершілігі
10. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас
11. Қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу ұйымдастыру
12. Халықаралық ынтымақтастық
13. Ұйымды қайта ұйымдастыру және тарату
14. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі
15. Ұйымның филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

1. Жалпы ережелер

1. «облыс атауы» облысының білім басқармасының коммуналдық мемлекеттік мекемесі (атауы) білім беру саласындағы әдістемелік функцияларды жүзеге асыру үшін құрылған заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі коммуналдық.

3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме (облыс атауы) облысы әкімдігінің № қаулысымен құрылды (күні, айы, жылы)

4. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы (облыс атауы) облысының әкімдігі болып табылады.

5. Мемлекеттік басқарудың тиісті саласын (аясын) басқару жөніндегі уәкілетті орган «(облыс атауы) облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-уәкілетті орган) болып табылады.

6. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің атауы:

мемлекеттік тілде:

орыс тілінде:

7. Заңды мекен-жайы:

2. Ұйымның заңды мәртебесі

8. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мемлекеттік тіркелген сәттен бастап құрылды деп есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

9. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес балансы, банктерде шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және мемлекеттік және орыс тілдерінде атауы бар белгіленген үлгідегі мөртаңбалары бар.

10. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

11. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өз міндеттемелері бойынша, оның иелігіндегі ақшамен жауап береді. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша тиісті бюджет қаражатымен әкімшілік-аумақтық бірлік субсидиарлық жауаптылықта болады.

12. Коммуналдық мемлекеттік мекеме жасайтын азаматтық-құқықтық мәмілелер олар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшесінде міндетті тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

13. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің, Премьер-Министрінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

3. Ұйым қызметінің мәні мен мақсаты

14. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің негізгі мәні: облыстың білім беру жүйесіндегі ғылыми-әдістемелік кеңістік.

15. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты: облыстың білім беру жүйесінде бірыңғай ғылыми-әдістемелік кеңістік құру.

16. Қойылған мақсаты іске асыру үшін коммуналдық мемлекеттік мекеме келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- нормативтік-құқықтық құжаттарды, білім басқармасы органдарының ұсынымдарын зерделеуді, талдауды және іске асыруды ұйымдастыру және оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

- қалалық(аудандық)әдістемелік кабинеттерді, облыстық білім беру ұйымдарын әдістемелік ұсынымдармен, оқу-бағдарламалық құжаттамалармен қамтамасыз ету және оларға әдістемелік жұмыстың мазмұнын жетілдіруге көмек көрсету;

- мектепке дейінгі, жалпы орта, арнайы түзету, мамандандырылған, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы оқу-әдістемелік, тәрбие жұмысының жағдайын зерттеу және талдау;

- облыстың білім беруді дамытуға бағытталған әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың әртүрлі нысандарын дайындау және өткізу;

- өңірді дамыту жүйесі міндеттерін шешуге бағытталған кәсіби қоғамдастықтың күш-жігерін біріктіру және үйлестіру, өзара іс-қимылды ұйымдастыру;

- түрлі деңгейдегі әдістемелік құрылымдардың желілік өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру және білім беруді жаңғырту міндеттерін шешу;

- облыстық білім беру жүйесінде эксперименталды, инновациялық және басқару қызметінің тәжірибесін тарату және қорыту бойынша түрлі деңгейдегі әдістемелік қызметтердің жұмысын үйлестіру;

- электрондық білім беру ресурстарын қолдану және тарату үшін жағдай жасау;

- интернет желісінің әр түрлі сервистерін пайдалана отырып, оқытудың қашықтықтан-кредиттік технологиясын дамыту;

- облыстың білім беру ұйымдарының жағдайына, нәтижелеріне және даму перспективаларына мониторинг жүргізу;

- облыстың білім беру ұйымдарының педагогикалық және басшы қызметкерлерінің ақпараттық қажеттіліктерін зерттеу;

- педагогикалық және ата-аналар жұртшылығын жалпы білім беруді дамытудағы жаңа бағыттар туралы, білім беру бағдарламаларының мазмұны, жаңа оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, бейнематериалдар, ұсыныстар, нормативтік және жергілікті актілер туралы хабардар ету;

- жаңа оқу бағдарламаларын зерделеуді және оларды оқу үдерісіне енгізуді ұйымдастыру, еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім берудің стандарттары мен оқу бағдарламаларына

өзгерістер енгізу үшін ұсыныстар енгізу;

- оқу сабақтарын дайындау және өткізу, оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік материалдарды және сабақтан тыс сабақтарды әзірлеу кезінде жас педагогикалық қызметкерлерге және өндірістік оқыту шеберлеріне педагогикалық тәлімгерлікті ұйымдастыру;

- шығарылатын оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді сынақтан өткізу бойынша эксперименттік алаңдарды ұйымдастыру, оларды пайдалану тиімділігіне сараптама жүргізу;

- шығарылатын оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді сынақтан өткізу бойынша эксперименттік алаңдарды ұйымдастыру, оларды пайдалану тиімділігіне сараптама жүргізу;

- озық педагогикалық тәжірибені және оқытудың жаңа инновациялық технологияларын зерделеу, іріктеу және практикаға енгізу;

- кәсіби шеберлік конкурстарын, практикалық, ғылыми-әдістемелік семинарларды, конференцияларды және ғылыми-әдістемелік кеңестерді ұйымдастыру және өткізу;

- педагогикалық, ғылыми, әдістемелік әдебиеттерді, әдістемелік әзірлемелер мен құралдарды, оқытудың техникалық құралдарын және электронды-есептеу техникасын шолуды ұйымдастыру;

- уәкілетті органмен келісім бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жоспарын жасау;

- басқарма алқасының қарауына өз құзыретіне кіретін мәселелерді енгізу;

- оқыту және тәрбиелеу нысандары мен әдістерін жетілдіру бойынша республикалық ғылыми мекемелермен, ұйымдармен байланысты жүзеге асыру;

17. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметпен айналысуға құқығы жоқ.

18. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңдары шектеуің немесе құрылтай құжаттарын не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, қызметтің мақсаттарына қарама-қайшылықта мәміле жасаса, уәкілетті органның немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

19. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының коммуналдық мемлекеттік мекемені жарғылыққа сәйкес емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-әрекеті, еңбек міндеттерін бұзу болып табылады жәнәтәртіптік, материалдық жауапкершілікке тартылады.

4. Ұйымды басқару

20. Құрылтайшы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) коммуналдық мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;

2) коммуналдық мемлекеттік мекеменің жарғысын, енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

3) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға коммуналдық мемлекеттік

мекемеге берілген немесе ол өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісім береді;

4) коммуналдық мемлекеттік мекемелердің филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

5) коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

21. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) коммуналдық мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;

2) коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

3) коммуналдық мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, қалыптасу тәртібін және өкілеттік мерзімін, коммуналдық мемлекеттік мекеменің шешім қабылдау тәртібін белгілейді;

4) коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штат санын бекітеді;

5) коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, оны атқаратын қызметінен босату негіздерін айқындайды;

6) коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының ұсынысы бойынша оның орынбасарын(орынбасарларын) қызметке тағайындайды және босатады;

7) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

22. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті орган қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

23. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда) уәкілетті органға тікелей бағынады және коммуналдық мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

24. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен анықталған өз құзыретіне сәйкес коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін дербес шешеді.

25. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы:

1) коммуналдық мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;

3) шарттар жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) коммуналдық мемлекеттік мекеменің іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері бойынша тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

6) банк шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) уәкілетті орган тағайындайтын қызметкерлерден басқа, коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;

10) өз орынбасарының(орынбасарларының) және коммуналдық мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік шеңберін белгілейді;

11) өзіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және уәкілетті органмен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Мүлікті құру тәртібі

26. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлік құнын оның балансында көрсетілген заңды тұлғаның активтері құрайды. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкі:

1) оған құрылтайшы берген мүлік;

2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптасады.

27. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өзіне бекітілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей түрде билік етуге құқығы жоқ.

28. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен коммуналдық мемлекеттік мекемеге кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған ақша, тауарларды сатудан түскен ақшаны қоспағанда, тиісті бюджетке есептелуге жатады.

6. Ұйымның қызметін қаржыландыру

29. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметі даму жоспарына сәйкес бюджеттен уәкілетті органмен қаржыландырылады.

7. Жарғылық капитал

30. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің Жарғылық капиталы: бухгалтерлік баланс, пайда мен зияндар туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, түсіндірме жазбаны қамтиды.

8. Ұйымның есебі және есептілігі

31. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және ұлттық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес «(облыс атауы) облысының білім беру басқармасы» ММ келісімі бойынша кәсіпорын басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Ұйымның жауапкершілігі

32. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өз міндеттемелері бойынша, оның иелігіндегі ақшамен жауап береді. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша тиісті бюджет қаражатымен әкімшілік-аумақтық бірлік субсидиарлық жауаптылықта болады.

10. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас

33. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес және ұжымдық шартпен айқындалады.

34. Жұмыс режимі ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

11. Қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу ұйымдастыру

35. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің еңбекақы төлеу қорының мөлшері жыл сайын «(облыс атауы) облысының білім басқармасы» ММ белгіленеді.

36. Еңбекақы төлеу нысанын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін коммуналдық мемлекеттік мекеме белгіленген еңбекақы қоры шегінде дербес айқындайды.

37. Басшының, оның орынбасарларының лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін «(облыс атауы) облысының білім басқармасы» ММ белгілейді.

12. Халықаралық ынтымақтастық

38. Коммуналдық мемлекеттік мекеме заңнамада белгіленген тәртіппен халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады.

13. Ұйымды қайта ұйымдастыру және тарату

39. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

14. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

40. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

41. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

15. Ұйымның филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

42. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері болуға құқылы.

Осылайша Жарғының ұсынылған көрсеткіштері өңірлерде оған ұқсас құжаттарды құруға ықпалын тигізіп, әдістемелік орталықтар/кабинеттер қызметінің дамуына нақтылық пен айқындық береді.

Зерттеу барысында облыстық әдістемелік орталықтардың/кабинеттердің Жарғылары зерделенді. Республика бойынша 17 облыстық әдістемелік қызмет жұмыс жасайды. Жарғыға сәйкес олардың барлығы білім беру саласында әдістемелік қызметтерді жүзеге асыратын, мемлекеттік коммуналдық мекеме болып табылады. Барлық облыстық әдістемелік орталықтардың/кабинеттердің құрылтайшылары тиісті облыстың әкімдіктері, уәкілетті органы – облыстық білім басқармасы болып табылады.

Облыстық әдістемелік орталықтар/кабинеттер жарғылары бекітілген және белгіленген тәртіппен міндетті мемлекеттік тіркеуден өткен. Облыстық әдістемелік орталықтар/кабинеттер жарғысында оның атауы, орналасқан жері, оның органдарын қалыптастыру тәртібі мен құзыреті, мүлікті құру тәртібі мен кірістерді бөлу, қайта ұйымдастыру мен тарату шарттары белгіленген.

Жарғылар келесі ережелерді ескере отырып ресімделген:

- жарғылар А4 форматтағы қағаздың стандартты парақтарында ресімделген;
- жарғының мәтіні бөлімдерден тұрады, бөлімдердің атауы бар және араб цифрларымен нөмірленген;

жарғының титулдық парағында:

- құжат түрі;
- заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны;
- жеке атауы;
- жасалған орны;
- құрылтайшы жарғыны бекіту белгісі, мөрмен расталған;
- жарғыны тіркеу туралы тіркеу органының мөрімен расталған белгі;
- беттер нөмірленген, тігілген;
- соңғы бетте беттердің саны, өтініш берушінің аты-жөні жазылған қолы, мөрі көрсетілген.

Жоғарыда баяндалғанды түйіндей келе, барлық ұсынылған құжаттар ҚР Азаматтық кодексіне сәйкес заңды тұлғаның жарғысын жасау, ресімдеу және мазмұны тәртібіне қойылатын жалпы талаптарға сәйкес келетінін атап өту қажет.

1.2 Облыстық оқу-әдістемелік орталықтардың/кабинеттердің кадрлар құрамын талдау

«Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016

жылғы 18 қаңтардағы № 40 бұйрығында әдістемелік кабинет және оқу-әдістемелік жұмыс туралы түсінік берілген. Осы нормативтік құжатқа сәйкес әдістемелік кабинет білім беру ұйымының, облыстық (қалалық) білім департаментінің ғылыми және оқу-әдістемелік жұмысқа басшылық жасау жөніндегі құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыс бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің оқу процесін, білім беру бағдарламаларын іске асыратын, үйлестіретін барлық құрылымдық бөлімшелерде (әдістемелік бірлестіктерде, әдістемелік пәндік және циклдік комиссияларда, кафедраларда, бөлімдерде, факультеттерде, институттарда), әдістемелік жұмыс қызметтің негізгі түрі болып табылатын ұйымдарда (республикалық, облыстық, аудандық, қалалық әдістемелік кабинеттерде), оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі құрылымдық бөлімшелерде (оқу-әдістемелік бөлімдерде, басқармаларда, орталықтарда, кабинеттерде) жүзеге асырылады. Бұл анықтамалар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің жоғарыда көрсетілген бұйрығының 3-тарау 10-тармағында баяндалған.

«Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың Үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен оқу-әдістемелік орталық/кабинет директорының (меңгерушісінің) лауазымдық міндеттері бекітілген, оларға сәйкес директор:

- Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес орталық (кабинет) қызметінің барлық бағыттарына жалпы басшылықты жүзеге асырады;

- орталықты (кабинетті) басқару құрылымын, штат кестесін анықтайды және бекітеді;

- даму стратегиясын, мақсаттары мен міндеттерін анықтайды, орталықтың (кабинеттің) даму бағдарламаларын, ішкі тәртіп ережелерін әзірледі, бекітуді және орындауды ұйымдастырады;

- бюджет қаражатын тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді. Заңнамада белгіленген шекте орталықтың (кабинеттің) мүлкі мен қаражатына иелік етеді. Оқу-материалдық базаны есепке алуды, сақтауды және толықтыруды қамтамасыз етеді;

- республикада және шетелде қоғамдық ұйымдармен (қауымдастықтармен, кеңестермен және т. б.) өзара іс-қимылды ұйымдастырады;

- ғылыми-педагогикалық және тәрбие процесінің қажетті деңгейін қамтамасыз ететін кадрларды іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады;

- қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін анықтайды, олардың кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасайды;

- қызметкерлердің шығармашылық бастамасын ынталандырады;

- орталықтың (кабинеттің) ғылыми-әдістемелік кеңесінің жұмысын басқарады;


- қажетті есептілікті дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді.

Біліктілік сипаттамаларынан басқа облыстық әдістемелік қызметтердің басшыларына осы нормативтік құжатта көрсетілген біліктілікке белгілі бір талаптар қойылады: жоғары педагогикалық білімі, ғылыми немесе академиялық дәрежесі, педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 7 жыл.

Облыстық оқу-әдістемелік орталықтардың/кабинеттердің штаттық кестесіне сәйкес еліміздің өңірлері бойынша 17 кабинет жұмыс істейді.


Әдістемелік орталықтардың/кабинеттердің статистикалық мәліметтері бойынша 2019 жылғы 1 ақпанда 17 облыстық орталықта/кабинеттерде 16 басшы жұмыс істейді, Павлодар облысында директордың штаттық бірлігі бос жұмыс орынында тұр.

Ғылыми дәреженің болуына қойылатын біліктілік талаптары 2 облыста (Атырау және Түркістан) орындалды. Бұл көрсеткіш 12,6% құрайды (1.2.1-сурет).



1.2.1-сурет

Магистр академиялық дәрежесінің болуы қосымша талап болып табылады. Әдістемелік қызметтердің 16 басшысының ішінде магистр академиялық дәрежесі Ақмола, Алматы, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау облыстардың 5 директорында бар. Бұл көрсеткіш 31% құрайды (1.2.2-сурет).



1.2.2-сурет

Жалпы республиканың облыстық әдістемелік кабинеттері басшыларының арасында тек 7 адамның ғылыми немесе академиялық дәрежесі бар, бұл көрсеткіш пайыздық қатынаста 43,6% құрайды. Осылайша, оқу-әдістемелік орталықтар/кабинеттердің директорларына қойылатын осы біліктілік талаптары бірқатар облыстарда: Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Астана, Алматы, Шымкент қалаларында сақталмайтынын атап өту қажет.

Өңірлердің әдістемелік қызметі басшыларының пәндер бойынша категориялығын талдау келесі көріністі көрсетті. 16 директордың 10 - ы жоғары және бірінші санатты (63%), 6 адам (37%) – санатсыз (1.2.3-сурет).



1.2.3-сурет


Әдіскерлік бойынша санаттың бар-жоғына статистиканы талдау мынадай көрсеткіштерді көрсетеді: 16 жетекшінің 3-еуі жоғары немесе бірінші санатты әдіскер, ол 19% құрайды (1.2.4-сурет).



1.2.4-сурет

Біліктілік талаптарында пән бойынша санаты мен әдіскер санаты бойынша біліктілік талаптары көрсетілмейді, бірақ басшының кәсіби құзыреттілігін арттыру мәселесі басшылардың өздерінде бірінші кезекте болуы тиіс, себебі әдістемелік қызмет педагогтерді әдістемелік сүйемелдеумен тікелей айналысады.


Оқу-әдістемелік орталықтар/кабинеттер басшыларына қойылатын біліктілік талаптарының бірі педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 7 жыл болып табылады.



1.2.5-сурет

Бұл критерий облыстық әдістемелік құрылым басшыларының нормативтік құжатына толық сәйкес келеді. 16 басшының ішінде 8-ден 15 жасқа дейінгі өтілі бар 3 , бұл 19% және 15 жылдан астам 13 басшы құрайды, бұл 81% көрсетеді (1.2.5-сурет).

Лауазымдағы жұмыс өтілі бойынша деректерді талдау басшылардың осы лауазымдағы жұмыс тәжірибесін ашады, кәсіби өсу перспективаларын көрсетеді. Диаграммдан басшылардың көпшілігінің 5 жылға (63%) дейін жұмыс өтілі бар екенің байқалады. Облыстық әдістемелік кабинеттерді бүгінгі күні тәжірибелі басшылар басқарады, өйткені статистика көрсеткендей, 6 басшының жұмыс өтілі 5 жылдан 15 жылға дейін және оданда жоғары, бұл көрсеткіш 37% құрайды (1.2.6-сурет).



1.2.6-сурет

2019 жылдың 1 ақпанына облыстық оқу-әдістемелік орталықтардың/кабинеттердің штаттық кестесіне сәйкес облыстық әдістемелік қызметте 30 басшының орынбасары жұмыс істейді.

Әрорталықта/кабинетте бірден төртке дейін орынбасар қызмет атқарады. Орынбасарлардың ең көп саны екі өңірде: Қарағанды облысы мен Астана қаласында көрсетілген.

«Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының Үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына сәйкес басшы орынбасарының лауазымы өзінің біліктілік сипаттамаларына ие :

- орталықтың (кабинеттің) жарғысына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес құрылымдық бөлімшелердің қызметін басқарады;

- орталықта оқу, ғылыми, әдістемелік қызметті жоспарлайды, ұйымдастырады және бақылайды;


- өткізілетін іс-шаралардың оқулық, бағдарламалық-әдістемелік және ғылыми сүйемелдеу дайындығын басқарады және бақылауды жүзеге асырады;

- баспа қызметін басқарады;
- құрылымдық бөлімшелер үшін кадрлар іріктеуді жүзеге асырады және оларды орталық басшысына ұсынады;
- құрылымдық бөлімшелер қызметкерлеріне кеңес беруді, орталық зертханаларының қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;
- әдіскерлерді аттестаттауға дайындауды ұйымдастырады;
- орталықты (кабинетті) әдістемелік қамтамасыз етудің тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлейді, ақпараттық материалдарды жүйелендіреді және құрастырады, білім беру бағдарламаларын әзірлеуді, рецензиялауды және бекітуге дайындауды ұйымдастырады, аудандық, қалалық әдістемелік кабинеттер, тәжірибелік-эксперименттік алаңдар қызметінің нәтижелерін талдайды және қорытады;
- қажетті есептілікті дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, біліктілік сипаттамаларына қойылатын басшысының орынбасарына мынадай біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім, педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл болуы тиіс.

Осы талаптарға сәйкес облыстық әдістемелік кабинеттер басшы орынбасарларының құрамына талдау жасалды.

1.2.7-суретте 30 басшының орынбасарынан тек 1 қызметкерде ғана (Ақмола облысы) педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі бар екендігі көрсетілген.



1.2.7-сурет

Басшы орынбасарларының құрамын талдаудың келесі критерийі академиялық дәреженің болуы көрсетілген. Магистракадemiaлық дәрежесіне Ақтөбе, Алматы, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Шығыс Қазақстан және СолтүстікҚазақстан облыстарының орынбасарлары ие. Бұл көрсеткіш 17% (бадам) құрайды (1.2.8-сурет).




1.2.8-сурет

Бұл критерий орынбасарларға қойылатын біліктілік талаптарына кірмейді, бірақ оның кәсіби өсуі әрқашан басшы кадрлар үшін негізгі өлшем болып табылады.

Пән бойынша санат критерийі біліктілікке қойылатын талап болып табылмайды, бірақ әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары педагогтарды әдістемелік қолдау және сүйемелдеу болып табылады. Сондықтан тек әдіскерлер ғана емес, сонымен қатар әдістемелік қызметтің басшылық құрамы жұмысты үнемі жетілдіріп, әдіскер, басшы және орынбасар ретінде кәсіби құзыреттілігін арттыруы тиіс.


1.2.9-суретте облыс орталықтарында/кабинеттерде жоғары және бірінші санатты 22 басшы орынбасарлары жұмыс істейтіндігі, бірақ 8 адамның санаты жоқ екендігі көрсетілген.



1.2.9-сурет

Бұл фактіге облыстық әдістемелік қызмет басшылары назар аударуы қажет.

Әдіскер санаты педагогтарды әдістемелік сүйемелдеу бойынша сапалы жұмысты ұйымдастыру үшін қажетті шарт болып табылады. Басшылар орынбасарларында әдіскер санатының болуын талдау үшін статистикалық мәліметтер жиналып, келесі көріністі анықтады: 30 орынбасардың 9-да ғана (30%) әдіскер санаты бар, ал 21 адам (70%) әдіскер санатынсыз. Осы көрсеткіштерді облыстық әдістемелік құрылымдардың басшылары бақылауға алуы қажет (1.2.10-сурет).



1.2.10-сурет


Оқу-әдістемелік орталық/кабинет басшы орынбасарларының біліктілігіне қойылатын негізгі талаптардың бірі- педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл болуы тиіс. Осы критерияны талдау кезінде келесі нәтижелер анықталды (1.2.11-сурет):



1.2.11-сурет

басшылар орынбасарларының басым көпшілігі, яғни 22 адамның 15 жылдан астам педагогикалық өтілі бар, бұл 73% құрайды. Педагогикалық өтілі 5 жылдан 15 жылға дейін 7 орынбасар бар, бұл көрсеткіш 23% құрайды, өкінішке орай 1 басшының орынбасарында (Павлодар облысы) педагогикалық өтілі 5 жылдан кем, біліктілік талаптарына сәйкес келмейді.

Келесі диаграмма оқу-әдістемелік орталықтардың/кабинеттердің директорлар орынбасарларының лауазымындағы өтілі бойынша көрсеткіштерді бейнелейді. Айта кету керек, көптеген орынбасарлар 18 адам (60%) осы лауазымда салыстырмалы түрде аз жұмыс істейді, олардың тәжірибесі 5 жылға дейін (1.2.12-сурет).



1.2.12-сурет

Орынбасарлардың 40%-ы яғни 12 адам 5 жылдан 15 жылға дейін және одан жоғары лауазымдық өтілі бар. Бұл үрдіс кадрлардың тұрақтылығын көрсетеді.


Облыстық оқу-әдістемелік орталықтар/кабинеттер бөлімі басшылары құрамының егжей-тегжейлі талдауы келесі критерийлер бойынша ағымдағы жағдайды анықтады:

- ғылыми және академиялық дәрежесінің болуы;
- білімі;
- пән бойынша санаты;
- әдіскер санаты;
- педагогикалық өтілі;
- лауазымдағы өтілі.

Жалпы талдау нәтижесі оқу-әдістемелік орталықтардың/кабинеттердің басшылары мен басшы орынбасарларына қойылатын біліктілік талаптары кейбір өңірлерде орындалмағанын көрсетті. Жоғарыда көрсетілген біліктілік талаптары сақталмаған Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары және Астана, Алматы, Шымкент қалаларына осы мәселеге назар аудару қажет.

Еліміздің облыстық оқу-әдістемелік орталықтарында/кабинеттерінде штаттық кестеге сәйкес 2019 жылдың 1 ақпанына 76 бөлім басшылары жұмыс істейді. Айта кететін жайт, Павлодар, Түркістан облыстарының және Шымкент қ. оқу-әдістемелік кабинеттерінде бөлім басшысы штаттық бірлігі көрсетілмеген.

Барлық бөлім басшыларының білімі жоғары, оның ішінде 1 (1,31%) жетекшінің ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі, 12 (15,8%) адамның магистр академиялық дәрежесі бар (1.2.13-сурет).




1.2.13-сурет

Облыстық әдістемелік қызметінің бөлім басшыларының кадрлық құрамын талдаудың келесі критерийі- бөлім басшыларының категориялары болды, пән бойынша санаты және әдіскерлік санаты анықталды.

Пән бойынша жоғары/бірінші санатты 58 бөлім басшылары бар, бұл 76% құрайды, бірақ сонымен қатар бөлім басшысы қызметінде санаты жоқ 12 адам жұмыс істейді, бұл пайыздық арақатынас 16%-ды көрсетеді. Бұл көрсеткіш бөлім басшыларының одан әрі кәсіби өсуі үшін баспалдақ болуы тиіс.

76 қызметкер арасында жоғары/бірінші санатты әдіскер 17 адам (22%), екінші санатты – 1 басшы (1,3%) және 58 (76,7%) қызметкерде әдіскер санаты жоқ (1.2.14-сурет).




1.2.14-сурет

Сәйкесінше, облыстық оқу-әдістемелік орталықтардағы/кабинеттердегі пән бойынша санаты жоқ бөлім басшыларына кәсіби құзыреттілігін арттыру қажет, себебі әдіскер қызметі, әсіресе бөлім басшысының қызметі педагогтардың әдістемелік сүйемелдеуімен, олардың кәсіби өсуін арттырумен байланысты. Қазіргі уақытта әдіскер санаты бойынша статистика төмен деңгейде, бөлім басшылары тек пән бойынша санатты ғана емес, сонымен қатар әдіскер ретінде санатты да арттыруы қажет.


Оқу-әдістемелік орталықтар/кабинеттер бөлімі басшыларының сапалық құрамын егжей-тегжейлі талдау кезінде қаралған келесі критерийлер педагогикалық өтілі мен лауазымдағы өтілі болды. Бөлім басшысы қызметін 15 жылдан астам педагогикалық өтілі бар 53 адам атқарады, бұл тиісінше 70% құрайды, өтілі 8 – ден 15 жылға дейін-18 адам (24%), 5-тен 8 жылға дейін - 5 бөлім басшылары, бұл 6,6% көрсетеді (1.2.15-сурет).

Педагогикалық еңбек өтілінің критеріі бойынша талдау нәтижесі, оқу-әдістемелік орталықтарда/кабинеттерде бөлім басшыларының педагогикалық өтілінің молдығын көрсетті, бұл бөлім басшыларына білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды егжей-тегжейлі түсінуге мүмкіндік береді, бірақ сонымен бірге білім берудің жаңартылған мазмұны педагогикалық қызметті ұйымдастыруға мүлдем жаңа, инновациялық көзқарасты талап ететінін ұмытпаған жөн.



1.2.15-сурет

Лауазымдық еңбек өтілі бойынша, 41 бөлім басшысының 5 жылға дейін еңбек өтілі бар. Пайыздық қатынаста бұл көрсеткіш 54% құрайды. 22 (29%) басшыда еңбек өтілі 8 жылға дейін, 8 (10,5%) басшыда 15 жылға дейін. Тек 5 бөлім басшысында (6,5%) 15 жылдан астам лауазымдық өтілі бар (1.2.16-сурет).



1.2.16-сурет

Бұл деректер бөлім басшыларының көпшілігінің қызметте өтілі аз (5 жылға дейін), сондықтан бөлім басшыларының кәсіби құзыреттілігін арттыру мәселесі бірінші орында тұруы тиіс екендігін көрсетеді.

«Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 18 қаңтардағы № 40 бұйрығында «әдіскер-оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік жұмысты орындайтын білім беру ұйымының (жоғары оқу орындарынан басқа) педагог қызметкері» ұғымы берілген.

«Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына сәйкес оқу-әдістемелік орталықтар/кабинеттер әдіскерлерінің лауазымдық міндеттері көрсетілген, оған сәйкес әдіскер:

- аудан (қала) педагогтерімен бірлесіп әдістемелік жұмысты ұйымдастырады, курсаралық кезеңдегі әдістемелік жұмыстың тиімділігін зерделейді;

- білім беру ұйымдарын жетекшілік ететін мәселелері бойынша әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

- мамандықтар бойынша педагогтердің біліктілігін арттыруды болжайды және жоспарлайды;

- семинарлар, алдыңғы қатарлы тәжірибе мектебінің отырыстары, педагог қызметкерлердің конкурстары, олимпиадаларының оқыту-әдістемелік құжаттамасын (дидактикалық материалдар, жабдықтардың типтік тізбесі) әзірлеу, рецензиялау және бекітуге дайындауды ұйымдастырады;

- педагогтердің және білім беру ұйымдарының инновациялық және тәжірибелік-эксперименттік жұмысының қорытындысын зерделейді және топтастырады;

- білім беру ұйымдарының басшылары мен педагог қызметкерлеріне оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға консультативтік және практикалық көмек көрсетеді;

- педагогтерге көмек ретінде библиографиялық анықтамалар, әзірлемелер, тестік және басқа да материалдар жасайды, оларды білім беру ұйымдарының оқу-әдістемелік кабинеттеріне, аудан (қала) педагогтерінің назарына жеткізеді;

- алдыңғы қатарлы оқыту және тәрбие технологиялары бойынша ақпараттарды топтастырады және таратады;

- педагогтердің, білім беру ұйымдары басшыларының мейлінше нәтижелі тәжірибелерін зерделейді, жүйелендіреді, топтастырады, мониторинг жүргізеді және таратады;

- педагог қызметкерлердің әдістемелік бірлестік жұмысын ұйымдастырады және үйлестіреді;


- оқушылар конкурсын, көрмелерін, олимпиадаларын, слеттерін, жарыстарын өткізу бойынша тиісті құжаттамаларды ұйымдастырады және әзірлейді;

- қажетті есептіліктерді дайындап, ұсынуды қамтамасыз етеді.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім, педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл, тиісті бейіні бойынша бірінші немесе жоғары біліктілік санатының болуы тиіс.

Облыстық әдістемелік қызмет әдіскерлерінің сапалық құрамы бөлім басшыларына қойылған критерийлер бойынша қаралды. Еліміздің облыстық оқу-әдістемелік орталықтарында/кабинеттерінде 384 әдіскер жұмыс істейді, оның ішінде 282 жоғары білімді, бұл 95% құрайды. Өкінішке орай, 2 әдіскер (5%) арнайы орта білімді, бұл фактіге ерекше назар аудару қажет (1.2.17-сурет). Ақтөбе және Маңғыстау облыстарының оқу-әдістемелік кабинеттерінде жоғары білімнің болуы критерийі бойынша біліктілік талаптарының орындалмайтыны байқалады. Бұл көрсеткіш бүкіл ел бойынша аз болса да, алаңдаушылық тудырады, өйткені әдіскер қызметінде ең алдымен жоғары білімі бар білікті адам жұмыс істеуі тиіс.

Кәсіби өсуді арттыру көрсеткіштерінің бірі ғылыми және академиялық дәреженің болу өлшемі болып табылады. Әдіскерлер арасында 4 ғылым кандидаты (1,04%) және 39 магистр (10,2%) бар.



1.2.17-сурет


Әдіскерлердің басым көпшілігінің пән бойынша жоғары/бірінші санаты бар, бұл көрсеткіш 255 адамды құрайды, ол пайыздық қатынаста 66% береді. Сонымен қатар, екінші санатты 30 (8%) және санаты жоқ – 99 әдіскер (26%) облыстық әдістемелік кабинеттерде жұмыс атқарады. Бұл сандар

облыстарда әдіскерлердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға тиісті деңгейде көңіл бөлінбейтінін куәландырады.

Республиканың облыстық әдістемелік кабинеттерінде тиісті бейін бойынша бірінші немесе жоғары біліктілік санатының болуы критерийі біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін 129 әдіскер жұмыс істейді. Бұл Ақмола, Ақтөбе, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Түркістан және Астана қалаларының облыстық әдістемелік кабинеттеріне жатады. Егер осы көрсеткішті әрбір облыс шеңберінде неғұрлым егжей-тегжейлі қарайтын болсақ, онда 50%-дан астам әдіскерлері біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін қызметкерлер келесі облыстарда жұмыс істейді:

- ✓ Ақмола облысы - 31 әдіскердің 24-і сәйкес келмейді, 77 құрайды %;
- ✓ Жамбыл облысы – 20 әдіскердің 11-і сәйкес келмейді (55%);
- ✓ Шығыс қазақстан облысы – 27 әдіскердің 19 (70%);
- ✓ Маңғыстау облысы 26 әдіскердің 19-ы сәйкес келмейді (73%).

Әдіскерлер негізінен пән бойынша санаттарға ие, тек 38 қызметкер әдіскер санатын алған, бұл көрсеткіш облыстық әдіскерлерінің жалпы санының 9,9%-ын құрайды (1.2.18-сурет). Өңірлердің әдістемелік кабинеттерінде жұмыс істейтін әдіскерлер үшін әдіскер санатына ие болу өте маңызды, себебі педагогтарды әдістемелік сүйемелдеу әдістемелік қызметтің бірінші кезектегі міндеті болып табылады.




1.2.18-сурет

Педагогикалық өтілі өлшемдері келесі көрсеткіштерді анықтады:

- 36 әдіскерде 5 жылға дейін педагогикалық өтілі бар (9,3%);
- 29 әдіскердің өтілі 5-8 жыл аралығында (7,7%);

- 83 әдіскерде 8-15 жас аралығында (22%);
- 236 әдіскерде 15 жылдан астам (61%).


Талдау оқу-әдістемелік орталықтарда/кабинеттерде 5 жылдан кем тәжірибесі бар әдіскерлер жұмыс істейтінін көрсетті, бұл біліктілік талаптарына сәйкес келмейді. 5 жылдан кем тәжірибесі бар әдіскерлер республика бойынша 8,5%-ды құрайды, 8 облыста педагогикалық жұмыс өтілі бойынша біліктілік талаптары орындалмайды (1.2.19-сурет).



1.2.19-сурет

Бірақ сонымен қатар, әдіскерлердің 15 жылдан астам еңбек өтілінің болуы әдіскерлердің құрамдас бөлігі ретінде әдістемелік қолдау көрсетуге мүмкіндік беретін айтарлықтай үлкен педагогикалық өтілі бар педагогтар саны басым (83%) екендігін куәландырады.

5 жылға дейінгі әдіскерлердің лауазымдық өтілі 243 қызметкерде бар, пайыздық қатынаста бұл көрсеткіш 63,4% құрайды, 15 жылдан астам 29 әдіскер ғана (7,6%). 5-15 жыл лауазымдық өтілді 112 адам (29%). Бұл көрсеткіштерден әдіскерлердің негізгі құрамының лауазымдық өтілі аз, сондықтан әдіскерлердің кәсіби өсу көрсеткіші әдіскерлердің біліктілігін арттыру кезінде бірінші орында тұруы тиіс. Диаграммада Жамбыл және Павлодар облыстарының облыстық әдістемелік кабинеттерінде қызметкерлерде әдіскер ретінде санаты жоқ екендігі көрсетілген (1.2.20-сурет).



1.2.20-сурет

Қазіргі уақытта білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында педагогтарды әдістемелік сүйемелдеу әдістемелік қызметтің ажырамас бөлігі болып табылады, сондықтан бұл мәселе облыстық әдістемелік кабинет басшыларының бақылауында тұруы тиіс.

Егер оқу-әдістемелік орталықтардағы/кабинеттердегі жас құрамы туралы айтатын болсақ, қызметкерлердің орташа жасы 40 жасты құрайды. Бұл әдіскерлер қызметінде әбден жетілген және шығармашылықпен әдістемелік қызметті жүзеге асыратын педагогтердің жұмыс істейтінін көрсетеді.

Облыстық оқу-әдістемелік кабинеттер әдіскерлерінің кадрлық құрамын талдау басшыларға өз аймақтарындағы әдіскерлердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға ерекше назар аудару қажеттігін көрсетті. Ең алдымен әдіскерлерге қойылатын біліктілік талаптарын сақтауға назар аудару керек. Көптеген аймақтарда бұл талаптар сақталмайды.

Негізгі талаптардың бірі- жоғары білімнің болуы болып табылады, Ақтөбе және Маңғыстау облыстарында осы талаптың сақталуына көңіл аудару қажет.

Келесі біліктілік талабы-жұмыс өтілі кемінде 5 жыл болуы. Ақмола, Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Шығыс-Қазақстан облыстарында және Астана қаласында осы біліктілік талабы сақталмаған.

Өңірлердің барлық әдіскерлері жоғары немесе бірінші санатқа ие емес, 17 өңірдің тек 6 өңірінде (Алматы, Атырау, Батыс-Қазақстан, Павлодар облыстары және Алматы, Шымкент қалалары) осы біліктілік талаптарының орындалғаны байқалады. Оқу-әдістемелік орталықтардың/кабинеттердің директорлары осы критерийдің сақталуына ерекше назар аудару қажет, өйткені әдістемелік кадрлардың кәсіби өсуі әдістемелік қызметтің бірінші кезектегі міндеті болып табылады.

Облыстық әдістемелік орталықтар/кабинеттер қызметкерлерінің сапалық құрамының мониторингі келесі үрдістерді анықтады:

- басшылар (16 адам)
- басшы орынбасарлары (30 адам)
- бөлім басшылары (76 адам)
- әдіскерлер (384 адам)

Республика бойынша **әдістемелік орталықтар/кабинеттер басшыларының** арасында 7 адамның ғылыми немесе академиялық дәрежесі бар, бұл пайыздық қатынаста 44 % құрайды және келесі көріністі береді:

- 1 (6,3%) педагогика ғылымдарының кандидаты (Түркістан);
- 1 (6,3%) доктор Ph.D (Атырау);
- 5 магистр (31%) (Ақмола, Алматы, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау).

Пән және әдіскерсанаты бойынша:

- пән бойынша жоғары/бірінші санатты 10 адам, сәйкесінше 63%;
- 6 адам санаты жоқ, сәйкесінше 37%
- жоғары/бірінші әдіскер санаты 16 адамнан 3 адамда ғана бар, пайыздық көрсеткіші 19%.

Педагогикалық және лауазымдағы өтілінің болуы:

- 15 жылдан жоғары 13 адамда, яғни 81%;
- 8 жылдан 15 жылға дейін 3 адам, яғни 19%;
- **басшылардың** негізгі құрамы лауазымдағы өтілі 5 жылға дейін 10 адам, 63%;
- 8-ден 15 жылға дейін және одан жоғары 6 адам 37%.



1.2.21-сурет

Облыстық оқу-әдістемелік орталықтар/кабинеттер басшыларына қойылатын Үлгілік біліктілік талаптары бойынша **ғылыми немесе академиялық дәрежелері** болуы тиіс. Бұл талапқа 16 адамнан тек 7 адам ғана талапқа сай. Әдіскер санаты бойынша барлығы 3 адам (19%), талапқа сай, ал қалған 13 адам сәйкес емес.

Оқу-әдістемелік орталықтар/кабинеттер басшыларының орынбасарларының(30 орынбасар) ғылыми потенциалы:

- 1 (3,3%) педагогика ғылымдарының кандидаты (Ақмола облысы);
- 6 (20%) магистр (Ақтөбе, Алматы, Батыс-Қазақстан, Жамбыл, Шығыс-Қазақстан және Солтүстік-Қазақстан облыстары).
- Пән және әдіскер санатының болуы:
 - пән бойынша жоғары/бірінші санатты 22 адам (73%);
 - 8 адам (27%) санаты жоқ;
 - жоғары/бірінші әдіскер санаты 9 (30 %),
 - 21 орынбасардың (70%) әдіскер санаты жоқ.
- Педагогикалық өтілінің және лауазымдағы өтілінің болуы:
 - 15 жылдан астам 22 адам (73 адам)%,
 - 5 жастан 15 жасқа дейін-7 адам (23%),
 - 5 жасқа дейін-1 адам (4%),

Басшы орынбасары лауазымындағы өтілі бойынша 5 жылға дейін 18 (60%) адам; 5 жылдан 15 жылға дейін 12 (40%) адам.

1.2.22-суретте 8 басшы (27%) орынбасары ғана санатсыз екендігі көрсетілген. Басқа орынбасарлар санат бойынша оң нәтиже көрсетеді. Басшылармен салыстырғанда оң нәтиже болғанымен, осы бағытта орынбасарлар да ғылыми біліктілігін мүмкіндігінше арттыру қажет.



1.2.22-сурет

Оқу-әдістемелік орталықтар/кабинеттер бөлімі басшыларының (76 бөлім басшысы) ғылыми потенциалы:

- жоғары білімді (100%);
- 1 ғылым кандидаты (1,31%);
- 12 магистр (15,8%);
- пән және әдіскер санатының болуы:
 - пән бойынша жоғары және бірінші санатты 58 адам (76%);
 - екінші санатты 6 (8%);
 - 12 адамның (16%) санаты жоқ;
 - әдіскер жоғары және бірінші санатты 17 (22%);
 - екінші санатты 1 (1,3%);
 - 58 (76,7%) әдіскер санаты жоқ;
- педагогикалық өтілінің және лауазымдағы өтілінің болуы:
 - 15 жылдан астам 53 адам (70 адам) бар.%;
 - 8 жастан 15 жасқа дейін-18 адам (24%);
 - 5 жасқа дейін-5 адам (6%);
- орынбасар лауазымы бойынша жұмыс өтілі 41 адамдаба:
 - 5 жылға дейін (54%);
 - 8 жылға дейін 22 (29%);
 - 15 жылға дейін 8 (10,5%);
 - 15 жылдан жоғары 5 (6,5%).

1.2.23- суретке сәйкес мыналарды атап өту қажет:

- 58 бөлім басшыларының (76,7%) әдіскер санаты жоқ, бұл кәсіби-педагогикалық деңгейді анықтайды;
- бөлім басшыларының 54%-ы 5 жылға дейінгі еңбек өтілі бар



1.2.23-сурет

Өңірлердің облыстық әдістемелік қызметтері әдіскерлерінің сапалық құрамы (384 адам) келесі көріністі көрсетті:

- жоғары білімнің болуы бойынша:
 - жоғары білімі бар 382 (95%);
 - 2 – әдіскердің (5%) орта-арнайы білімі бар;
- ғылыми және академиялық дәрежесі бойынша:
 - 4 ғылым кандидаты (1,04%),
 - 39 магистр (10,2%).
- пәндер бойынша санаты бар:
 - жоғары/бірінші санатты 255 әдіскер (66 %);
 - екінші санатты 30 әдіскер (8%);
 - санатсыз – 99 әдіскер (26%).

Облыстық әдістемелік орталықтар/кабинеттер әдіскерлерінің біліктілік санатына қойылатын бейін талабына төменде аталған облыстар сәйкес келмейді:

- 129 (33,6%) әдіскерлер (Ақмола, Ақтөбе, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Солтүстік-Қазақстан, Шығыс-Қазақстан, Түркістан және Астана қ.);

- облыстар шеңберінде біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін әдіскерлердің ең көп саны санаты бойынша 50%-дан артық - (Ақмола (77%), Жамбыл (55%), Шығыс-Қазақстан (70%), Маңғыстау облысы (73%);

- әдіскер санаты -38 әдіскерде бар (9,9%).

- педагогикалық өтілінің болуы:

- 5 жылға дейін республика бойынша – 36(9,3%) әдіскерлер, 17 облыстан 8 облыста біліктілік талаптары сақталмағаны байқалады;

- 5-тен 8 жасқа дейін-29(7,7%)

- 8 жастан 15 жасқа дейін-83 (22%)

- 15 жылдан астам-236 (61%) әдіскер, педагогтарға сапалы әдістемелік қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

- лауазымдағы өтілінің болуы:


- 5 жылға дейін 243 әдіскер (63,4%),

- 5-15 жыл аралығында 112 әдіскер (29%),

- 15 жылдан астам уақыт ішінде 29 әдіскер ғана (7,6%).

Оқу-әдістемелік орталықтар/кабинеттер қызметкерлерінің орташа жасы 40 жасты құрайды.

1.2.24-суретке сәйкес әдіскерлердің 5%-ы, арнайы орта білімі бар, 8%-ы 2 санатты, аталған көрсеткіш бойынша осындай біліктілік деңгейлі әдіскердің әдістемелік қызметпен айналысуға құқығы жоқ. Ал 26% санаты жоқ-демек, педагогикалық қоғамдастықтың әдіскерлерге теріс қатынасын айқындайды.



1.2.24-сурет

1.3 Аудандық (қалалық) әдістемелік орталықтардың/кабинеттердің сапалық құрамын талдау.


Аудандық (қалалық) әдістемелік кабинеттердің 189 штаттық басшыларының сапалы құрамы бойынша өңірлерден алынған мәліметтерді талдау, облыстар бойынша келесі бөлуді көрсетті: Алматы - 20, Қостанай – 20, Қарағанды - 18, Ақмола - 17, Шығыс қазақстан-17, Батыс қазақстан - 13, Павлодар-13, Ақтөбе - 12, Солтүстік Қазақстан - 12, Жамбыл - 11, Түркістан-11, Маңғыстау - 9, Атырау - 8, Қызылорда – 8 (1.3.1-сурет).



1.3.1-сурет

189 (100%) аудандық (қалалық) әдістемелік кабинеттер басшыларының барлығы жоғары білімді, бұл өте жоғары кәсіби деңгейді көрсетеді.

10 (5,3%) аудандық (қалалық) әдістемелік кабинеттер басшыларында магистр академиялық дәрежесі бар: Солтүстік-Қазақстан (2), Шығыс-Қазақстан (2), Маңғыстау (2), Қарағанды (1), Қостанай (1), Павлодар (1), Қызылорда (1) облыстары (1.3.2-сурет).



1.3.2-сурет

Облыстар бойынша «пән бойынша санат» критерийі нәтижесі: 189 басшының 171 (90,4%) жоғары/бірінші санатты, 10 (5,3%) екінші санатты, 8-де (4,3%) біліктілік санаты жоқ.

- Алматы облысы аудандық әдістемелік орталықтардың барлығы жоғары/бірінші санаты бар, яғни 100%.

- Қостанай облысы аудандық әдістемелік кабинеттердің 20 басшысының 15-сі (75%) жоғары/бірінші санатты, 2 (10%) екінші санатты басшы, 3 (15%) басшының біліктілік санаты жоқ.

- Қарағанды облысы барлығы 18, оның ішінде жоғары/бірінші санатты - 15 (83,3%), екінші санатты – 1 (5,5%), санаты жоқ - 2 (11,1%).

- Ақмола облысы аудандық әдістемелік кабинеттердің 17 (100%) басшыларының 17-сі жоғары/бірінші санатты. 2 аудандық әдістемелік кабинет бойынша талдауға ақпарат берілген жоқ.

- Шығыс-Қазақстан облысы 16 (94%) әдістемелік кабинет басшылары жоғары/бірінші біліктілік санатты, 1-де (5,8%) санаты жоқ;

- Павлодар облысы аудандық әдістемелік кабинеттер басшыларының барлығы 13 (100%) жоғары/бірінші санатты;

- Солтүстік Қазақстан облысы 12 басшының ішінен, жоғары және бірінші санатты 8 (67%), екінші біліктілік санатты 2 (16,6%), санаты жоқ 2 (16,6%). 2 аудандық әдістемелік кабинеттен ақпарат түскен жоқ.

- Батыс Қазақстан облысы жоғары/бірінші санатты басшылар 12 (92%), екінші санатты 1 (7,7%);

- Ақтөбе облысы аудандық әдістемелік кабинеттердің 12 жетекшісінен 11-і (91,7%), жоғары/бірінші санатты, 1 (8,3%)-екінші санатты. 1 әдістемелік кабинет туралы ақпарат берілмеген.

- Жамбыл облысында 11 әдістемелік кабинет жетекшісінен 10-ы (91%) жоғары/бірінші санатты, 1 (9%) екінші санатты;

- Түркістан облысының 11 жетекшісінің, 10-ы (91%) жоғары/бірінші санатты, 1-і (9%) екінші санатты.

- Маңғыстау облысы әдістемелік кабинеттің 9 (100%) басшысы жоғары/бірінші санатты;

- Қызылорда облысы-әдістемелік кабинеттің 8 (100%) жетекшісінің барлығы жоғары/бірінші біліктілік санатты;

- Атырау облысында 8 жетекшінің 7-і(87,5%) жоғары/бірінші біліктілік санатты, 1 (12,5%) екінші санатты.

Осылайша, жоғары және бірінші санаты бар басшылардың **сапалық құрамын талдау келесі үрдістерді** анықтады:

- ең жоғары көрсеткіш Алматы (20) - 100%, Ақмола (17) - 100%, Маңғыстау (9) – 100%, Павлодар (13) – 100%, Шығыс Қазақстан (16)–94%, Батыс Қазақстан (12) - 92%, Ақтөбе (11)-91,7%, Түркістан (10) – 91%, Жамбыл (10) – 91% облыстарында;

- ең төменгі көрсеткіш – Қостанай (15) – 75%, Солтүстік Қазақстан (8)–67% облыстарында.

«Екінші санатты» аудандық әдістемелік кабинет басшылары келесі облыстарда көрсетілген:

- Солтүстік Қазақстан облысынан 2 (16,6%) адамда;

- 2 (10%)басшы Қостанай облысында;

- 1-ден Батыс Қазақстан (1), Жамбыл (1), Атырау (1), Ақтөбе (1), Қарағанды (1), Түркістан (1) облыстарында.


Санатсыз аудандық әдістемелік кабинет басшылары келесі облыстарда көрсетілген:

- Қостанай облысының әдістемелік кабинеттерінің 3 (15%) басшысы;

- Қарағанды облысында 2 (11,1%) басшы;

- 2 (16,6%) басшы Солтүстік Қазақстан облысында;

- Шығыс Қазақстан облысынан 1 (5,8%) адам (1.3.3 сурет).



1.3.3-сурет

Әдістемелік кабинеттер басшыларының әдіскер санатын талдай отырып, **189 басшы** ішінен:

- жоғары/бірінші санатты 79 (41,8%) басшы;
- екінші санатты 8 (4,2%) басшы;
- әдіскер санатынсыз 102 (54%) басшы бар екендігі анықталды (1.3.4-сурет).


Ұсынылған мәліметтер бойынша облыстар бөлінісінде қарастырсақ:

Басшылар арасында жоғары/ бірінші санатты Алматы (20) - 100%, Павлодар (13) – 100%, Батыс Қазақстан (12)-92%, Шығыс Қазақстан (8) – 47%, Ақмола (7)-41%;

ең төмен көрсеткіш Түркістан (4) – 36,4%, Қарағанды (5) – 28%, Қызылорда (2) – 25% және Солтүстік Қазақстан (2) – 17% облыстарында белгіленген.

Аудандық әдістемелік кабинеттердің 8 басшысында екінші санат бар, олар Қызылорда (4) – 50%, Қостанай (2)–10%, Батыс Қазақстан (1) – 8% және Қарағанды (1) – 5,5%.

Аудандық әдістемелік кабинеттердің 102 (54%) басшысының санаты жоқ: Ақтөбе (12) – 100%, Жамбыл (11) – 100%, Маңғыстау (9) – 100%, Атырау (8) – 100%, Солтүстік Қазақстан (10)–83,3%, Қарағанды (12) – 67%, Түркістан (7) – 64%, Қостанай (12) – 60%, Ақмола (10) – 59%, Шығыс Қазақстан облысы (9) – 53%, Қарағанды (9) – 60%. Қызылорда (2) – 25%.



1.3.4-сурет

Осылайша, *жоғары/бірінші санаты* бар әдіскерлердің сапалық құрамын талдау келесі үрдістерді анықтады:

- ең көп көрсеткіш Алматы облысында (20) – 100% және Павлодар облысында (13) – 100%.
- ең аз көрсеткіш – Қарағанды облысында (5) – 28%, Қызылорда облысында (2) – 25% және Солтүстік Қазақстан облысында (2) – 17%.

✓ *екінші санатты:*

- аудандық әдістемелік кабинеттердің 8 басшысы екінші санатты: Қызылорда облысында (4), Қостанай облысында (2), Батыс Қазақстан облысында (1), Қарағанды облысында (1).

✓ *санатсыз:*

- ең жоғары көрсеткіш Ақтөбе (12), Қарағанды (12), Қостанай (12), Жамбыл (11), Солтүстік Қазақстан (10) облыстарында.
- ең төменгі көрсеткіш Қызылорда облысында (2) – 25%

Қорытындылай келе, әдіскер санаты жоқ басшылардың жоғары пайызын атап өткен жөн. Әдістемелік кабинеттерді білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында жұмыс істеуге қабілетті жоғары кәсіби жас кадрлармен қамтамасыз ету мәселесі әлі де шешімін таппады.


Аудандық әдістемелік кабинеттер басшыларының *педагогикалық және лауазымдық өтілін* салыстырмалы талдау:

- 15 жылдан астам педагогикалық жұмыс өтілі бар 153 (81%) басшы;
- жұмыс өтілі 8-15 жыл 24 (12,6%) адам;
- педагогикалық өтілі 5-8 жыл 6 (3,2%) басшы;

- жұмыс өтілі 5 жылға дейін 6 (3,2%) адам.

лауазымдағы өтілі бар:

- 5 жылға дейін - 95 (50,3%) басшы;
- 8-15 жыл аралығында – 33 (17,4%) басшы;
- 5-8 жыл - 33 (17,4%) басшы;
- 15 жылдан астам-28 (14,8%) басшы (1.3.5 сурет).



1.3.5-сурет

Осылайша, егер облыстар бойынша 15 жылдан астам педагогикалық жұмыс өтілі бар басшылардың санын қарайтын болсақ (1.3.6 сурет).

- басшылардың ең көп саны Алматы (20) – 100%, Атырау (8) – 100%, Қызылорда (8) – 100%, Шығыс Қазақстан (15)–88,2%, Ақтөбе (10) – 83,3%.

- ең аз саны Ақмола (13) – 76%, Қарағанды (9) – 50% облыстарында.

Педагогикалық еңбек өтілі 8-15 жыл басшылар саны:

- Ақмола (4), - 23,5%, Қарағанды (4) – 22%.
- Маңғыстау (1) - 11% және Солтүстік Қазақстан (1) – 8,3% облыстарында.


Педагогикалық жұмыс өтілі 5-8 жыл басшылар саны белгіленді:

- ең көп саны Солтүстік Қазақстан облысында белгіленді (2) – 16,6% •
- ең аз саны 4 облыста, яғни Ақтөбе (1), Батыс Қазақстан (1), Қарағанды (1), Павлодар (1) облыстарында анықталды.

Педагогикалық жұмыс өтілі 5 жылға дейін 6 (3,2%) басшыда Қарағанды (4), Ақтөбе (1), Қостанай (1) облыстарында бар (1.3.6-сурет).

Педагогикалық және кәсіби көрсеткіштерді диагностикалау нәтижелері жалпылама талдау әдіскерлердің кәсіби білім беруді жетілдіру мен

жанартудағы әлеуеттік мүмкіндіктері, олардың инновациялық қызметке дайындығы туралы куәландырады.



1.3.6-сурет

Облыстар бойынша аудандық әдістемелік кабинеттер басшыларының кәсіби өтілін талдау келесілерді анықтады:

- 15 жылдан астам жұмыс өтілі бар 28 (14,8%) адам;
- жұмыс өтілі 8-15 жыл-33 (17,5%) адам;
- жұмыс өтілі 5-8 жыл-33 (17,5%) адам;
- жұмыс өтілі 5 жылға дейін - 95 (50,2%) адам.

Басшылардың 15 және одан да көп жылдық кәсіби жұмыс өтілі 28 (14,8%) адамда бар, атап айтқанда:

- жоғары деңгей – Ақмола (5), Шығыс Қазақстан (5);
- орташа деңгей – Атырау (4), Павлодар (4);
- төмен деңгей – Батыс Қазақстан (2), Маңғыстау (1) облыстарында.

8-15 жыл кәсіби еңбек өтілі бар басшылар арасында келесі позициялар белгіленген:

- жоғары деңгей – Қызылорда (8), Солтүстік Қазақстан (5);
- орта деңгей – Шығыс Қазақстан (4), Қарағанды (3); Батыс Қазақстан (2), Павлодар (2) облыстарында;
- төмен деңгей – Атырау (1) және Маңғыстау (1) облыстарында.


5-8 жылдан астам кәсіби еңбек өтілі бар басшылар арасында келесі позициялар белгіленген:

- жоғары – Ақтөбе (6), Павлодар (5), Қостанай (7);

- орташа –Ақмола (3), Маңғыстау (1), Атырау (1);
- төмен – ШығысҚазақстан облысында (1)

5 жылға дейінгі кәсіби жұмыс өтілі бар басшылар арасында келесі позициялар белгіленген:

- жоғары – Алматы(20), Жамбыл (8), Солтүстік-Қазақстан (7), Ақмола облысында (9);
- орташа – Ақтөбе(6), Батыс-Қазақстан (6), Шығыс Қазақстан (7);
- төмен деңгей – Атырау (2), Павлодар (2) облыстарында (1.3.7-сурет)



1.3.7-сурет


Аудандық (қалалық) әдістемелік кабинет басшысы орынбасарларының сапалық құрамын талдау Атырау, Қарағанды, Маңғыстау, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Түркістан, Қостанай.

Облыстарының әдістемелік орталықтарының/кабинеттерінің мәліметтері негізінде жасалды.23 орынбасар бойынша ақпарат ұсынылды, оның ішінде 22-і (96%) жоғары білімді, 1-і (4%) жоғары білімі жоқ (Маңғыстау облысы).

Облыстар бөлінісінде штаттық бірлік саны:

- Қарағанды 8 орынбасар, барлығы жоғары білімді 8 (100%);
- Маңғыстау 7 орынбасар, жоғары білімді 6 (86%) адам;
- Қостанай 3 орынбасар, жоғары білімді 3 (100%) адам;
- Шығыс-Қазақстан 2 орынбасар, барлығы жоғары білімді (100%) (1.3.8-сурет);

- Атырау, Павлодар және Түркістан қалаларында бір орынбасардан (100%).



1.3.8-сурет

Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан облыстары бойынша деректер берілмеген.

Осылайша, әдістемелік кабинет басшысының 23 орынбасарларының сапалық құрамын талдау келесі үрдістерді көрсетті:


Пән бойынша жоғары/бірінші санаты:

- ең көп саны Қарағанды 8 (100%), Маңғыстау 7 (100%) облыстарында көрсетілген;

- ең аз саны Атырау (1) және Павлодар (1) облыстарында.

Жоғары/бірінші позициясында *әдіскер санаты* бойынша төмендегідей көрініс анықталды:

Шығыс-Қазақстан облысында (2) –100%, Павлодар облысында (1) – 100%, Түркістан облысында (1)



1.3.9-сурет


1.3.10 және 1.3.11-суреттерге сәйкес әдіскерлердің жеткіліксіз лауазымдық еңбек өтілі туралы алынған деректерді мониторинг нәтижесі растады. 23 әдіскердің 19-нда (83%) педагогикалық жұмыс өтілі 15 жылдан астам болса, лауазымдық еңбек өтілі кері жағдайды көрсетеді, онда 5 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар 15 (65%) әдіскер және 15 жылдан астам жұмыс өтілі бар 5 (22,7%) әдіскер бар. Талдау лауазымдық еңбек өтілі жеткіліксіз деңгейде екендігін көрсетеді.

Осылайша, 15 жылдан астам педагогикалық жұмыс өтілі бар басшы орынбасарлары туралы мәліметтер бойынша облыстар бөлінісінде ең көп саны Маңғыстау (6) – 26%, Қарағанды (5) – 22%; ең аз саны - Атырау (1) – 4,3%, Павлодар (1) – 4,3% және Түркістан (1) – 4,3 облыстар бойынша көрсетіліп отыр.

Педагогикалық еңбек өтілі 8 - 15 жыл Маңғыстау облысынан тек 1 (4,3%) адам.

Қарағанды облысы бойынша басшы орынбасарларының арасында педагогикалық жұмыс өтілі 5 - 8 жыл (2 адам) – 8,7%.

Педагогикалық жұмыс өтілі 5 жылға дейін Қарағанды облысынан 1 (4,3%) адам.




1.3.10-сурет

Басшы орынбасарларының *лауазымдағы еңбек өтілі* туралы мәліметтерді талдау:

- 15 жылдан астам жұмыс өтілі барлар 5 адам (22%) адам;
 - Қарағанды қаласынан 2 (8,7%) адам;
 - Шығыс Қазақстан облысынан 2 (8,7%) адам;
 - Қостанай облысынан 1 (4,3) адам.
- 8-15 жыл аралығында 2 (8,7%) адам бар (Қарағанды, Қостанай облысы);
- 5-8 жыл аралығында Атырау облысынан 1 (4,3%) адам бар;
- 5 жылға дейін 7 (30,4%) Маңғыстау, 5 (22%) Қарағанды, Қостанай 1 (4,3%), Павлодар 1 (4,3%), Түркістан 1 (4,3%) бар. Барлығы 15 орынбасар (65,2%) құрады (1.3.11-сурет).

Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Солтүстік-Қазақстан облыстары ақпарат бермеген.




1.3.11-сурет

Осылайша, талданып отырған жағдай әдіскерлердің көпшілігінде педагогтарды әдістемелік қамтамасыз ету мен инновациялық, педагогикалық, инновациялық қызметтің ең құнды тәжірибесін зерттеу және тарату үшін құзыреттілік деңгейінің жеткіліксіздігі диагностикалауға мүмкіндік береді. Әдіскердің кәсіби құзыреттілігі тек кәсіби білім мен шеберлікте ғана емес, сонымен қатар позициядан, наным-сенімдерден, және кәсіпте жүзеге асыруға ұмтылулардан тұрады. Өкінішке орай, қазіргі заманғы кәсіби білім беру жүйесінде әдіскерлердің санаты педагогикалық кадрлар санаты ретінде қазақстандық педагогикалық жоғары оқу орындарында даярланбайды. Әдістемелік қызмет қызметкерлері кешегі мұғалімдер немесе ЖОО бітірген жастар. Бірақ, өкінішке орай, тіпті жоғары білікті педагогтер де әдіскерге тән қажетті құзыреттілікке толық ие емес.

Еліміздің аудандық (қалалық) оқу-әдістемелік орталықтарында/кабинеттерінде штаттық кестеге сәйкес 2019 жылдың 1 ақпанына 17 бөлім басшылары жұмыс істейді. Айта кету керек, оқу-әдістемелік кабинеттерде Алматы, Ақтөбе, Батыс-Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Павлодар облыстардың штаттық бірліктерінде бөлім басшылары қарастырылмаған.

Барлық бөлім басшылары жоғары білімді, бірақ ғылыми және академиялық дәрежелері жоқ (1.3.12-сурет).




1.3.12-сурет

Әдістемелік қызметтің аудандық құрылымы бөлімдері басшыларының кадрлық құрамын талдаудың келесі критерийі пән бойынша санаттармен және әдіскердің санаттарымен анықталған бөлім басшыларының санаттылығы болды.

Жоғары/бірінші категориялы 16 бөлім басшылары бар, яғни 95%-ды құрайды. 1 бөлім басшысы (5%) екінші санатты екендігі көсетілген (1.3.12-сурет).

17 адамның пән бойынша жоғары/бірінші санатты бөлім басшысы – 16 адам (95%), екінші санатты-1 бөлім басшы (5%). Сондай-ақ әдіскер санаты бойынша 1 бөлім басшысында жоғары/бірінші әдіскер санаты бар (5%) және 16 адам (95%) әдіскер санаты жоқ (1.3.13-сурет).

Талдау нәтижесіне сәйкес, пән бойынша және әдіскер санаттары жоқ бөлім басшылары кәсіби деңгейлерін арттыруы қажет деген тұжырым жасауға болады. Өйткені, әдіскер қызметі, педагогтардың әдістемелік сүйемелдеуімен, олардың кәсіби өсуін арттырумен тікелей байланысты



1.3.13-сурет

Қазіргі таңда әдіскер санаты бойынша көрсеткіштер өте төмендеп кеткендігін байқаймыз, сол себепті пән бойынша ғана емес әдіскер санатын да арттыру аса қажет болып табылады.

Аудандық оқу-әдістемелік орталықтардың/кабинеттердің бөлім басшыларының сапалық құрамын талдаудағы келесі критерий педагогикалық өтіл мен лауазымдағы өтілі. Бұл критерий де бөлім басшысының осы саладағы функционалды сауаттылығының маңызды көрсеткішінің бірі болып табылады.




1.3.14-сурет

Бөлім басшыларының 58,9%-ында 15 жылдан жоғары, 23,5%-ында 8-15 жыл аралығында, 11,8%-ында 5-8 жыл аралығында және 5,8%-ында 5 жылдан жоғары педагогикалық өтілі бар екендігі көрсетілген (1.3.14-сурет).

Алынған нәтиже талдауы бөлім басшыларының басым көпшілігі педагог болып табылатындығын көрсетті. Бұл көрсеткіш оқу-әдістемелік орталықтардың/кабинеттердің бөлім басшыларының осы салада оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды егжей-тегжейлі түсінуге мүмкіндік береді.

Лауазымдағы өтілі бойынша 10 адам 5 жылға дейін аталған лауазымда, яғни, пайыздық мөлшерлеме 58,9% құрайды. 5-8 жыл аралығында 1 адам, пайыздық мөлшерлеме 5,9%, 15 жылға дейін 3 адам, пайыздық мөлшерлеме 17,6%, 15 жылдан жоғары 3 адам, пайыздық мөлшерлеме 17,6% көрсетті (1.3.15-сурет).



1.3.15-сурет

Бұл деректер бөлім басшыларының лауазымдағы өтілдері аз, сондықтан да басшылардың кәсіби құзыреттілігін арттыру мәселесі бірінші орында болуы керек екендігін көрсетеді.

«Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 18 қаңтардағы № 40 бұйрығында «әдіскер-оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік жұмысты орындайтын білім беру ұйымының (жоғары оқу орындарынан басқа) педагог қызметкері» ұғымы берілген.

«Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 бұйрығына сәйкес оқу-әдістемелік орталықтар/кабинеттер әдіскерлерінің лауазымдық міндеттері көрсетілген, оған сәйкес әдіскер:

- аудан (қала) педагогтерімен бірлесіп әдістемелік жұмысты ұйымдастырады, курсаралық кезеңдегі әдістемелік жұмыстың тиімділігін зерделейді;

- білім беру ұйымдарын жетекшілік ететін мәселелері бойынша әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

- мамандықтар бойынша педагогтердің біліктілігін арттыруды болжайды және жоспарлайды;

- семинарлар, алдыңғы қатарлы тәжірибе мектебінің отырыстары, педагог қызметкерлердің конкурстары, олимпиадаларының оқыту-әдістемелік құжаттамасын (дидактикалық материалдар, жабдықтардың типтік тізбесі) әзірлеу, рецензиялау және бекітуге дайындауды ұйымдастырады;

- педагогтердің және білім беру ұйымдарының инновациялық және тәжірибелік-эксперименттік жұмысының қорытындысын зерделейді және топтастырады;

- білім беру ұйымдарының басшылары мен педагог қызметкерлеріне оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға консультативтік және практикалық көмек көрсетеді;

- педагогтерге көмек ретінде библиографиялық анықтамалар, әзірлемелер, тестік және басқа да материалдар жасайды, оларды білім беру ұйымдарының оқу-әдістемелік кабинеттеріне, аудан (қала) педагогтерінің назарына жеткізеді;

- алдыңғы қатарлы оқыту және тәрбие технологиялары бойынша ақпараттарды топтастырады және таратады;

- педагогтердің, білім беру ұйымдары басшыларының мейлінше нәтижелі тәжірибелерін зерделейді, жүйелендіреді, топтастырады, мониторинг жүргізеді және таратады;

- педагог қызметкерлердің әдістемелік бірлестік жұмысын ұйымдастырады және үйлестіреді;

- оқушылар конкурсын, көрмелерін, олимпиадаларын, слеттерін, жарыстарын өткізу бойынша тиісті құжаттамаларды ұйымдастырады және әзірлейді;

- қажетті есептіліктерді дайындап, ұсынуды қамтамасыз етеді.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім, педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл, тиісті бейіні бойынша бірінші немесе жоғары біліктілік санатының болуы тиіс.

Әдіскерлердің сапалық құрамы төмендегі критерийлер бойынша талданды:

- *штаттық бірлік саны;*
- *білімі, ғылыми дәрежесі, атағы;*
- *академиялық дәрежесі;*
- *пән бойынша санаты;*
- *әдіскер санаты;*
- *педагогикалық өтілі;*

- лауазымдық өтілі.

Аудандық оқу-әдістемелік орталықтарда/кабинеттерде барлығы 1469 әдіскер қызмет етеді, оның ішінде 1422 әдіскер жоғары білімді, яғни 96,7%-ды сондай-ақ арнайы орта білімді 47 әдіскер, яғни 3,3%-ды құрайды (1.3.16-сурет).



1.3.16-сурет

Талдау нәтижесі Ақмола, Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар және Шығыс-Қазақстан облыстарында әдіскерлерге қойылатын білімі жоғары болуы туралы талаптың орындалмағандығын көрсетеді. Аталып отырған мәселе республика бойынша аз болғанымен, үлкен алаңдаушылық тудырады. Себебі, оқу-әдістемелік орталықтарда/кабинеттерде жоғары білім бар білікті маман жұмыс істеуі керек.

Кәсіби біліктілігінің жоғары болуының тағы бір маңызды көрсеткіштері ғылыми және академиялық дәреженің болуы. Бұл көрсеткіштер бойынша әдіскерлер арасында 2 ғылым кандидаты (0,3%) және 40 магистр (2,6%) бар.

Әдіскерлердің басым көпшілігі жоғары/бірінші санатты пәндер бойынша, бұл көрсеткіш 1062 адамды құрайды, ол пайыздық қатынаста 72,3%-ды көрсетеді. Бірақ екінші санатты 188 (12,8%) және санаты жоқ – 220 әдіскер (14,9%). Бұл көрсеткіштер әдіскерлердің пән бойынша жоғары/бірінші санаттарын арттыруға тиісті деңгейде көңіл бөлінбейтінін көрсетеді. Республика бойынша аудандық оқу-әдістемелік орталықтарда/кабинеттерде 1469 әдіскер қызмет жасайды, талдау нәтижесі олардың жоғары/бірінші біліктілік санатының болуы критерийі бойынша 408 әдіскер (27,7%) біліктілік талаптарына сәйкес келмейтінін көрсетті.


Әдіскерлер негізінен пән бойынша санаттарға ие, сондықтан әдіскер санаты тек 564 әдіскерде бар, бұл көрсеткіш аудандық оқу-әдістемелік орталықтар/кабинеттер әдіскерлерінің жалпы санының 38,4%-ын құрайды (1.3.17-сурет). Өңірлердің әдістемелік кабинеттерінде жұмыс істейтін

әдіскерлер үшін әдіскер санатына ие болу өте маңызды, сондықтан педагогтарды әдістемелік сүйемелдеу әдістемелік қызметтің бірінші кезектегі міндеті болып табылады. Егер осы көрсеткішті әрбір облыс шеңберінде неғұрлым егжей-тегжейлі қарайтын болсақ, онда біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін әдіскерлердің ең көп саны санаты бойынша келесі өңірлерде жұмыс істейді:

✓ *Ақтөбе облысы* – 113 әдіскердің 46-сы талапқа сай емес, яғни пайыздық құрамы 40,7%;

✓ *Маңғыстау облысы* – 89 әдіскердің 50-і талапқа сай емес, яғни пайыздық құрамы 56,1%;

✓ *Солтүстік-Қазақстан облысы* – 98 әдіскердің 43-і талапқа сай емес, яғни пайыздық құрамы 43,8%.




1.3.17-сурет

Педагогикалық өтілі критерийі бойынша төмендегідей көрініс тапты.

- ✓ 5 жылға дейін – 172 әдіскер ;
- ✓ 5-8 жыл аралығында – 178 әдіскер;
- ✓ 8-15 жыл аралығында 358 әдіскер;
- ✓ 15 жылдан жоғары 761 әдіскер.

Жоғарыда көрсетілген талдау нәтижесі аудандық оқу-әдістемелік орталықтарда/кабинеттерде 5 жылдан кем еңбек өтілі бар әдіскерлердің жұмыс істейтіндігі анықталды. Бұл біліктілік талаптарына сәйкес келмейді, пайыздық мөлшері 11,7% (1.3.18-сурет).

Сонымен қатар 15 жылдан астам педагогикалық өтілі бар әдіскерлердің (51,9%) көп болуы, педагогтарға сапалы әдістемелік қолдау көрсетуге мүмкіндік беретінін куәландырады.




1.3.18-сурет

5 жылға дейінгі әдіскерлердің лауазымдық өтілін 689 адам көрсетті, пайыздық қатынаста бұл көрсеткіш 46,9%, 15 жылдан астам 134 әдіскер ғана (9,1%). 5-8 жыл аралығында 257 адам (17,5%), 8-15 жыл аралығында 233 адам (15,9%). Бұл көрсеткіштерден әдіскерлердің негізгі құрамының лауазымдық өтілі аз екендігін көреміз, сондықтан әдіскерлердің кәсіби өсу көрсеткіші әдіскерлердің біліктілігін арттыру кезінде бірінші орында тұруы тиіс.

Диаграммдан Жамбыл облысының аудандық оқу-әдістемелік орталықтар/кабинеттер әдіскерлерінің әдіскер ретінде өтілі жоқ екендігін көруге болады (1.3.19-сурет).

Қазіргі таңда жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында педагогтарды әдістемелік сүйемелдеу әдістемелік қызметтің ажырамас бөлігі болып табылады, сол себепті бұл мәселе облыстық әдістемелік бөлімшелер басшыларының бақылауында болуы тиіс.



1.3.19-сурет

Егер аудандық оқу-әдістемелік орталықтардағы/кабинеттердегі жас құрамы туралы айтатын болсақ, қызметкерлердің орташа жасы 40-45 жасты құрайды. Бұл әдіскерлік қызметте әбден жетілген және шығармашылықпен әдістемелік қызметті жүзеге асыратын педагогтердің жұмыс істейтінін көрсетеді.

Аудандық оқу-әдістемелік орталықтар/кабинеттер әдіскерлерінің кадрлық құрамын талдау басшыларға өз аймақтарындағы әдіскерлердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға ерекше назар аудару қажеттігін көрсетті. Ең алдымен әдіскерлерге қойылатын біліктілік талаптарын сақтауға назар аудару керек. Кейбір аймақтарда бұл талаптар сақталмайды.

Негізгі талаптардың бірі жоғары білімнің болуы болғандықтан, бұл талап Ақмола, Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар және Шығыс-Қазақстан облыстарында сақталуы қажет.

Келесі біліктілік талабы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл болуы бойынша барлық өңірлерде сақталмайды. Сонымен қатар әдіскерлердің барлығы бірдей жоғары/бірінші санат алмаған.

Оқу-әдістемелік орталықтардың/кабинеттердің директорлары осы критерийдің сақталуына ерекше назар аудару қажет, өйткені әдістемелік кадрлардың кәсіби өсуі әдістемелік қызметтің бірінші кезектегі міндеті болып табылады.

Осылайша, аудандық (қалалық) әдістемелік орталықтардың/кабинеттердің сапалық құрамын талдау келесі үрдістерді анықтады:

- талдау барысында 17 бөлім басшыларының сапалық деректері зерделенді, кейбір оқу-әдістемелік орталықтарда/кабинеттерде (Алматы, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Павлодар облыстары) осы позиция бойынша штат бірліктері қарастырылмаған;
- 189 басшылар;

- 23 басшының орынбасарлары;
- 17 бөлім басшылары;
- 1469 әдіскерлер бар.

Аудандық (қалалық) оқу-әдістемелік орталықтарының/кабинеттерінің **17 бөлім басшыларының ғылыми потенциалы:**

- жоғары білімі бар (100%);
- пән және әдіскер санаты критерийі бойынша:
 - пән бойынша жоғары және бірінші санатты 16 адам (95%);
 - екінші санатты 1 (5%);
 - жоғары және бірінші санатты әдіскер 1 (5%);
 - 16 адам (95%) әдіскер санатынсыз.
- педагогикалық және лауазымдағы өтілі бойынша:
 - 15 жылдан жоғары 10 адам бар (58,9%);
 - 8 жылдан 15 жылға дейін-4 адам (23,5%);
 - 5 жылдан 8 жылға дейін-2 адам (11,8%);
 - 5 жылға дейін-1 адам (5,8%);
- бөлім басшысы лауазымында жұмыс өтілі бойынша осы позицияда 10 адам бар:
 - 5 жылға дейін (58,9%);
 - 5 жылдан 8 жылға дейін 1 (5,9%);
 - 15 жылға дейін 3 (17,6%);
 - 15 жылдан астам 3 (17,6%).

Аудандық (қалалық) әдістемелік қызмет **әдіскерлерінің сапалық құрамы** (1469,5 адам) келесі көріністі көрсетті:

- *жоғары білімнің болуы бойынша:*
 - 1422 жоғары білімді (96,7%);
 - 47,5 әдіскер (3,3%) арнайы орта білімі бар;
- *ғылыми және академиялық дәрежесі бойынша:*
 - 2 ғылым кандидаты (3%),
 - 40 магистр (2,6%).
- *пәндер бойынша санаты бар:*
 - жоғары және бірінші-1062 адам (72,3%);
 - екінші санатты - 188 (12,8%);
 - санатсыз – 220 әдіскер (14,9%).

Осылайша, талдау нәтижелері 408 (27,7%) әдіскер жоғары/бірінші біліктілік санатының болуы критерийі бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейтінін көрсетті. Деректер жергілікті жерлерде әдіскерлердің санатын арттыруға жеткіліксіз көңіл бөлінбейтінін куәландырады.

- *әдіскер санатының* болуы – 564 қызметкер (38,4%).

- педагогикалық өтілінің болуы бойынша көрсеткіштер төмендегідей көрініс тапты:

- 5 жылға дейін -172 (11,7%) әдіскер бар;

- 5 жылдан 8 жылға дейін-178 (12,1%) әдіскер;
- 8 жылдан 15 жылға дейін – 358 (24,4%) әдіскер;
- 15 жылдан жоғары – 761 (51,8%) әдіскер.

Талдау көрсеткендей, аудандық оқу-әдістемелік орталықтарда/кабинеттерде 5 жылдан кем жұмыс өтілі бар әдіскерлер жұмыс істейді, бұл біліктілік талаптарына сәйкес келмейтіндігін көрсетеді.

- Әдіскерлердің лауазымдық өтілі:

- 5 жылға дейінгі өтілі бар - 689 (46,9%) әдіскер;
- 5-тен 8 жылға дейін – 257 (17,5%) әдіскер;
- 8 жылдан 15 жылға дейін - 233 (15,9%) әдіскер;
- 15 жылдан жоғары - 134 (9,1%) әдіскер.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде өңірлік оқу-әдістемелік орталықтардың/кабинеттердің сапалық құрамы бойынша келесі қорытындыларды жасауға болады:

1. Аудандық (қалалық) оқу-әдістемелік орталықтар/кабинеттер әдіскерлерінің кадрлық құрамын талдау басшыларға өз аймақтарындағы әдіскерлердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға ерекше назар аудару қажеттігін көрсетті. Әдіскерлерге қойылатын біліктілік талаптарын сақтау қағидатты болуы тиіс.

2. Негізгі біліктілік талаптарының бірі жоғары білімнің болуы болып табылады, осыған байланысты Ақмола, Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарында осы талаптардың сақталуына назар аудару қажет.

3. 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі бойынша біліктілік талаптары, сондай-ақ жоғары/бірінші санатты әдіскерлердің болуы талаптары да барлық өңірлерде сақталмайды.

4. Оқу-әдістемелік орталықтар/кабинеттер басшыларына кадрлардың кәсіби өсуі үшін жағдай жасауға назар аудару, білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында әдістемелік қызметтің басым және шешуші міндеті болып табылады.

1.4 Облыстық оқу-әдістемелік кабинеттердің/орталықтардың қызметін талдау

Білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында әдістемелік кабинеттерді дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу барысында өңірлердегі әдістемелік қызметті жоспарлау процесі талданды. Аймақтық әдістемелік орталықтар басшыларының қалауы бойынша мүмкіндік берілгендіктен талдау нәтижесі таңдамалы сипатқа ие.

Білім беру жүйесіндегі әдістемелік жұмыстың маңыздылығы туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңында (5-тарау, 29-бап, 1,2 тармақ) көрсетілген, онда «Білім мен ғылымды интеграциялау, оқу-тәрбие процесін қамтамасыз ету және жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу, білім беру ұйымдарында және

тиісті инфрақұрылымда педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету мақсатында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыс жүзеге асырылады»; «Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысқа басшылық жасау: орта білім беру ұйымдарында – облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әдістемелік кабинеттеріне және аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің әдістемелік кабинеттеріне; техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында – облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беруді басқару органдарының әдістемелік кабинеттеріне және бейіндер бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің оқу-әдістемелік бірлестіктеріне» жүктеледі делінген.

Солтүстік Қазақстан облысы Ғ. Мүсірепов атындағы, М. Жұмабаев атындағы аудандары және Айыртау, Есіл аудандары бойынша мәлімет ұсынды.

Аудандық әдістемелік кабинеттің (АӘК) мақсаты педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру арқылы білім беру процесін жетілдіру болып табылады.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әдістемелік кабинетінің 2019 жылға арналған жұмыс жоспарын талдау АӘК құжатында көрсетілген келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Педагогтардың үздіксіз білім алуына басшылық:
 - курстық дайындықтар ұйымдастыру;
 - ауданның білім беру ұйымдарының кадрлық әлеуетін қолдау және дамыту (кеңестер (берілген өтінімдерге сәйкес);
 - семинар-практикумдар;
 - ауданда әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және басқару (әдістемелік күндер);
 - педагогтерді аттестаттау бойынша жұмыстар ұйымдастыру;
 - педагогтердің ғылыми-әдістемелік қызметін арттыруға бағытталған іс-шаралар (онкүндік, педагогикалық оқулар, байқаулар);
 - зияткер-дарынды және шығармашыл балалармен жұмыс;
 - жаппай-ұйымдастыру іс-шаралары.
2. Диагностикалық-аналитикалық және ақпараттық қызмет
3. Озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, қорыту және тарату
4. Аудандағы инновациялық процестерді зерттеу және үйлестіру
5. Әдістемелік кеңестер
6. Тәрбие жұмысыжөніндегі директор орынбасарларымен отырыстар
7. Аудандық әдістемелік кабинет қызметіне басшылық ету
8. Құжаттармен жұмыс, есептерді дайындау

Ұсынылған АӘК жұмыс жоспарын зерделеу нәтижесі, 1 басшыдан және 10 қызметкерден тұратын әдіскерлер командасы ағымдағы жылы 249 іс-шара жоспарлағанын көрсетті. 1.4.1-суретте көрсетілгендей, іс-шара ауқымы 84-тен 1-



1.4.1-сурет

- жаппай-ұйымдастырушылық шаралары (84),
- диагностикалық-талдау қызметі (29),
- дарынды балалармен жұмыс (18),
- кадрлық әлеуметті қолдау (17),
- семинарлар (17),
- құжаттармен жұмыс (12),
- педагог кадрларды аттестаттау бойынша жұмыстар (11),
- АӘК қызметіне басшылық (11),
- байқаулар (10),
- әдістемелік күндер (9),
- педагогтердің ғылыми-әдістемелік қызметін арттыру (9), курстық жұмыстар ұйымдастыру (6),
- педагогикалық тәжірибені тарату (5),
- әдістемелік кеңес отырыстары (4),
- тәрбие жұмысы жөніндегі директор орынбасарларымен отырыс (4),
- аудандағы инновациялық процестерді үйлестіру (2),
- педагогикалық оқулар (1).

Солтүстік-Қазақстан облысы бойынша келесі болып 2019 жылға әдістемелік жұмыс жоспарын М. Жұмабаев атындағы аудан ұсынды. Негізгі мақсаты білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында педагогтардың кәсіби құзыреттілігін және оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру болып табылады. 2018/2019 оқу жылында әдістемелік кабинет қызметінің басым бағыттары:

1. Білім беру және тәрбиелеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

2. Әдістемелік жұмыс жүйесін жетілдіру педагогикалық қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыру шарты ретінде және әдістемелік жұмыстың инновациялық нысандарын пайдалану арқылы білім сапасын қамтамасыз ету; әдістемелік жұмыс жүйесінде педагог қызметкерлердің кәсіби шеберлігінің өсуіне жеке-бағытталған тәсілге баса назар аудару; инновациялық өзгерістер жағдайында педагогтардың жұмыс істеуге дайындығын қалыптастыру.


3. Қазіргі заманғы ақпараттық компьютерлік технологияларды, қашықтықтан оқыту формаларын, әдістемелік жұмыс формаларының әртүрлілігін енгізу және пайдалану арқылы дамытушы ақпараттық-әдістемелік ортаны құру.

4. Жоғары мектепте бейіндік оқытуды ғылыми-әдістемелік және психологиялық сүйемелдеу жүйесін іске асыру.

5. Мүмкіндігі шектеулі сонымен қатар қабілетті және дарынды-шығармашыл балалардың өзін-өзі жетілдірулеріне жағдай жасау.

6. Объективті ақпарат алу және білім беру процесінің нақты жағдайын анықтау мақсатында ауданның білім беруді дамытудың негізгі бағыттары бойынша мониторингтік зерттеулер негізінде біртұтас ақпараттық-талдау жүйесін құру.

АӘК жоспарын талдау нәтижесі 9 адамнан тұратын топ (1 басшы, 8 қызметкер) ағымдағы жылы 40 іс-шара жоспарлаған. Жоспарланған іс-шаралар ауқымы 14-тен 4-ке дейін өзгеретіндігі 1.4.2-суретте көрсетілген.



1.4.2-сурет

- Семинарлар, дөңгелек үстелдер, мастер-класстар, конференциялар (14),
- Мектептерден құжаттарды ұсыну циклограммасы (9),
- Басшылық және бақылау (8),
- Курстық дайындықтар ұйымдастыру (5),
- Өңірлік әдістемелік бірлестіктер отырысы (4).

• Солтүстік-Қазақстан облысының Есіл ауданы әдістемелік кабинетінің 2019 жылға жұмыс жоспарының негізгі мақсаты білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында педагогтардың кәсіби құзыреттілігін және оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру. Жұмыс жоспарында 2018/2019 оқу жылында әдістемелік кабинеттің басым бағыттары төмендегідей:

1. Білім беру және тәрбиелеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

2. Әдістемелік жұмыс жүйесін жетілдіру, әдістемелік қызметтің инновациялық нысандарын пайдалану арқылы білім сапасын қамтамасыз ету және педагогтардың кәсіби деңгейін арттыру шарты; әдістемелік жұмыс жүйесінде педагог қызметкерлердің кәсіби шеберлігінің өсуіне жеке-бағытталған тәсілге баса назар аудару; инновациялық өзгерістер жағдайында педагогтердің жұмыс істеуге дайындығын қалыптастыру.

3. Қазіргі заманғы ақпараттық компьютерлік технологияларды, қашықтықтан оқыту формаларын, әдістемелік жұмыс формаларының әртүрлілігін енгізу және пайдалану арқылы дамытушы ақпараттық-әдістемелік орта құру.

4. Жоғары мектепте бейіндік оқытуды ғылыми-әдістемелік және психологиялық сүйемелдеу жүйесін іске асыру.

5. Мүмкіндігі шектеулі сонымен қатар қабілетті және дарынды-шығармашыл балалардың өзін-өзі жетілдірулеріне жағдай жасау

6. Объективті ақпарат алу және білім беру процесінің нақты жағдайын анықтау мақсатында ауданның білім беруді дамытудың негізгі бағыттары бойынша мониторингтік зерттеулер негізінде біртұтас ақпараттық-талдау жүйесін құру.


АӘК жоспарын талдау нәтижесі 13 адамнан тұратын топ (1 басшы, 12 қызметкер) ағымдағы жылы 40 іс-шара жоспарлаған. Жоспарланған іс-шаралар ауқымы 14-тен 4-ке дейін өзгеретіндігі 1.4.3-суретте көрсетілген.



1. 4.3-сурет

- Семинарлар, дөңгелек үстелдер, мастер-класстар, конференциялар (14),
- Мектептерден құжаттарды ұсыну циклограммасы (9),
- Басшылық және бақылау (8),
- Курстық дайындықтар ұйымдастыру (5),
- Өңірлік әдістемелік бірлестіктер отырысы (4)

Солтүстік-Қазақстан облысы Ғ. Мүсірепов атындағы ауданы әдістемелік кабинетінің 2019 жылға жұмыс жоспарында іс-шаралар айларға бөлініп көрсетілген. 1 басшысы 11 әдіскері бар әдістемелік орталықта 1.4.4 суретте көрсетілгендей 108 іс-шара жоспарланған.



1.4.4-сурет

Әдістемелік кабинеттер қызметінің жоспарларын талдау бойынша келесі өңір Қызылорда облысы болды. Аталған облыс әдістемелік кабинеттер жұмыс жоспарын Жалағаш, Қазалы аудандары бойынша ұсынды.

Қызылорда облысы Жалағаш ауданының 1 басшы, 12 әдіскерден тұратын әдістемелік кабинеті 2018 жылы 124 іс-шара өткізген (1.4.5-сурет). Іс-шаралар саны жұмыс бағыттары бойынша сараланған және 45-тен 2-ге дейін ауқымда өзгереді:

- оқушылармен жұмыс (45 іс-шара),
- педагогтермен жұмыс (35 іс-шара),
- педагог-психологтармен жұмыс (12 іс-шара),
- білім ұйымдарымен жұмыс (12 іс-шара),
- мектепке дейінгі ұйымдармен жұмыс (9 іс-шара),
- жас мамандармен жұмыс (6 іс-шара),
- инклюзивті білім беруді ұйымдастыру (3 іс-шара),
- облыстық іс-шаралар (2 іс-шара).



1.4.5-сурет

Сонымен қорыта келгенде, Жалағаш ауданы әдістемелік кабинеті, семинар-кеңестер, семинар-практикумдар, семинар-тренингтер, әдістемелік-алаң, педагогикалық оқулар, ашық есік күні, бақылау, декада, мастер-класс, тәжірибемен алмасу, шерулер, олимпиада, әлеуметтік жоба, зияткерлік ойындар және спорттық жарыстар сияқты әдістемелік қызметтің түрлі формаларын қолданған.

1 басшы, 11 әдіскері бар Қызылорда облысы Қазаалы ауданы әдістемелік кабинетінің әдістемелік жұмысы 5 бағытта жүргізілген:

- педагогтер үшін шығармашылық жағдай жасау – 168 іс-шара;
- оқушылардың шығармашылығын дамыту – 44 іс-шара;
- озық тәжірибелерді зерттеу және тарату – 41 іс-шара;

- оқытудың жаңа технологияларын және АКТ енгізу – 5 іс-шара;
- оқыту ресурстарын тиімді пайдалану – 5 іс-шара.

Қазалы аудандық әдістемелік кабинеті де семинарлар, семинар-практикумдар, семинар-тренингтер, облыстық семинар, онлайн-конференция, құқықтық оқыту, педагогикалық зертхана, ашық тәрбие сағаты, коучинг, мастер-класс, конференция, дөңгелек үстел, вебинар, жарыс, конкурс, жарыс, олимпиада, эстафета, спартакиада, педагогикалық оқулар, конкурс, флешмоб, жобалар байқауы, әдеби кеш, ғылыми жобаларды қорғау және т. б. бірқатар әдістемелік қызметтер жүргізген (1.4.6-сурет)




1.4.6-сурет

Батыс-Қазақстан облысы әдістемелік кабинетінің жұмыс жоспары 1 басшы және 23 әдіскердің қатысуымен 17 бағытта әдістемелік жұмыстар жүргізілгенін көрсетті. Жоспарланаған іс-шаралардың ауқымы 47-ден 3-ке дейін анықталды:

- оқу-тәрбие процесін технологияландыру – 47 іс-шара,
- жаппай іс-шараларды ұйымдастыру – 34 іс-шара,
- әдістемелік-нұсқаулық қызмет – 17 іс-шара,
- мектепке дейінгі және бастауыш оқыту мен тәрбиелеу – 17 іс-шара,
- ұйымдастыру қызметі – 11 іс-шара,
- оқыту процесін әдістемелік сүйемелдеу – 10 іс-шара,
- ақпараттық-баспа қызметі – 10 іс-шара,
- жалпы орта білім беру – 9 іс-шара,
- педагогтерді аттестаттау – 9 іс-шара,
- тұлғаны әлеуметтендіру және тәрбиелеу – 6 іс-шара,
- техникалық және кәсіптік білім беру – 5 іс-шара,
- жас педагогтармен жұмыс – 4 іс-шара,
- педагогтердің біліктілігін арттырудағы ынтымақтастық – 4 іс-шара,

- эксперименттік және инновациялық алаңдардың қызметі – 4 іс-шара,
- білім берудегі заманауи менеджмент – 4 іс-шара,
- білім беру мазмұнын жаңарту – 4 іс-шара,
- кәсіби шеберлік пен әдістемелік мәдениетті арттыру – 3 іс-шара.

(1.4.7-сурет)



1.4.7-сурет

Облыстық әдістемелік кабинеттің мақсаты: Батыс-Қазақстан облысында бірыңғай ғылыми-әдістемелік кеңістік құру және оқу-тәрбиелік, мазмұнды-ұйымдастырушылық, ақпараттық қамтамасыз ету. Жұмыс барысында әдістемелік қызметтің дәстүрлі түрі де, инновациялық түрі де қолданылды.

Орал қаласының әдістемелік орталығында әдістемелік қызмет пәндік білім саласы бойынша белгіленген. Атап айтсақ:

- қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің әдіскері,
- дінтану, құқық, экономика және тарих пәндері мұғалімдерінің әдіскері,
- сызу, бейнелеу өнері және технология пәндері мұғалімдерінің әдіскері,
- химия, биология және география пәндері мұғалімдерінің әдіскері,
- шағын орталықтар әдіскері,
- дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің әдіскері,
- тәрбие жұмысы бойынша әдіскер,
- алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімдерінің әдіскері,
- музыка пәні мұғалімі,
- физика пәні мұғалімі,
- эксперимент және ағылшын тілі бойынша әдіскер,

- психологтармен, логопедтермен және әлеуметтік педагогтармен жұмыс бойынша әдіскер,
- ғылыми іздену және дарынды балалармен жұмыс жөніндегі әдіскер,
- информатика пәні мұғалімдерінің әдіскері,
- математика және мониторинг мұғалімдерінің әдіскері,
- бастауыш сыныптардағы оқу-тәрбие жұмысы және олардың өзара әрекеттестігі жөніндегі әдіскер,
- орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің әдіскері,
- оқу кітапхана қоры бойынша әдіскер,
- инклюзивті білім беру және түзету сыныптарының әдіскері.

Орал қаласының әдістемелік кабинеті қызметінің мақсаты – оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігінің негізі ретінде білім беруді басқаруды жаңғырту. Осы мақсатқа сәйкес 2019 жылы әдістемелік кабинет 814 іс-шара өткізуді жоспарлаған. Әдістемелік кабинет құрамында 1 басшы және 22 әдіскер бар. Жоспарланаған іс-шараларды саралау нәтижесі төмендегідей көрініс берді, іс-шараның ауқымы 67-ден 3-ке дейін (1.4.8-сурет):



1.4.8-сурет

Тәрбиешілермен жұмыс – 67 іс-шара, бастауыш сынып мұғалімдерімен жұмыс – 60, ағылшын тілі пәні мұғалімдерімен жұмыс – 58, математика пәні мұғалімдерімен жұмыс – 42, орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерімен жұмыс – 41, әдістемелік-нұсқаулық қызмет – 34, логопед, психолог және әлеуметтік педагогтармен жұмыс – 33, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерімен жұмыс – 32, әдіскерлермен жұмыс – 26, химия, биология және география пәндері мұғалімдерімен жұмыс – 26, дене шынықтыру пәні мұғалімдерімен жұмыс – 25,

мектепке дейінгі даярлық шағын орталықтарымен жұмыс – 25, музыкалық жетекші мұғалімдермен, педагог-хореографтармен жұмыс – 25, тарих пәні мұғалімдерімен жұмыс – 23, мектепке дейінгі білім беру – 22, тақырыптық іс-шаралар – 20, қосымша білім беру – 20, жас мұғалімдер мектебі – 19, физика пәні мұғалімдерімен жұмыс – 19, сызу, бейнелеу өнері және технология пәндері мұғалімдерімен жұмыс – 18, информатика пәні мұғалімдерімен жұмыс – 14, қала педагогтерінің қызметтерін аттестаттау – 13, музыка пәні мұғалімдерімен жұмыс – 12, жаңа әдістемелік дереккөздермен танысу – 11, өзін-өзі тану пәні мұғалімдерімен жұмыс – 11, дене шынықтыру нұсқаушыларымен жұмыс – 11, өнідірістік отырыс – 10, кураторлармен және сынып жетекшілерімен жұмыс – 9, кәсіби диалог – 8, инклюзивті білім беру – 7, тәлімгерлермен жұмысы – 6, әдістемелік кеңес – 4, ата-аналармен жұмыс – 3.

Батыс Қазақстан облысы Бөкей аудандық әдістемелік кабинетінің қызметін талдау нәтижесі алға қойылған мақсат аясында 2019 жылы 98 іс-шара өткізу жоспарланғанын көрсетті. Әдістемелік кабинеттің жұмыс жоспарының мақсаты – Бөкей ауданының білім беру жүйесіндегі озық тәжірибе негізінде бірыңғай әдістемелік орта құру және оны қажетті құралдармен қамтамасыз ету.

Ағымдағы жылы әдістемелік кабинет, жүйе құраушы бағыттардың негізінде ауқымы 23-тен 2-ге дейін өзгертін іс-шаралар жүргізетін болады (1.4.9-сурет)

- оқу-тәрбие процесін технологияландыру - 23 іс-шара,
- әдістемелік-ұйымдастыру қызметі – 16,
- пәндік қауымдастықтарды ұйымдастыру – 12,
- сараптамалық-консультативтік-әдістемелік қызмет – 10,




1.4.9-сурет

- білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде әдістемелік сүйемелдеу – 7,
- оқушылармен жұмыс – 7,
- әдістемелік-ақпараттық жұмыс – 5,
- жаппай ұйымдастыру іс-шаралары – 5,
- аудандық әдістемелік кеңес – 4,
- ақпараттық-аналитикалық жұмыс – 2,
- үштілділік шеңберінде әдістемелік сүйемелдеу – 2,
- жас педагогтармен жұмыс - 2,
- педагогтарды аттестаттау – 2,
- кәсіби шеберлікті арттыру – 1.

Жамбыл облысы әдістемелік кабинеті қызметінің жұмыс жопары облыс көлемінде және Меркі ауданы бойынша ұсынылды.

Меркі ауданы бойынша 2019 жылға 13 бағытта 247 іс-шара жоспарланған. Жоспарланған іс-шара 1 басшы мен 22 әдіскердің қатысуымен жүзеге асады (1.4.10-сурет). Жоспарланған іс-шаралар ауқымы 74-тен 6-ға дейін өзгереді:

- семинарлар, семинар-практикумдар, шығармашылық сыныптар, коучинг сессиялар – 74 іс-шара,
- аудандық жарыстар, олимпиадалар және педагогикалық байқаулар ұйымдастыру – 44,
- ақпараттық-аналитикалық жұмыс – 20,
- озық педагогикалық тәжірибені тарату – 16,
- дарынды балалармен жұмыс – 15,
- ақпараттық-аналитикалық және баспалық қызмет – 15,
- жас мамандармен жұмыс – 14,
- спорттық және әскери-спорттық іс-шаралар – 13,
- оқу процесін оқу-әдістемелік ұйымдастырумен қамтамасыз ету – 11,
- білім беру процесін түзету және мониторинг жүргізу – 10,
- оқу-тәрбие ұйымдарының білім беру процесіне әдістемелік көмек – 9,
- педагогтердің біліктілігін арттыру және оларды ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету – 6.



1.4.10-сурет

Келесі салыстырмалы талдау, 23 адамнан тұратын Жамбыл облыстық әдістемелік кабинеттің 2019 жылға жұмыс жоспары болып табылады. Әдістемелік кабинеттің мақсаты – облыс педагогтарына 2019 жылы ақпараттық-әдістемелік көмек көрсету. Әдістемелік кабинет қызметі 16 бағыт бойынша талданды:

- оқу процесінің мониторингіжәне диагностикасы,
- оқу-әдістемелік қамту бойынша кеңес,
- облыстағы білім беруді ақпараттандыру,
- оқу-әдістемелік қамту бойынша іс-шара,
- педагогтің кәсіби дамуын ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету,
- онлайн-режимде іс-шара,
- форумдар, дөңгелек үстелдер, конференциялар, педагогикалық оқуларқашықтан оқыту семинарлары,
- коучинг-сессиялар, тренингтер, әдістемелік десанттар,
- шеберлік мектептері (әдіскерлер шеберханасы),
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру,
- Озық педагогикалық тәжірибені зерттеу және тарату,ақпараттық-библиографиялық баспа жұмысы,
- облыстықбайқаулар, олимпиадалар, фестивальдер,
- ғылыми және республикалық білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық,
- әдістемелік көмек көрсету бойынша білім беру ұйымдарымен байланыс,
- әдістемелік кабинет қызметкерлерінің біліктілігін арттыру.

Ағымдағы жылы барлығы 274 іс-шара жоспарланған, олар 1.4.11-суретте көрсетілгеніндейауқымы 39-дан 1-ге дейін анықталып, әдістемелік қызмет түрлері арқылы көрсетілген:

- семинар-практикумдар – 39,

- әдістемелік құралдар мен ұсынымдамалар – 33,
- бақылау – 32,
- озық педагогикалық тәжірибе тарату – 27,
- шеберлік мектептері – 19,
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында іс-шара - 17,
- онлайн семинар – 12,
- семинар – 12,
- оқыту семинарлары – 11,
- дөңгелек үстел – 10,
- әдістемелік кеңестер – 8,
- коучинг-сессия – 6,
- ғылыми-практикалық конференция – 6,
- ғылыми-практикалық семинар – 6, онлайн сабақтар – 4,
- қашықтан оқыту – 4,
- фестиваль – 4,




1.4.11-сурет

- жоба – 4,
- шерулер керуені – 3,
- акция – 3,
- семинар-тренинг – 3,
- пікірталас алаңы – 3,
- педагогикалық оқу – 3,
- олимпиада – 2,
- форумдар – 2,
- тарихи кеш - 1.

Атырау облысы Қызылқоға ауданының әдістемелік кабинеті 2019 жылға түрлі бағыттар бойынша барлығы 131 іс-шара жоспалаған. Оның ішінде, 40 семинар: жаратылыстану бойынша - 5, мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу бойынша – 5, эстетикалық қызмет бойынша-5, тәрбие және химия-биологиялық бағыт бойынша - 5, шығармашылық бойынша – 4, бастауыш мектеп бойынша-4, әлеуметтік–гуманитарлық бағыт бойынша– 4, психология және дене шынықтыру бойынша - 4, кітапхана қызметі бойынша – 3, АКТбойынша - 1;

91 байқаулар, атап айтсақ: шығармашылық бойынша-21, әлеуметтік-гуманитарлық бағыт бойынша-15, жаратылыстану бойынша-10, эстетикалық қызмет бойынша-10, мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу бойынша – 9, тәрбие және химия-биологиялық бағыт бойынша - 9, бастауыш мектеп бойынша – 7, психология және дене шынықтыру бойынша – 3, кітапхана қызметі бойынша – 4, АКТбойынша – 3 (1.4.12-сурет)



1.4.12-сурет

Атырау облысының Құрманғазы ауданы 2019 жылға 262 іс-шара жоспарлаған. Жоспарланған іс-шаралар бағыты төменде көрсетілген, іс-шарлар ауқымы 88-ден 4-ке дейін өзгереді:

- оқушылар арасында олимпиадалар және байқаулар – 88,
- мұғалімдер арасында олимпиадалар және байқаулар – 60,
- аудандық білім беру ұйымдарының мониторингі – 43,
- семинарлар және конференциялар – 42,
- декадалар, айлықтар – 16,
- әдістемелік күн – 9,
- әдістемелік кеңес отырысы – 4 (1.4.13-сурет).



1.4.13-сурет

Алматы облысының әдістемелік кабинеті 2019 жылға төменде көрсетілген бағыттар бойынша барлығы 105 іс-шара жоспарлағаны анықталды:


- облыстық көлемде іс-шаралар – 49,
- әдістемелік қолдау – 28,
- педагогтердің шығармашылық бірлестіктері -14,
- облыстық онлайн-семинар – 6,
- ғылыми-практикалық конференциялар және педагогикалық оқулар – 5,
- республикалық деңгейдегі іс-шаралар – 2,
- кәсіби байқау- 1 (1.4.14-сурет).



1.4.14-сурет

Алматы облысы Жамбыл ауданы 2019 жылға ауқымы 36-дан 3-ке дейін өзгертін, 12 бағыт және жобалар бойынша барлығы 211 іс-шара жоспарлаған:


- функционалдық сауаттылық – 36,
- білім берудің өзекті мәселелері бойынша іс-шаралар – 33,
- педагогтердің кәсіби байқаулары – 29,
- желілік қауымдастықтардың өзара әрекеттесуі– 25,
- жалпы педагогика мәселелері бойынша жобалар- 23,
- мұғалімдер тәжірибесіндегі сандық технологиялар – 22,
- кәсіби құзыреттілікті жетілдіру – 11,
- жас педагогтармен жұмыс – 11,
- оқушылырадың қатысуымен іс-шаралар – 9,
- оқу-әдістемелік құралдар баспасы – 5,
- әдістемелік кеңес отырысы – 4,
- педагогикалық олимпиада – 3 (1.4.15-сурет).



1.4.15-сурет

Алматы облысының Қаратал ауданы 2019 жылға 9 бағыт бойынша 204 әдістемелік іс-шара жоспарлаған. Іс-шаралар ауқымы 59-дан 4-ке дейін(1.4.16-сурет):

- жалпы педагогика мәселелері бойынша жобалар – 59,
- оқу пәндерін оқытудағы әдістемелік көмек – 31,
- әдістемелік-ұйымдастырушылық жұмыстары – 29,
- педагогтердің кәсіби байқаулары – 21,



1.4.16-сурет


- жас педагогтармен жұмыс – 18,
- озық педагогикалық тәжірибені зерттеу және тарату - 16,
- оқушыларды ҰБТ-ға дайындау және мұғалімдерді кәсіби жетілдіру – 16,
- педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру – 10,
- әдістемелік кеңес отырысы– 4.

Әдістемелік қызметтің түрлі формаларын қолдану жоспарланған (семинарлар, тренингтер, конкурстар, кеңестер және т. б.)

Келесі талдауда Ақтөбе облысы Мұғажар ауданы әдістемелік кабинетінің 2019 жылға жұмыс жоспары ұсынылған. Әдістемелік кабинет 280 іс-шараны 7 бағытта жоспарлаған. Өткізілетін іс-шаралар ауқымы 70-тен 7-ге дейін өгереді:

- семинарлар, конференциялар – 70,
- дарынды балалармен жұмыс – 63,
- әртүрлі іс-шаралар – 62,
- есептер, жоспарланған іс-шаралар – 34,
- жобалар – 24,
- оқу пәндерін оқытудағы әдістемелік көмек - 20,
- әдістемелік кеңес отырысы– 7(1.4.17-сурет).

Жұмыс барысында мастер-класс, көрме, дөңгелек үстел, форум, слет, конкурстар сияқты қызмет түрлері қолданылады.



1.4.17-сурет

Осылайша, әдістемелік кабинеттердің ұсынылған мәліметтері бойынша олардың қызметіне талдау жүргізілді, нәтижесінде әдістемелік орталықтар өңірлердегі әдістемелік қызметті үйлестіретін білім басқармасының маңызды құрылымдық құрамдас бөлігі болып табылатынын атап өтуге болады. Әдістемелік орталықтар/кабинеттер Қазақстанның барлық аймақтарында сақталған.

1.4.18-суретке сәйкес әдістемелік орталықтар/кабинеттер қызметінің мониторингі штаттық қамтамасыз етудің жеткіліксіз болғанымен, өте көп іс-шаралар жоспарлаған:

- Орал қ. ӘО/К - 814,
- Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы ӘО/К - 280,
- Жамбыл облысы ӘО/К - 274,
- Солтүстік-Қазақстан облысы Айыртау ауданы ӘО/К-249,
- Қызылорда облысы Қазалы ауданы ӘО/К – 263,
- Атырау облысы Құрманғазы ауданы ӘО/К – 262,
- Жамбыл облысы Меркі ауданы ӘО/К – 247,



1.4.18-сурет

- Алматы облысы Қаратал ауданы бойынша ӘО/К – 204,
- Алматы облысы Жамбыл ауданы ӘО/К - 211,
- Батыс Қазақстан облысы ӘО/К -198,
- Атырау облысы Қызылқоға ауданы ӘО/К – 131,
- Қызылорда облысы Жалағаш ауданы бойынша (2018 жылғы жоспары) ӘО/К– 124,
- Солтүстік-Қазақстан облысы Ғ. Мүсірепов атындағы аудан бойынша ӘО/К – 108,
- Алматы облысы бойынша ӘО/К – 105,
- Батыс-Қазақстан облысы Бөкей ауданының ӘО/К -98,
- Солтүстік-Қазақстан облысы М. Жұмабаев атындағы аудан бойынша ӘО/К - 40,
- Солтүстік-Қазақстан облысы Есіл ауданының ӘО/К -40.

Мониторингтік зерттеу барысында әдістемелік қызметті жетілдіру мақсатында *өңірлік әдістемелік қызметтердің ұсыныстары мен ұсынымдары* жинақталды және зерделенді:

- білім беру басқармалары мен бөлімдерінің әдіскерлерінің жалақысын білім беру ұйымдары басшыларының жалақы деңгейіне дейін арттыруды қарастыру;
- әдістемелік кабинеттердің материалдық-техникалық базасын нығайту үшін облыстық немесе республикалық бюджеттен қаражат қарастыру;
- әдіскерлер бойынша бірыңғай лауазымдық нұсқаулықтар мен функционалдық міндеттерді әзірлеу;

- білім беру бөлімдерінің әдістемелік кабинеттерінің нақты құрылымын, функционалдық жүктемесін анықтау;
- білім беру ұйымдарының қызметіне неғұрлым атаулы әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асыру мақсатында білім беру бөлімдерінің әдістемелік кабинеттерінің штаттық кестесін қайта қарау;
- қызмет бағыттары бойынша әдіскерлердің, құрылымдық бөлімшелердің басшыларының лауазымдық мөлшерлемесін қосу, мысалы: мониторингтік зерттеулер бөлімінің басшысы, гуманитарлық пәндеріне жетекшілік ету бөлімінің басшысы;
- демалыс ұзақтығын сауықтыру жәрдемақысы төленетін 56 күнге дейін қарастыру;
- әдіскерлердің функционалдық міндеттеріне тән емес жұмыс түрлерін орындамауын нормативтік қамтамасыз ету;
- білім беру саласындағы уәкілетті органдар деңгейінде әдістемелік қызметтің реттейтін жергілікті нормативтік актілерді (әдістемелік кабинеттің Үлгі ережесі, әдіскерлердің еңбегіне ақы төлеу, штаттық кесте, әлеуметтік кепілдіктер және т. б.) дайындау және бекіту;
- әдістемелік қызметтің өзекті мәселелерінің «Педагог мәртебесі туралы» заң жобасына «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы әдістемелік қызметтің рөлі» жеке пунктінде енгізу;
- мотивацияны арттыру мақсатында педагогикалық санатқа, тілдік курстар мен жаңартылған бағдарламалар бойынша курстарға қосымша үстемеақы енгізу;
- кадрлық резервті қалыптастыру мақсатында «Жас әдіскер мектебін» құру;
- білім беру мазмұның жаңартуды ескере отырып, қалалық әдістемелік кабинеттің жұмысын ұйымдастыру және әдістемелік кабинет туралы ережені әзірлеу үшін, республика деңгейінде әдістемелік кабинеттердің Үлгілік штаттары, оның қызметінің бағыттары, әдіскерлер лауазымдары туралы заңнамалық актілерді қабылдау қажет (функцияларды нақтылау) ;
- мемлекеттік бағдарламада «магистр» академиялық дәрежесі бар мұғалімдердің санын арттыру қажеттілігі көрсетілуіне байланысты, педагог қызметкерлерге (әдіскерлерді қоса алғанда) «магистр» академиялық дәрежесі үшін үстемеақыны қарастыру;
- ҚР Білім және ғылым министрлігі тағайындайтын « Ыбырай Алтынсарин», «Білім берудің құрметті қызметкері» белгілер иелеріне әлеуметтік жеңілдіктер мен қосымша ақылар қарастыруды ұсыну.
- әдістемелік кабинеттер жұмысының көптеген бағыттарын цифрландыруды қарастыру, бұл жергілікті жерлерде әдістемелік қызметтер дайындайтын кез келген ақпараттық ресурстардың кеңдігі мен тұрақты қолжетімділігін арттырады;
- әдіскерлер еңбегінің әлеуметтік тартымдылығын арттыру, бұл өз кезегінде мектепке дейінгі, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтарына пәрменді ақпараттық-әдістемелік, дидактикалық

көмек көрсете алатын жоғары дәрежелі педагог-шеберлердің ағыны есебінен әдістемелік кабинеттерді күшейтуге мүмкіндік береді;

- әдіскерлерге Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшыларын конкурстық тағайындау ережесі» бойынша лауазымға орналасу құқығын беру;

- аудандық әдістемелік кабинеттердің жұмысына басшылық ету жергілікті атқарушы органдардың құзыретінен босатылсын және тікелей облыстық әдістемелік орталыққа берілсін;

- педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу ережелері мен шарттарына сәйкес әдіскерлерді мерзімді аттестациясын өткізу;

- 2008 жылғы 30 қаңтардағы «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары» Үкіметтің қаулысына «Ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары» 9-тармағымен толықтыру арқылы өзгерістер енгізу;

- ҚР Білім және ғылым Министрінің 22.02.2013 жылғы №50 «Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы» бұйрығында әдістемелік кабинеттер, ресми құрылым ретінде, 11-тармағының 2 тармақшасында бекітілген.«Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы »ҚР БҒМ 13.07.2009 ж. №338 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" 27.12.2013 ж. №512 бұйрықта әдістемелік кабинеттер қызметкерлері лауазымдарының атаулары тізімделген : меңгеруші, орынбасар, әдіскер, алайда лауазымдық мөлшерлеме санын анықтау бойынша есептік көрсеткіш жоқ;

- шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасуды ұйымдастыру.

Әдістемелік кабинеттердің/орталықтардың қызметіне жүргізілген талдау негізінде олардың дамуындағы келесі **күшті жақтарын** атап өтуге болады:

1. Әдістемелік қызметтің көп деңгейлі сипаты (өңір, қала, білім беру ұйымы, педагогтер).

2. Әдістемелік әзірлемелер мазмұнының ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудің қазіргі заманғы талаптарына сәйкестігі.

3. Көптеген білім беру ұйымдарында жаңа ақпараттық қызметтер мен әдістемелік өнімдер түрлерін енгізу, әдістемелік кабинеттер қорларының сапалы өсуі, педагогтердің авторлық үлесі.

4. «Сыртқы» әдістемелік функцияларды белсенді іске асыру, көптеген білім беру ұйымдарын ақпараттық-әдістемелік және кеңес беру орталықтарына айналдыру.

5. Педагогикалық кадрлардың кәсіби өсуін қамтамасыз ету жүйесін құру тәсілдерін әзірлеу, атап айтқанда: семинарлар, дәрістер және басқа да түрлер арқылы оқыту, әдістемелік бірлестіктер, мастер-кластар, шығармашылық топтар, педагогикалық зертханалар және шеберханалар арқылы педагогтармен практикалық жұмыс.

6. Педагогтердің әдістемелік қызметін жандандыру мақсатында түрлі деңгейдегі конкурстарды ұйымдастыру.

Сонымен қатар талдау нәтижесі негізінде әдістемелік орталықтар/кабинеттер қызметінің *әлсіз жақтарын* да атап өтуге болады:

1. ағымдағы жылы жоспарланаған көптеген іс-шаралар бойынша білім беру саласындағы барлық іс-шараларға әдіскерлер белсенді қатысты деген қалыптасады;

2. жоспарлау кезінде әдістемелік қызметтің нақты критерийлерін ұстану қажет, өйткені жоспардың ауқымы мақсатқа жетуді төмендетуі мүмкін;

3. әдіскерлердің кәсіби дайындығының жеткіліксіз деңгейі;

4. біліктілікті арттыру мүмкіндіктеріне формальды көзқарас және педагогтар мен әдіскерлердің жеке сұраныстарына, қажеттіліктеріне немқұрайлы қарау;

5. педагогикалық тәжірибені тарату және талдаудың, білім беру процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудің, тәрбие қызметінің үстіртін қаралуы;

6. оқу процесінің жағдайы мен нәтижелілігіне әдістемелік қызметтің қадағалау жүйесінің тиімділігінің төмендігі;

7. әдіскерлердің жұмыс жағдайы айтарлықтай күрделі болғанына қарамастан, еңбек ақы төлеудің төмендігі;

8. білім беру процесін нормативтік-дидактикалық қамтамасыз етуді әзірлеуге әдіснамалық тәсілдерді негізсіз таңдау;

9. әдіскерлер мен педагогтар арасында міндеттерді нақты ажыратудың болмауы.

Сонымен, білім берудегі қазіргі жағдай, білім беру мәртебесі мен міндеттерінің өзгеруі, оған балалар мен ата-аналар тарапынан қойылатын жаңа талаптар, сондай-ақ басқа да бірқатар себептер әдістемелік орталықтың/кабинеттің қызметін ұйымдастырудың ерекше өзектілігін береді, сол себепті әдістемелік орталық/кабинет бүгінгі таңда:

- соңғы реформалар жағдайында білім беруді дамытуды қамтамасыз етуі;

- педагогтердің шығармашылық әлеуетін дамытуы, үздік тәжірибені анықтауы және жинақтауы, сонымен қатар үздік тәжірибедегі ең бастысын анықтап, қызметкерлерге жеткізуі;

- білім берудің жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу бойынша міндеттерді шешуі;

- заманауи педагогикалық парадигмаға және жаңа педагогикалық технологияларға негізделген білім беру процесінің жоғары сапасына қол жеткізуі;

- тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізуді ұйымдастыруы тиіс.

2. ОБЛЫСТЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК КАБИНЕТТЕРДІҢ/ОРТАЛЫҚТАРДЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Білім беру жүйесін дамытудағы жетекші бағыттар Білім беруді дамытудың 2016-19 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анықталған және әдіскерлердің, білім беру ұйымдары басшыларының, педагогтардың қызметін үнемі жетілдіру жағдайында іске асырылуы мүмкін. Қазіргі уақытта өз қызметінің мазмұнын сыни, шығармашылық ұғынып, ғылым мен педагогикалық тәжірибе жетістіктерін қолдану арқылы жаңартуға қабілетті мұғалім қажеттілігі артты. Осыған байланысты мұғалімнің қызметін қамтамасыз ететін әдістемелік сүйемелдеу функциялары өзгереді, барлық деңгейде әдістемелік жұмысты ұйымдастыру тәсілдері жаңғыртылады.

Білім басқармаларының әдістемелік кабинеттері өз қызметін «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қаулы жобасына сәйкес жүзеге асырады. Әдістемелік кабинеттер ҚР БҒМ 2013 жылғы 11 қыркүйектегі № 370 «Ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жұмыс істейді, онда ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларының жалпы ережелері 2 «Әдістемелік орталықтар (кабинеттер)» параграфында жазылған.

Білім беру ұйымдарында және тиісті инфрақұрылымда, оның ішінде оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметті үйлестіру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығымен бекітілген оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Әдістемелік орталық (кабинет) қызметінің мақсаты мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыруда білім беру ұйымдарын оқу-әдістемелік қолдауды жүзеге асыру, үздіксіз білім беру үшін жағдай жасау, педагог және басшы кадрлардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіру болып табылады.

Әдістемелік орталықтардың (кабинеттердің) оқу-әдістемелік жұмысының негізгі бағыттары:

- 1) педагогке, білім беру ұйымдары мен әдістемелік бірлестіктерге көмек көрсетуге бағытталған, оқу-тәрбие процесін жетілдіруге, білім беру қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру бойынша оқу - әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және өткізу (консультациялар, сабақтарды талдау, дәрістер, мастер-кластар, семинарлар, ғылыми-практикалық конференциялар, педагогикалық оқулар, Педагогикалық шеберлік мектептері, кәсіби шеберлік конкурстарын өткізу);

2) білім беру сапасын қамтамасыз ету, оқу-әдістемелік жұмыстың мазмұнын жетілдіру бойынша әдістемелік құралдар, ұсынымдар әзірлеуді ұйымдастыру;

3) педагогикалық қызметті зерделеу, талдау және бағалау, тәрбиеленушілер мен оқушылардың білім жетістіктерін мониторингілеу, жұмыс тәжірибесін жинақтау мен жүйелендіруді қамтамасыз ету, жұмыстың тиімді нысандары мен олардың нәтижелері туралы деректер банкіні құру;

4) білім беру ұйымдары мен педагогтарға инновациялық қызметке қолдау көрсету, тәжірибелік-эксперименттік және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;

5) педагогтарды мемлекеттік білім беру саясатының негізгі үрдістерімен уақтылы таныстыру, оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін, сыныптан тыс, мектептен тыс пәндік және тәрбие жұмыстарын зерделеу және шығармашылық игеру;

6) педагогтарды балалар мен ересектерді оқыту, тәрбиелеу және дамыту мәселелері бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік әдебиет туралы қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету, ақпараттық-библиографиялық жұмыс жүргізу, бейне, медиатека жасау;

7) қалалық, аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық деңгейлерде білім алушыларды білім беру мен тәрбиелеуге қатысатын ғалымдармен, білім беру ұйымдарымен, мемлекеттік және үкіметтік емес құрылымдармен өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты ұйымдастыру;

8) жетекші мамандарды тарта отырып, оқу-әдістемелік материалдарды сараптау, оқу-әдістемелік және сараптамалық кеңестердің, уақытша ғылыми-зерттеу және шығармашылық топтардың қызметін үйлестіру;

9) біліктілікті арттыру ұйымдарымен бірлесіп, педагогикалық және басшы қызметкерлердің біліктілігін арттыруды болжау, жоспарлау және ұйымдастыру, педагогтарға үздіксіз білім беру жүйесінде ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсету.

Әдістемелік кабинеттер/орталықтар қызметінің табысты тәжірибесі педагогтардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасауға, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруға бағытталған жұмыстағы белгілі бір жаңалықтарды көрсетеді.

Ақмола облысы әдістемелік қызметінің ерекшеліктерінің бірі 2016 жылы Республикалық әдістемелік қызмет модельдерінің конкурсында Гран-при жеңіп алған инновациялық әдістемелік қызмет моделін әзірлеу болып табылады. Осы модельді құрастырушы-педагогика ғылымдарының кандидаты Кушпаева Гүлнар Бүркітбайқызы.

Мектептерде робототехниканы енгізу ҚР Президентінің Жолдауына сәйкес жүргізіледі, МЖӘ негізінде КБКК базасында бизнес-инкубатор ашылды, бұл жаңа мамандықтарды енгізуге мүмкіндік берді: бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеушінің көмекшісі, сандық ақпаратты әзірлеу жөніндегі маман, менеджер. 01.09.2018 жылдан бастап 10 сыныптың 102 оқушысы дайындалуда.

Модельдеу, компьютерлік графика негіздерін оқыту үшін 3D модельдеу зертханасы, бағдарламалау және құрастыру дағдыларына оқыту үшін робоклуб жұмыс істейді. Жалпы осы кабинеттердің барлығы бірлескен қызметке бағытталған және «тегін ІТ сыныптары» партиялық жобасын жүзеге асырады.

Сонымен қатар, педагогикалық тәжірибені жинақтау мақсатында «Педагогикалық идеялардың вернисажы» конкурсы ұйымдастырылды, мұнда мұғалімдер авторлық бағдарламалар ұсынады.

Жас педагогтарды қолдау үшін «Педагогикалық үміт» конкурсын өткізу дәстүрге айналды.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін «Білімге жол» облыстық интеллектуалдық марафоны өткізіледі, оған дарынды балалар қатысады. Бұл сайыста «ЖАС ЗИЯТКЕРЛЕР», «БІЛІМ ҚҰМАРЛАР» номинациялары анықталды. Бірақ жұмыстың негізгі бағыты мұғалімдердің кәсіби өсуі болып табылады. Сондықтан әдістемелік кабинеттің барлық жұмысы кадрлардың біліктілігін арттыру мәселесін шешуге бағытталған. Осы мәселені жүзеге асыру үшін дәстүрлі түрде пән мұғалімдерінің форумдары өткізіледі, онда пән мұғалімдері қауымдастығының қызметі жандандырылады. Бірнеше жыл бойы математика мұғалімдері үнемі жұмыс істейтін семинарларда оқу үдерісін ұйымдастыру мәселелерін шешеді. Ағымдағы жыл математика жылы деп жарияланды, бұл математикалық цикл пәндерін оқытуды сапалы деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

2010 жылдан бастап инклюзивті білім беруді дамыту бойынша жұмыс жүргізілуде, оның негізгі принципі ерекше білім беру қажеттілігі бар баланың тиісті жағдай жасау кезінде жалпы білім беру ортасында дені сау құрдастарымен бірге білім алуға құқығы болып табылады.

Инклюзивті білім беру үшін жағдай жасау үдерісіне тартылған барлық құрылымдардың іс-әрекеттерін реттеу және үйлестіру мақсатында 2014 жылдың ақпан айында білім басқармасы жанынан инклюзивті білім беруді дамыту бойынша Үйлестіру кеңесі құрылды. Үйлестіру кеңесі облыстың білім басқармасы жанындағы алқалы-кеңесші орган болып табылады, оның негізгі міндеті инклюзивті білім беруді енгізуге тартылған немесе мүдделі барлық құрылымдардың күшін біріктіру, инклюзивті білім берудің жағдайын жақсарту және дамыту бойынша білім беруді басқарудың мемлекеттік органдары, білім беру ұйымдары үшін ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу болып табылады. Кеңес құрамы мемлекеттік органдар мен білім беру ұйымдарына, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдар мен ата-аналарға проблемалар мен ұсыныстарды жариялау және талқылау мүмкіндігін беру қағидатында құрылған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ақпараттық-талдау орталығы Үйлестіру кеңесінің жұмыс істеуінің оң тәжірибесін атап өтті, Кеңестің жұмыс тәжірибесін басқа өңірлерге таратуды ұсынды.

Қазақстанның әр аймақтарынан педагогтер арасында тәжірибе алмасуды ұйымдастыру, мектептерде балалардың жеке білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін мүмкіндіктер жасау мақсатында даму ерекшеліктерімен

бірге мынадай жобалар іске асырылды: «Ақмола облысының білім беру ұйымдары мен педагогикалық қызметкерлерінің желілік өзара іс-қимылы» (2015 ж.), «Жалпы білім беретін мектеп жағдайында ЖТД-мен оқушыларды оқытудың инклюзивті тәжірибелерін енгізу бойынша Қазақстанның солтүстік аймақтарындағы білім беру ұйымдарының желілік өзара іс-қимылы» (Ақмола, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары, 2016 ж.)

2018 жылы Көкшетауда «Мұғалімнің көшбасшылығын дамыту жобасы» халықаралық бағдарламасының Ұлыбританиядан келген үйлестірушілерінің қатысуымен «Инклюзивті білім берудегі мұғалімнің көшбасшылығы» тақырыбында аймақтық конференциясы өткізілді.

Ақмола облысының педагогикалық мамандықтар бойынша оқытатын колледждерінде Үйлестіру кеңесі төрағасының ұсынымдарына сәйкес 2017 жылдан бастап «Инклюзивті білім беру негіздері» факультативтік курсы енгізіледі.

2019 жылдың ақпан айында Ақмола облысында инклюзивті тәжірибелерді енгізу және дамыту бойынша тәжірибені тарату мақсатында Қазақстан Республикасында алғашқы инклюзивті білім беру облыстық фестивалі өтті. Облыстың білім беру жүйесінің педагог қызметкерлері инклюзивті білім беру мәселелері бойынша халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларға, дөңгелек үстелдерге жүйелі түрде қатысады.

Ақтөбе облысында әдіскерлердің біліктілігін арттыру үшін үшінші жыл «Жас әдіскер мектебі» жұмыс істейді, онда келесі «Әдістемелік жұмыс – шеберлікті дамыту мектебі», «Білім беру ұйымдарында әдістемелік жұмысты басқарудың және ұйымдастырудың жаңа әдістері» зертханаларда әдіскерлерге оқыту жүргізіледі.

Бүгінгі күні облыста «Практикадағы рефлексия» оқыту семинары жұмысын бастады, онда мектеп жаттықтырушылары педагогтарға курстан кейінгі сүйемелдеуді жүргізеді, сондай-ақ курстардан әлі өтпеген мұғалімдерді жаңартылған білім беру мазмұнының ерекшеліктеріне үйретеді. Педагогтер білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында сабақтың ұйымдастырылуымен тәжірибе жүзінде танысады, заманауи сабақтың, жоспарлаудың ерекшеліктерімен танысады.

Жаңартылған білім беру жағдайында «Үздік сынып жетекшісі», «Үздік тәрбиеші», «Дарынды оқушы-дарынды мұғалім», «Шеберлік сатылары» конкурстары тәжірибе алмасудың дәстүрлі алаңына айналды.

Білім беру ұйымдарында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған тәрбие жұмыстарына ерекше көңіл бөлінеді. 2018-2019 оқу жылында «Балалар – біздің болашағымыз», «Болашақ бүгіннен басталады», «Достық шекарасы жоқ», «Бүкіл әлем мен үшін» сияқты көптеген конкурстар, акциялар, фестивальдар, жобалар ұйымдастырылды.

Алматы облысында білім беру ұйымдарының басшыларына арналған «Табысты басшы» атты облыстық жобаны табысты жұмыс тәжірибесі деп атауға болады. Алматы облысының аудандары мен қалаларында «Әдістемелік

консалтинг» жобасы дайындалды, оның басты мақсаты әдістемелік көмек көрсету болып табылады. Осы жоба аясында орта білім беру ұйымдарында Ашық есік күндері, «Мектепішілік бақылауды ұйымдастыру – білім сапасын арттыру кепілі» білім сапасын арттыру мақсатында оқыту семинарлары өткізіледі. Сонымен қатар, білім сапасы төмен мектеп педагогтары үшін олардың кәсіби өсуі мақсатында іс-шаралар өткізіледі: ашық сабақтар, коучингтер, тренингтер, дөңгелек үстелдер. Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде білім сапасы 3-5% - ға артады.

Білім сапасын тұрақты арттыруды көрсететін мектептердің тәжірибесімен алмасу мақсатында «Бір мақсат, бір нәтиже» жобасы дайындалды. Осы жобаға сәйкес білім алушылардың білім сапасы төмен мектеп педагогтары жоғарыда көрсетілген мектептерде сабақтарға қатысады, сонымен қатар педагогтар үшін заманауи сабақты ұйымдастыру бойынша мектеп әдіскерлерімен диалогтық алаң ұйымдастырылады. Білім беру сапасын арттыру бойынша жұмысты жалғастыру мақсатында «Мектеп әдіскерінің бір күні» іс-шарасы ұйымдастырылды, оның шеңберінде оқу-әдістемелік кабинеттің әдіскерлері мектептің әдістемелік қызметінің жұмыс тәжірибесімен танысады, ашық сабақтарға қатысады, сабақты талдауға, жоспарлауға, оқу процесінде жаңа технологияларды қолдануға әдістемелік көмек көрсетеді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында мектептерде «Математикадан логикалық есептерді шешу жолдары», «Оқырман сауаттылығын арттыру бойынша мәтіндік тапсырмалармен жұмыс» атты әдістемелік десант ұйымдастырылды.

Жамбыл облысының әдістемелік жұмысының ерекшелігі Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесін, педагогикалық технологиялар мен эксперименттік жұмыстар бойынша тарату мақсатында «Білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында сыни тұрғыдан ойлау технологиясын оқыту» экспериментін жүргізу болып табылады.

Эксперименттік жұмыстың келесі бағыты ресурстық орталықтар арасында «Оқушылардың эстетикалық тәрбие арқылы ұлттық дүниетанымын қалыптастыру» эксперименттік алаң құру болып табылады.

Облыстың білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы жаңа деңгейге қойылып, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған. Дәстүрлі іс-шара «Табиғатты аяла» экофорумы болды. Акт талаптарына жауап беретін заманауи іс-шара «Үздік виртуалды мектеп мұражайы» іс-шарасы болып табылады.

Облыста әдістемелік жұмыстың жаңалығы келесі бағыттар бойынша – химия-биологиялық, физика-математикалық, тарихи-географиялық, лингвистикалық, ақпараттық шығармашылық, зерттеу және жобалау жұмыстарын ұйымдастыру бойынша педагогтар мен оқушыларға атаулы көмек көрсету мақсатында «Сырттай мектеп» жобасын құру болып табылады. Жобаның қатысушылары 5-9 сынып оқушылары мен педагогтары. Онлайн-режимде «Онлайн-зертхана» кіші жобасы аясында педагогтармен тәжірибе алмасу, сабақтар өткізіледі.

Қызылорда облысы білім беру ұйымдарын цифрлық ресурстармен қамтамасыз етудің флагманы. 22 шағын жинақты мектеп облыстық бюджеттен 152 Bilimbook жиынтығымен қамтамасыз етілді. Сондай-ақ шағын жинақты мектептер үшін білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында оқу бағдарламалары таратылды. Барлық тоғыз «Мектеп оқушысының үйі» робототехника кабинеттерімен жабдықталған.

Білім берудің жаңартылған мазмұнына көшкен сыныптарда сабақ беретін мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету мақсатында «Әдістемелік күн» үнемі өткізіледі.

Аудандық әдістемелік кабинеттерде «Ізденіс» жас педагог мектебі келесі бағыттарда жұмыс істейді:

- декада «Жас педагогтарды оқу іс-әрекетін талдаудың жүйелі әдісін оқыту»

- тәлімгерлік «Білім алушылардың білім сапасын арттырудағы мұғалімнің құзыреттілігінің рөлі»

- семинар «Теория мен практиканың синтезі-педагогтың кәсіби өсуінің негізгі шарты»

- Ашық сабақтар өткізу

- «Ұзартылған күн топтарының» жұмысын жаңарту жаңа тәжірибе көрінісі.

Батыс-Қазақстан облысында аймақтың әдістемелік жұмысын жетілдірудің негізгі нысандары:

- «Әдістемелік консалтинг» қызметі, оның мақсаты педагогтардың кәсіби өсуі, оларға әдістемелік қолдау көрсету болып табылады;

- «Әдістемелік десант» практикалық кеңесі, оның негізгі бағыты ауылдық және шағын жинақты мектептердің педагогтарына әдістемелік көмек көрсету болып табылады;

- командалық оқыту аясында екі мұғалім бір уақытта сабақ өткізеді. Бір мұғалім сабақтың теориялық бөлімін түсіндіреді, екінші мұғалім сабақтың практикалық бөлімін өткізеді. Олардың әрқайсысы ассистент рөлін атқара алады.

Өңірде «Директорлық диалог» қоғамдастығы, «Network» педагогтардың шығармашылық тобы, критериалды бағалау бойынша мектеп үйлестірушілерінің желілік қоғамдастықтары құрылған. Облыс білім беру ұйымдары директорларының кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін «Өсу векторы» жобасы құрылды, ол бірнеше бағыттан тұрады:

- Astana Garden School Халықаралық мектебінің, «Достық», «Ustady» оқу орталықтарының және педагогикалық шеберлік орталығының қатысуымен мектепті басқару жүйесін құру бойынша әдістемелік көмек көрсету мақсатында білім беру ұйымдарының жас басшыларына арналған «Сырттай сүйемелдеу» жобасы;

- Халықаралық Мектептер мен Алматы қаласының білім беру жүйесін басқару институтының тәжірибе алмасу мақсатында «Ойтолғау сәті» жобасы.

Дарынды балалармен жұмыс істеу үшін «Олимп» жобасы құрылды, оның шеңберінде тәжірибелі мұғалімдер дарынды оқушылардың олимпиадалық резервімен жүйелі жұмыс жүргізеді.

Ағымдағы оқу жылында "ШЖМ-те үш күн" жобасы басталды, ол шағын жинақты мектептердің педагогикалық ұжымдарына мектеп қабырғасында іс-шараларды ұйымдастырудың арқасында кәсіби өсуді арттыруға мүмкіндік береді: басқа мектептерден мұғалімдердің сабақтар сериясын өткізуі, әдістемелік кеңестер, пәндік әдістемелік бірлестіктер, тренингтер, вариативті компоненттен сағат өткізу.

Білім беру ұйымдары директорлары орынбасарларының шығармашылық әлеуетін дамыту және кәсіби құзыреттілігін арттыру үшін « Білім. Инновациялар. Әдістемелік идеялар» конкурсы өткізілді.

«Орал өңірі» жобасының негізгі міндеттері оқырмандардың интеллектуалды – танымдық дамуына, оқуға деген қызығушылықты дамытуға ықпал ету, оқу сауаттылығын жетілдірудегі жаңа әдістердің тиімді жақтарын зерделеу болып табылады. Бұл жоба мектеп кітапханашыларымен бірге жүреді.

«Даналық сатысы» Педагогикалық шеберлік мектебі педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады, оның негізінде педагогтердің шеберліктің даму деңгейі бойынша саралануы жатыр:

1 топ – шығармашылықпен жұмыс істегісі келетін және жұмыс істей алатын, ынталы және тиімді еңбек ететіндер (өз ісінің шебері) «Жоғары педагогикалық шеберлік мектебін» құрайды, оның мазмұны педагогтердің практикалық қызметінің келесі алгоритмін іске асыру болып табылады: жаңа идея – ашық сабақ – талдау – идеяның шығармашылық дамуы. Топтың негізгі міндеті-оқушылардың өзара іс-қимылын жүзеге асыру үшін жас педагогтардың теориялық-практикалық дайындығын қамтамасыз ету және білім беру үдерісін сүйемелдеу саласында олардың кәсіби құзыреттілігін дамыту.

2 топ – шығармашылықпен жұмыс істегісі келетіндер, бірақ әлі де осы еңбек деңгейіне жетуде қиындықтарға тап болатындар «Педагогикалық шеберлікті жетілдіру» мектебіне кіреді. Топтың жұмыс алгоритмі: қиындықтарды талдау- проблеманы қою және шешу – өздігінен білім жетілдіру -практикалық жаттығу сабақтары – педагогикалық қызмет- өз тәжірибесін жасау-талдау-тәжірибені дамыту перспективаларын анықтау - оны дағдыға жеткізу. Топтың негізгі міндеті – педагогтарға жұмыс барысында туындайтын оқу-тәрбие мәселелерін шешуде инновациялық технологияларды таныстыру және қолдану арқылы педагогикалық көмек көрсету. Топ жұмысы ғылым мен тәжірибенің байланысы идеясына негізделген.

3 топ-жас мамандар (немесе кейде жаңадан келген) – «Жас педагогтің қалыптасу мектебі» - әрбір педагогты өсірудің жеке бағдарламасын іске асыру.

Топтың негізгі міндеті – қазіргі жағдайда педагогикалық қызметті моделдеу бойынша жас мамандардың жұмысын ұйымдастыру, педагогтың өз шеберлігін жетілдіру жолдары мен құралдары туралы түсініктерін қалыптастыру.

Солтүстік-Қазақстан облысының әдістемелік қызметі келесі бағыттар бойынша мониторинг жүргізеді:

1. Әдістемелік кабинет қызметкерлері қызметінің мониторингі;
2. Мектептердегі оқыту үрдістерінің мониторингі;
3. Білім алушылардың білім сапасының мониторингі.

Мониторингтік зерттеу аясында аймақта келесі іс-шаралар өткізіледі:

- «Жыл әдіскері» конкурсы;

- пән мұғалімдерінің форумдары;

- «Облыс мектептерінде математиканы оқытуды жетілдіру: қазіргі жағдайы мен даму болашағы»;

- «Білім беруді жаңғырту жағдайында химия мен биологияны оқытудың заманауи тәсілдері»;

- «Қазақстан Республикасындағы филологиялық білім беру: жағдайы мен болашағы»;

Мониторингтік зерттеулер саласындағы жобалар республикалық оқу-әдістемелік кеңес отырысының бірінде елдің әдістемелік кабинеттеріне ұсынылды.

«Дарындылықты дамыту» бағдарламасын іске асыру шеңберінде өңірде дарынды балалармен жүйелі жұмыс жүргізілуде, оның нәтижесі СҚМУ оқытушыларымен бірге «олимпиадасы мектебін» құру болды.

«Рухани Жаңғыру», «Өлкетану» бағытын іске асыру бойынша жұмыстың ерекшелігі мектеп мұражайларының жаңа жұмыс түрлерін енгізу болып табылады. Әдіскерлер ауданның басқа мектептеріне жылжымалы мұражай экспозицияларын ұйымдастырды, мектеп мұражайлары базасында квест-ойын өткізіледі, білім беру ұйымдарында виртуалды мұражайлар құрылды.

2018 жылы **Алматы қаласының** әдістемелік құрылымы жұмысында ең маңызды оқиға ретінде Қазақстанның Еңбек Ері А. Т. Миразованың жұмыс тәжірибесін тарату бойынша шығармашылық зертхананың ашылуы болды. Зертханада ғылыми еңбектер, әдістемелік ұсынымдар, алдыңғы қатарлы тәжірибе нәтижелері, Алматы қаласы мен республиканың педагогикалық қоғамдастығының А. Т. Миразованың оқу-тәрбие ізденістеріне жазған пікірлері жинақталған. А. Т. Миразова 2019 жыл ішінде семинар-практикумдар, кездесулер, баспасөз-конференциялар, жеке кеңестер, пікір-сайыс клубының отырыстарын өткізеді.

2015-2020 жылдарға арналған Үш тілді білім беруді дамытудың Жол картасын іске асыру аясында келесі іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізілді: «Болашақ» бағдарламасының ағылшын тілді түлектерін тарту арқылы «Starclub» ашылуы, «You are as many a person as languages you know», «Үш тілді білім беру жүйесіндегі инновациялық әдістер», «Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі». Мақсаты-критериалды бағалау ерекшеліктерімен танысу ғана емес, сонымен қатар «мұғалім-оқушы» үш тілді

қарым-қатынас жүйесін қалыптастыру. Мектептің педагогикалық ұжымының мәртебесін көтеріп, табысты тәжірибені таныстыру үшін «Алматы қаласының орта білім беру ұйымдарының үздік педагогикалық ұжымы» байқауы өткізіледі.

Тамыз кеңесі шешімі негізінде, Қазақстан тарихына «мұражай сабақтары» аясында Қазақстан Республикасының Орталық мұражайы мен Ш.Уәлиханов атындағы Қазақстан тарихы және этнология институтының композициялары зерттеліп, қала мектептерінің 5-11 сынып оқушылары үшін 2019-2022 жылдарға арналған «мұражай сабақтары» тақырыптық жоспарлары, сондай-ақ мұражайлардың экспозицияларына бару кестесі әзірленді. Білім басқармасы бекіткен және мұражайлар әкімшілігімен келісілген «мұражай сабақтары» жоспары білім беру ұйымдарының басшыларына іс-әрекетке басшылық болды. 2019 жылдың қаңтарынан бастап Алматы қаласының мектептері үшін «мұражай сабақтары» басталды! Мұндай сабақтар өте маңызды! Бала туған елдің тарихын зерттейді.

Өткен оқу жылында халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында Алматы қаласының № 17, 27, 132 мектептері мен Ресей Федерациясының Мәскеу облысының Балашиха қаласының №11 гимназиясы арасында меморандумға қол қойылды. «Заманауи мектептегі медиатехнологиялар» тақырыбы бойынша халықаралық конференция өткізілді.

Инклюзивті білім беруге көп көңіл бөлінеді, нәтижесінде инклюзивті білім беру бойынша алғашқы республикалық семинар өткізілді, оған еліміздің барлық аймақтарынан 120-дан астам маман қатысты. Инклюзивті сыныптарда жұмыс істейтін психологтарға, әдіскерлерге, дефектологтарға, тьюторларға әдістемелік көмек көрсету үшін консультациялар жүргізілді, инклюзивті білім беруді реттейтін нормативтік құқықтық актілерді қолдану мәселелері бойынша ұсынымдар берілді.

2018 жылғы 01 наурыз күні «Әрбір білім беру ұйымында ата – ана қонақ бөлмесін құру» жобаның тұсаукесері өткізілді.

Жобаның құндылығы-ата-аналардың педагогтармен, мектеп психологымен «Ата – ана қонақ бөлмесі» жайлы жағдайда бейресми қарым-қатынасын ұйымдастыруда. «Ата – ана қонақ бөлмесі» тәжірибесіне Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі қызығушылық танытып, мамыр айында осы жобаны зерттеу және тарату мақсатында республикалық семинар өткізілді.

«Сынып жетекшілерінің қауымдастығы» құрылды, қауымдастық жұмысы 2019 жылға жоспарланған.

Атырау облысы тәрбие жұмысы бойынша табысты тәжірибені – әкелер қоғамдық бірлестігінің қызметін таныстыра алады, оның жұмыс нысандары отбасылық конференциялар, семинарлар өткізу болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» бағдарламасын насихаттайтын «Адал ұрпақ» клубтары белсенділік танытуда.

Өңірде «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша Интернет-ресурстардағы педагогтардың қызметіне көп көңіл бөлінеді, оның бағыттарының бірі «ACTIV-студиядағы үздік флипчат-сабақ» байқауы болды.

Келесі бағыт - дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернатында өткізілетін дәстүрлі іс-шаралар: шеберлік сыныптар, ашық сабақтар, әдістемелік бірлестік отырыстары болып табылады, мұнда облыс педагогтары дарынды балалармен жұмыс істеу ерекшеліктерімен танысады.

Шығыс Қазақстан облысының әдістемелік қызметінің негізгі мақсаты-педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін тиімді тетіктер мен жағдайлар жасау болып табылады, олар педагогтарға педагогикалық шындыққа жүйелі көзқарастарға ие шығармашылық, өзін-өзі дамытатын тұлға болуға мүмкіндік береді; оқушы тұлғасын дамытуға бағытталған оқу-тәрбие процесінің сапасы мен тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Әдістемелік қызмет қызметінің басым бағыттары:

- әдістемелік және сараптамалық кеңестің, ГМО, педагогтардың шығармашылық және жұмыс топтарының қызметін ұйымдастыру, білім берудің өзекті мазмұны мен оны жүзеге асыру әдістерін таңдау мен меңгеруде педагогикалық және басшы қызметкерлерге практикалық көмек көрсету;

- білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру және мазмұнының мониторингін жүзеге асыру, оны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу және атаулы әдістемелік көмек көрсету;

- инновациялық және тәжірибелік-эксперименттік қызметті ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу;

- білім беру ұйымдарының педагогикалық және басшы қызметкерлеріне 9, 11 сынып оқушыларын қорытынды аттестациялауда, сондай-ақ педагогикалық және басшы қызметкерлерді аттестациялауға дайындауда қолдау көрсету және көмек көрсету;

- барлық үлгідегі білім беру ұйымдарының Интернет - сайттарын қолдау және қызмет ету.

Әдістемелік жұмысты басқару білім беру мекемелеріндегі әдістемелік жұмыстың жағдайын зерттеу және талдау, педагогтарды инновациялық қызметке тарту, әдістемелік бірлестіктер мен шығармашылық топтарды ұйымдастыру арқылы жүргізілді.

Аймақтың әдістемелік кабинеттерінің жұмысында әдістемелік бірлестіктердің қызметіне көп көңіл бөлінеді. Орта білім беру ұйымдарында әдістемелік бірлестіктердің жұмысын жетілдіру үшін «Мектептегі әдістемелік бірлестіктің жұмысын ұйымдастыру, оның мектептің әдістемелік қызметіндегі орны мен рөлі», «Мұғалімнің инновациялық қызметінің ерекшеліктері» атты семинарлар сериясы ұйымдастырылды. Тәжірибе-эксперименталды жұмыс бойынша жас орынбасарларға арналған өткізілетін іс-шараларды талдау тәжірибе-эксперименталды және инновациялық қызметтің негізгі мәселелерін анықтауға мүмкіндік берді:

1. Ғылыми зерттеудің жеткіліксіз мәдениеті;
2. Диагностикалық қамтамасыз етумен қиындықтар (өлшемдер мен көрсеткіштер, әдістемелерді іріктеу);
3. Алынған нәтижелерді ресімдеу

Тәжірибе-эксперименталды жұмыстың түрлері мен әдістерін жетілдіру

мақсатында қаланың білім беру ұйымдарында білім беру мазмұнын жаңарту бойынша белсенді әрекеттестік бойынша директор орынбасарларының шығармашылық тобы құрылды. Өскемен қаласының білім беру мекемелерінде тәжірибелік-эксперименталдық және инновациялық қызметті ұйымдастыру мен жүргізуде орын алған мәселелерді анықтау мақсатында сауалнама түрінде зерттеу жүзеге асырылды және «Қазіргі қазақстандық мектептегі тәжірибелік-эксперименталдық жұмысты арттыру нысандары» тақырыбы бойынша отырыс өткізілді, онда алынған эмпирикалық деректер талқыланды, директорлар орынбасарларына арналған «Білім беру процесіне қатысушылардың субъектілік ұстанымы, ұйымдастыру әдістері», «Заманауи мектепте тәрбиелеуді жетілдіру мәселелері бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды ұйымдастыру ерекшеліктері» тәжірибелік-бағытталған семинарлар өткізілді.

Облыс мұғалімдерінің әлеуетін дамытуға бағытталған «Жетекші мектеп», «Аруна», «Real», кәсіби қоғамдастықтарын атап өтуге болады,

Ауыл мектептерінің дамуына үлкен мүмкіндік беретін «Үздік ауыл мектебі» байқауы дәстүрге айналды.

Түркістан облысының әдістемелік қызметі «Басшылық кадрлар резерві мектебі» жобасын ұйымдастырды. Дарынды балалармен жұмыс бойынша мамандандырылған мектептердің озық тәжірибелерін алмасу үшін әдіскерлер мастер-класстар, семинарлар, коучингтер, тренингтер, ашық сабақтар, «Ашық есік күндері» бойынша нақты жұмыстар жүргізеді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру бойынша жұмыс бағыттарының бірі шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің кәсіби қауымдастығымен бірлесіп «Жас ғалым» оқушылардың ғылыми қоғамын құру болып табылады.

Аудандық әдістемелік кабинеттерде «Жаңашыл мектеп басшылары» шығармашылық топтары жұмыс істейді. Жұмыс бағыттарының бірі-көптеген аудандық әдістемелік кабинеттерде құрылған «Жас мұғалім мектебі».

Мұғалімдерді сабақ өткізуге дайындауға көмек көрсету, сабақты өткізу әдістері мен формаларын жетілдіру мақсатында әдіскерлер «Сапалы сабақ - білім сапасы» жобасын жасады. Осы жоба аясында пәндер бойынша әдіскерлер педагогтардың шығармашылық тобымен бірге сабақ барысында заманауи сабақтың кезендерің, сабақты жоспарлау, инновациялық технологияларды қолдану бойынша үйлестіру жұмыстарын жүргізеді.

«Жаңалық жаршысы» жобасы да аса танымал. Бұл жоба облыс педагогтарын орта білім беру саласындағы жаңалықтармен таныстырады, сондай-ақ облыс педагогтарының табысты тәжірибесін таратады.

Шымкент қаласының әдістемелік кабинеті әдістемелік қызметтерді дамыту бойынша нормативтік құжаттарда көрсетілген бағыттар бойынша жұмыс істейді, бірақ басты ерекшелігі Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесін көрсететін 20 Жетекші мектептің қызметі болып табылады. Жетекші мектептер магниттік мектептерге инновациялық технологияларды қолдану, оқу-тәрбие процесін жоспарлау, оқыту семинарлары, коучингтер, мастер-класстар, тренингтер түрінде мониторингтік зерттеулер жүргізу мәселелері бойынша

ұйымдастырушылық-әдістемелік көмек көрсетеді.

Барлық орта білім беру ұйымдарында «Рухани жаңғыру», «Үштілді білім беру», «Цифрлық Қазақстан» бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Маңғыстау облысының әдістемелік қызметі оқушылардың функционалдық және оқу сауаттылығын дамыту мақсатында үлкен жұмыс атқаруда. Оның ішінде: «Маңғыстаунама-2018», «Әбіш оқулары», «Мұқағали оқулары», «Қадыр оқулары», «Математикалық регата», «Инфоман-2018» турнирлері бар. Облыста «PISA халықаралық зерттеулерінің тест тапсырмаларына оқушыларды дайындау» атты тұрақты жұмыс істейтін семинар жұмыс істейді, онда тәжірибелі педагогтар мұғалімдерге тест тапсырмаларын орындау, тестпен жұмыстың жаңа түрлерін қолдану бойынша оқыту сабақтарын өткізеді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша әдістемелік кабинет облыстық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігімен тығыз байланыста.

Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы кадр мәселесін зерттеді, онда білім беру ұйымдарында әр түрлі пәндер бойынша мұғалімдердің жетіспейтіні анықталды. Осы зерттеудің нәтижесі «Серпін-2050» мемлекеттік бағдарламасы аясында жалпы білім беретін мектептер Қарағанды мемлекеттік университетінің «Математика», «Физика» мамандықтары бойынша бітірушілерді мектепке қабылдауға келісім-шартқа қол қойды. Сонымен қатар, жыл сайын мектеп түлектері жоғарыда аталған университеттің ашық есік күніне қатысады.

Жұмыс бағыттарының бірі цифрландыру болып табылады. Осы бағыт шеңберінде «Ұстаз» оқу орталығының мамандары Теміртау қаласының педагогтарына арналған оқыту семинарларын өткізді. Оқыту нәтижесі мұғалімдердің QR - код, google, kahoot, pliskers сабақтарында қолдануы болды. Осы семинарларда кітапханашылар да оқыды.

«Нұр Отан» партиясының «Балаларға арналған тегін ІТ-сыныптар» тапсырмасын жүзеге асыру аясында инновациялық мектептерде ІТ-сыныптар ашылды.

Оқушылардың функционалдық және оқу сауаттылығын, отбасы тәрбиесін дамыту үшін облыста «Жас оқырман», «Жас ата – аналар мектебі», «Сырттай балабақша», «Қуанышпен оқу», «Бізді қоршаған математика», «Болашақ инженерлері», «Робототехника», «Айналамыздағы экономика», «Айқын», «Бір аймақ-бір кітап» шаралар іске асырылуда.

Қарағанды облысының білім беруді дамытудың әдістемелік орталығымен құрылған және әзірленген оқу жұмысы бойынша директордың орынбасарлары арасында «Вариативтік курс» жобасы өте танымал, ол орта білім беру ұйымдарында вариативті сағаттар жұмысын ұйымдастыру бойынша түсінік береді, вариативті компонент бағдарламалары бойынша әдістемелік ұсынымдар, осы бағдарламалар бойынша талаптарға сәйкес келеді.

Әдістемелік жұмысты дұрыс ұйымдастыру, білім берудің жаңартылған мазмұнының міндеттерін қамтамасыз ету үшін облыстың барлық әдістемелік

кабинеттері айналысатын мониторингтік қызмет қажет.

Облыстың әдістемелік кабинеттері қызметінің бағыттарында сұрақ-жауап жұмыстарына ерекше көңіл бөлінеді. 2018 жылы мектептерде бүгінгі күні оқушылардың мемлекеттің қазіргі жағдайы мен болашағы туралы білімін қалыптастыруға; жас ұрпақтың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыруға; танымдық қызығушылығын дамытуға, Қазақстанды жаңғырту саласында ой – өрісін кеңейтуге; ең бастысы-нағыз қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуге қабілетті 6 өзекті жоба енгізілді:

- «Абай – руханияттың алтын қазығы» жобасы. Жобаны іске асыру барысында есепті кезеңде «Ұлтқа ұран болған ұлы Абай» атты мәнерлеп оқу сайысы, «Көңілім әнді ұғады» атты әншілер байқауы, «Абайды әлемге танытқан Әуезов» атты ғылыми-практикалық конференция өткізілді;

- «Ұлан» әскери-патриоттық қозғалыс жобасы.

Өткен уақыт аралығында «Қалқан», «Ұлан «әскери-спорттық ойындары», «Жас құтқарушы», Жеңіс күніне арналған сап және әндер байқауы, мектептердің 8-10 сынып оқушылары арасында ту ұстаушылар сайысы өткізілді. Ағымдағы жылдың қазан айында 16 кадет Алматыға барып, онда «Қара майор» деп аталатын 177-ші мұсылман батальонының аты аңызға айналған командирі – Керімбаев Борис Төкенұлымен кездесу өтті. Ұландар отряд мұражайында сақталған отрядтың әскери туын көруге, сол жылдардағы қару-жарақ экспонаттарымен танысуға мүмкіндік алды. Ауған соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, бір минут үнсіздікпен батырларды еске алды.

- «Ре:актив» жастар волонтерлік қозғалысы. «Таза қала – таза ғаламшар», «Біз-таза қала үшін!», «Жасыл қала», саябақтарды тазалау бойынша экологиялық акциялар, «Ертегі кейіпкері» атты шағын сәулет формаларын қалпына келтіру бойынша конкурс өткізілді. Түлектердің кәсіби дайындығын қалыптастыру және мамандықтарды таңдауда көмек көрсету үшін, балалардың қызығушылықтары, бейімділігі, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, қаланың жоғары және орта арнаулы оқу орындарының өкілдерімен кездесулер ұйымдастырылды. Қала колледждерінің базасында 9, 11 сынып оқушылары үшін кәсіби сынамалар өткізілді. Мектептерде кәсіби бағдар беру жұмыстары бойынша кабинеттер құрылып, жұмыс істейді, онда сынып сағаттары, дөңгелек үстелдер, тренингтер, семинарлар, «кәсіби бағдар» тестілеу, түрлі мамандықтар өкілдерімен кездесулер өткізіледі;

- SPORT PROJECT «Aguatica» (Акватория) жобасы балалардың физикалық және моральдық-жігерлік қасиеттерін тәрбиелеуге, денсаулықты нығайтуға және оқушыларды жүзуге жаппай оқыту арқылы, оқушылар арасындағы суыққа қарсы аурулардың пайызын төмендетуге бағытталған:

- «Стоп-кадр» студиясының РТ білім беру бағдарламасы-бұл тек қана балалар телестудиясын құру ғана емес, сонымен қатар мектептердің ақпараттық кеңістігін кеңейту;

- «Әкелер кеңесі және Аналар кеңесі». Педагогикалық ұжымдар тәрбие үрдісін ұйымдастыруда және басқаруда, отбасылық тәрбиенің оң тәжірибесін

таратуда және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуда осы кеңестермен және ата-аналар комитеттерімен тығыз байланыста жұмыс істейді.

Қостанай облысының мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру әдістемелік кабинеті өз қызметін Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы мемлекеттік саясатының басым бағыттарына сәйкес құрады. Әдістемелік жұмыстың күтілетін нәтижесі- педагогтардың кәсіби мәдениеті мен тәжірибесін нәтижелі-болжамдық деңгейде байыту арқылы жоғары кәсіби шеберлікке қол жеткізу.

Ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу педагогтарға ғылымдағы жана жетістіктермен танысуға және білім беруде бар мәселелерді ұғынуға мүмкіндік береді: «Критериалды бағалау: мәселелер, шешу жолдары», «Үздіксіз кәсіби білім беру: білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында заманауи педагог», «STEM –білім беру: дәстүрлі тәсілдерден пәнаралық интеграцияға» және т.б.

Байқау кәсіби шеберлікті арттырудың тиімді шараларының бірі болып табылады, бұл педагогтардың өзін-өзі дамытуына, сондай-ақ шығармашылық тәжірибені байытуға ықпал етеді. 2018 жылы «Менің педагогикалық жаналығым», «Виртуалды әдістемелік кабинет», «Үздік көптілді мұғалім», оқушылар мен мұғалімдерге арналған қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде «Астана менің жүрегімде» авторлық өлеңдер медиа-конкурсы, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне арналған «Қазақ тілінің үздік мұғалімі» олимпиадасы өткізілді. Кәсіби шеберлік байқаулары жеке педагогтар, басшылар және жалпы ұжымдардың кәсіби дамуы үшін қолайлы мотивациялық орта құрады.

Педагогикалық тәжірибені жинақтау материалдарының тақырыптық ауқымы білім беруді дамытудың барлық негізгі бағыттарын қамтиды. Облыстық «Ұлағат» клубының отырысында жеті білім беру ұйым ұжымының, 44 жеке педагогтың тәжірибесі ұсынылды.

Облыстық семинарлар, коучингтер, мастер – кластар өткізу жұмысына, үздік тәжірибе «жеткізуші» педагогтерді тарту тәжірибесі жиі қолданылады. Тәжірибені жинақтау нәтижесі әдістемелік өнім болып табылады, ол кейіннен білім беру процесіне енгізіліп, оның тиімділігі мен нәтижелілігін арттырады. «Үздік тәжірибелер каталогы» құрылды, онда 2018 жылы облыстық деңгейде жинақталған озық педагогикалық тәжірибе туралы ақпарат жинақталған.

Эксперименталды қызмет келесі курстар бойынша жүргізіледі:

- «Бастауыш сынып оқушыларының оқу және жазу» курсына апробациялау;
- «Білім алушыларда мағыналық оқу дағдыларын дамыту» оқушылардың мәтінді толық түсінумен оқу жылдамдығын, ойлау дағдыларын, жалпылау кезінде логикалық тізбектерді құру, жоғары деңгейде сөйлеуді құру дағдыларын табысты дамытады.

Қазіргі жағдайда білім алушылардың азаматтық-патриоттық тәрбиесі ерекше маңызға ие, Қазақстан Республикасының жас азаматтарын тәрбиелеудегі білім беру ұйымдарының рөлі артты. Білім алушыларға «Мектеп өлкетану зертханасы әлеуметтік-өмірлік құзыреттілікті қалыптастыру жүйесі ретінде», «Мәңгілік ел», «Менің Отаным-Қазақстан» , «Өлкетану- кіші Отан

кеңістігінде патриотизмнің рухани негіздерін тәрбиелеу факторы ретінде» жобаларымен жұмыс жасау, әлеуметтік маңызды құндылықтарды (гуманизм, серіктестік, патриотизм, төзімділік, диалог) жауапкершілік, өзін-өзі ұстай білу сезімдерін тәрбиелеуге ықпал етеді.

Құзыреттілікті қалыптастырудың қажетті негізгі педагогикалық шартты-жобалау-зерттеу қызметі, әлеуметтік бағыттағы дағдылар болып табылады. Жобалау-зерттеу қызметін дамытуға келесі эксперименттер бағытталған: «Мектеп-зертхананың даму шарты ретінде оқу-тәрбие процесінде оқушылардың жобалау-зерттеу қызметін ұйымдастыру», «Оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметі жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді оқыту контекстінде танымдық қабілеттерін дамыту құралы», «Оқу-тәрбие процесінде бастауыш сынып оқушыларының зерттеу мәдениетін қалыптастыру», «Оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру жүйесіндегі желілік жоба», «Оқушылардың өзін-өзі реттейтін стратегияларын іске асыруды қамтамасыз ететін инновациялық білім беру ортасын құру үшін ғылыми-зерттеу қызметінің моделін жобалау».

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың социумда өзін-өзі жүзеге асыру қабілетін дамыту, қарым-қатынас ортасын кеңейту, әр түрлі салаларда дербес және жауапты қызметке дайындықты жүзеге асыру, позитивті бос уақытты ұйымдастырудың түрлі нысандарымен танысу, физикалық және психикалық жай-күйін өзін-өзі реттеу қабілетін қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін Қостанай қаласының №14 негізгі мектебінде «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беру ортасына қосу» бағдарламасы әзірленді, ал Федоров ауданы Банов орта мектебінің эксперименттік қызметі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды сауықтыруды, оңалтуды және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз ететін арнайы түзету-дамыту білім беру ортасын құруға бағытталған.

STEM-білім беруді жүзеге асыру шеңберінде облыс мектептерінде келесі эксперименттер жүзеге асырылады: «Білімберу робототехникасы оқу үрдісінде таным құралы ретінде», «Білімберу робототехникасы алгоритмдік ойлауды қалыптастыру құралы ретінде», «PТС Creo жүйесіндегі инженерлік-компьютерлік үшөлшемді моделдеу», «Кәсіптік бағдар беру және технологиялық оқыту жүйесінде оқушылардың инженерлік ойлауын дамыту».

Өңірдің аудандық әдістемелік кабинеттерінің жұмысында аса маңызды және сәтті іске қосылғандардың арасында келесі жобаларды бөліп көрсетуге болады:

2018 жылдың 19 қазанында «Ұлы педагог» жобасы аясында мұражай бөлмесінің салтанатты ашылуы өтті. Жоба болашақ ұрпақтың ұлы педагогтардан қалған тарих пен педагогикалық мәдениетті білуіне және насихаттауына бағытталған.

- «Әдістемелік қызметтің бақылау-талдау орталығы» жобасының ерекшелігі аудандық әдістемелік бірлестіктер қызметінің мазмұнын айтарлықтай жанартудан, аудандық әдістемелік кабинеттердің ішінде әдіскерлердің функцияларын қайта бөлуден және мектеп мұғалімдеріне әдістемелік көмек

көрсету мақсатында тірек мектептердің сертификатталған педагогтарының қоғамдастығын белсенді қосудан тұрады.

- «Жарқын белес» жобасы аясында, аудандық әдістемелік кабинеттің және сертификатталған педагогтармен нәтижелі байланыс механизмін әзірленді, педагогтарды сүйемелдеу жүзеге асырылды, кәсіби даму мен қарым-қатынастың ең тиімді түрлері практикада жүзеге асырылды.

- «Маманның кәсіби қалыптасуы» жобасы, оның бағыттары: әдістемелік сүйемелдеу, жұмыс орнында оқыту, тьюторлық тәжірибені жүзеге асыру, жас мұғалім мектебі, өз бетінше білім алу, интернет-кеңес беру.

- Инновациялық технологияларды қолдану, олардың бірі кейбір орта білім беру ұйымдарында Ф. Я. Вассерманның сөйлеу, зейін, ойлау жылдамдығы, есте сақтау және сабақта пәнді меңгерудің арттыруға бағытталған БиС-технологиясын қолдану болып табылады.

Астана қаласы білім беруді жаңғырту орталығының әдістемелік қызметін талдау келесі қызмет бағыттарын көрсетті:

- диагностикалық-аналитикалық;
- ұйымдастыру-әдістемелік;
- оқу-әдістемелік;
- ғылыми-әдістемелік;
- рефлексивті.

Белгіленген міндеттерді іске асыру үшін осы бағыттарда 15 жоба жұмыс істейді:

1. Табыстылық кластерлері;
2. SCIENCE;
3. Білім сапасы;
4. Білім берудегі Инклюзия;
5. Рейтинг;
6. Ынтымақтастық;
7. Үздіксіз білім беру;
8. Білім берудегі инновациялар;
9. Педагогтардың авторлық қызметі;
10. Педагогтар қауымдастығы;
11. Кітапхана ісі;
12. Е-Портфолио;
13. Баспа қызметі;
14. Кәсіби конкурстар;
15. Тәрбие.

«Е-Портфолио» жобасы электронды түрде әзірленген, Күнделік порталына бекітілген. Бұл жобада педагогтардың жетістіктерін талдау рәсімі автоматтандырылды. Бүгінгі күні 13839 педагог тіркелген.

«Білім беру ұйымдарының рейтингі» жобасы әдістемелік қызметтің жетістігін дамытуға бағытталған, біліктілікті арттыру, педагогтардың белсенді қызметі, білім беруде инновациялық үдерістерді енгізу және т. б. мониторинг жүргізіледі.

«Кәсіби конкурстар» жобасы 10 кәсіби байқаудан тұрады:

- «Үздік педагог»
- «Тәрбие жұмысының үздік үлгісі»
- «Әдістемелік жұмыстың үздік үлгісі»
- «Үздік кітапханашы»
- «Ең үздік бейнесабағы»
- «Білім сапасы бойынша үздік жоба»
- «Үздік конструктивтік бейнесабақ»
- «Үздік ашық бейнесабақ»
- «Үздік авторлық жоба»
- «Үздік жас мұғалім»

«Педагогтар қауымдастығы» жобасына сәйкес тәжірибелі педагогтар білім берудің барлық деңгейлерінде әдістемелік қызметті басқарады, аналитикалық топтардың, барлық кәсіби конкурстардың ұйымдастыру комитеттерінің, тәуелсіз сараптама топтарының мүшелері болып табылады. Осы жобаның арқасында бірыңғай ақпараттық орта құрылды.

«Білім сапасы» жобасы оқыту проблемаларын анықтау мақсатында білім алушыларды тәуелсіз тестілеуге, жас педагогтарды әдістемелік сүйемелдеуге бағытталған.

«БІнтымақтастық» жобасы жақын және алыс шетелдердің білім беру ұйымдарымен тығыз қарым-қатынас жасауға, педагогтардың жұмыс тәжірибесін жинақтауға бағытталған. Жұмыс барысында Сингапур, Түркия, Оңтүстік Корея, Англия, Біріккен Араб Әмірліктері сияқты елдерге тәжірибе алмасу бойынша 10 халықаралық сапар ұйымдастырылды, онда 40 педагог халықаралық тәжірибені зерттеуге мүмкіндік алды.

«Білім берудегі инновациялар» жобасы 16 кіші жобаны қамтиды, олар бойынша білім беру ұйымдары өз қызметін жоспарлайды және жүзеге асырады: «Scolars CISCO Халықаралық бағдарламалар», «STEM-білім беру», «Catering-сервис», «БИС. Кадеттер», «Денсаулық Мектебі», «Арт-терапия, Монтессори», «Интеллектум, Робототехника», «Мектеп - болашақ серіктес», «Мехатроника», «Самғау».

«Баспа қызметі» жобасы «Елордалық білім» газеті мен «Астаналық әдістеме» журналын шығару үшін материалдар дайындайды.

«Табыстылық кластерлері» жобасы. Білім беру ұйымдары арасында Мектепке дейінгі білім беру және тәрбие, орта білім беру, ТЖКБ деңгейлері бойынша бөлінген, осы жобаның жеке бағыты тәрбие жұмысы болып табылады. Мектепке дейінгі мекемелер мен орта білім беру ұйымдарында тиісінше 22 кластер бойынша 10 және 8 бағыт, кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарында 10 кластер бойынша 10 бағыт іске асырылады. Тәрбие жұмысы барлық білім беру ұйымдарында 8 платформадан тұрады.

Ел өңірлерінің әдістемелік қызметтерінің табысты тәжірибесін талдау қорытындысы бойынша олардың қызметі, ең алдымен, біліктілікті арттыру курстары арқылы педагогтардың кәсіби өсуін арттыруға, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, мастер-кластар өткізуге, орта білім беру

ұйымдарының басшыларына, мектеп директорларының орынбасарларына, педагогтар мен жас мұғалімдерге бағытталған түрлі жобаларды ұйымдастыруға бағытталғанын атап өту қажет. Кабинеттердегі/орталықтардағы әдіскерлердің назарын білім алушылардың функционалдық және оқырман сауаттылығын дамытуға аударады. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін дарынды балалармен де, барлық мектеп оқушыларымен де жұмыс жүргізіледі. Бұл бағытта ғылыми-зерттеу жобалары, математикалық және оқырман конкурстары кеңінен танымал. Осылайша, тәжірибелік-эксперименттік қызмет жүргізіледі, бұл инновациялық білім беру ұйымының қызметін дамыту режимінде жүзеге асыруға, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы педагогтардың кәсіби құзыреттілігін үнемі арттыруға ықпал етеді.

Көптеген әдістемелік кабинеттерде әдістемелік сүйемелдеу әдіскерлердің өзінен және тәжірибелі педагогикалық-тәлімгерлердің өзінен туындайтынын атап өткен жөн. Инновациялық қызмет жекелеген өңірлерде дами бастады, сондықтан қызметтің осы бағытына назар аудару қажет. Цифрландыру бойынша әдістемелік қызмет белсенді және жылдам қарқынмен дамып келеді, педагогтар арасында да, білім алушылар арасында да көптеген жобалар жүзеге асырылады.

Дегенмен, әлі де шешімін таппаған мәселелер бар, әсіресе шағын жинақты ауылдық мектептерде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда: толымдылығы аз сыныптарда дәстүрлі оқыту әдістемелерінің басым болуы, инновациялық, жеке тұлғаға бағытталған технологияларды жеткіліксіз пайдалану, педагогтарды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттырудың арнайы білім беру бағдарламаларының болмауына байланысты шағын жинақты мектеп жағдайында білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктеріне педагогикалық оқу орындары түлектерінің дайындығының болмауы.

Әдістемелік қызметте шешуді талап ететін мәселелер, ең алдымен, әдістемелік жұмыстың даму бағыты тұрғысынан стереотиптер мен шаблондардың болуы, диагностика мен кейіннен жоспарлау арасындағы логикалық байланыстың әлсіз болуы, әдістемелік кабинеттердің кадрлық тұрақсыздығы.

Жоғарыда айтылған мәселелер келесі бағыттарға өзгерістер енгізу қажеттігін куәландырады:

- әдістемелік жұмысты жоспарлау;
- өздігінен білім алу, зерттеу жұмыстары бойынша әдіскерлердің үздіксіз білім беру жүйесі;
- басқа өңірлердің әдістемелік кабинеттері қызметінің тәжірибесін зерделеу және ынтымақтастық бойынша жұмыс.

Осылайша, әдістемелік кабинеттер/орталықтар қызметінің мазмұнында үздік тәжірибелерді дамытуға, мұғалімнің зерттеу-шығармашылық әлеуетін ынталандыруға және білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында оның бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру міндетін шешуді белсендіруге бағытталған іс-әрекеттер көзделген.

Берілген кесте оқу-әдістемелік орталықтар/кабинеттер қызметінің

бағыттары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығымен бекітілген оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру Ережелеріне сәйкес келетінін көрсетеді.

Өңірлердің әдістемелік қызметінің іс-әрекетінде өз өңірінің білім беру жүйесін дамыту ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтармен де, білім алушылармен де жұмыс өткізетіндігі байқалады (Қосымша).

Сонымен қатар, «Рухани жаңғыру», «Цифрлық Қазақстан», «Үштілді білім беру» мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруға, сондай-ақ Қазақстан халқына Жолдауында, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру бойынша қойылған міндеттерді орындауға ерекше көңіл бөлінеді.

Білім алушылармен функционалдық және оқу сауаттылығын дамыту бойынша жұмысты ұйымдастыру өте маңызды, ол жаңартылған білім беру мазмұнының міндетті шарты. Бұл бағытта Батыс Қазақстан облысындағы «Орал өңірі», Солтүстік Қазақстан облысындағы «Дарындылықты дамыту», Маңғыстау облысындағы «Маңғыстаунама-2018», Түркістан қаласындағы «Жас ғалым», Қостанай, Шығыс Қазақстан облысындағы эксперименттік алаңдар, Ақмола облысындағы математика жылы, Астана қаласындағы білім беру ұйымдарындағы «Табыстылық кластерлері» сияқты жобалар қызықты болып табылады.

Әдістемелік кабинеттерде орта білім беру ұйымдары басшыларының, педагогтар мен әдіскерлердің кәсіби өсуін арттыру бойынша жұмыс жүйелі түрде жүргізіледі, онда басшы кадрлармен, басшы кадрлар резервімен, оқу және әдістемелік жұмыс жөніндегі директорлардың орынбасарларымен, жас педагогтармен жұмыстың белгілі бір кезеңдері қадағаланады. Көптеген өңірлерде педагог-тәлімгерлердің жұмысы жақсы қойылған, олар Түркістан, Қызылорда, Қостанай, Қарағанды, Батыс Қазақстан облыстары.

Басқарушы кадрлармен жұмыс істеу үшін өңірлерде «Өсу векторы», «Директорлық диалог» (Батыс Қазақстан облысы), «Жас директор мектебі», «Резерв мектебі» (Алматы, Түркістан облыстары) сияқты көптеген қызықты жобалар жұмыс істейді.

Әдістемелік қызмет жұмысының барлық бағыттары педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған, осы мақсатта көптеген жобалар әзірленіп, табысты енгізілуде: «Педагогикалық идеялар вернисажы» (Ақмола облысы), «Сырттай мектеп» (Жамбыл облысы), «APROPOS »кәсіби қарым-қатынас клубы», «Ойтолғау» (Батыс Қазақстан облысы), «Мектеп-зертхана», «Жарқын белес» (Қостанай облысы), «Шығармашылық зертхана» (Алматы қаласы).

Маманның қалыптасуы үшін жас педагогтармен жұмыс істеуге ерекше көңіл бөлінеді, олармен әдіскерлер де, ұстаз-тәлімгерлер де жұмыс істейді. Бұл бағытта Ақмола облысындағы «Педагогикалық үміт», Батыс Қазақстан облысындағы «Даналық сатысы», Қостанай облысындағы «Маманның кәсіби қалыптасуы», Қызылорда облысындағы «Ізденіс», Түркістан облысындағы «Сапалы сабақ-білім сапасы» жас мұғалімдер мектебі сияқты жобаларды атауға болады.

Білім берудегі инновациялар қазіргі уақытта білім берудің жаңартылған мазмұнының қажетті шарты болып табылады, өйткені еліміздің білім беру жүйесі педагогтардың алдына қойылған міндеттерді іске асыра отырып, жаңа биіктіктер мен нәтижелерге қол жеткізе отырып, алға жылжуда. Ел мектептерінде Вассерманның БИС-технологиясын қолдану (Ақмола, Қостанай облыстары), «Практикадағы Рефлексия» (Ақтөбе облысы), «Бір мақсат, бір нәтиже» (Алматы облысы), «Өнегелі ұстаз» (Қостанай облысы), «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» (Атырау облысы), «Вариативтік курс» (Қарағанды облысы), «ШЖМ-те үш күн» (Батыс-Қазақстан облысы), Жамбыл, Шығыс-Қазақстан облыстарындағы эксперименттік алаңдар сияқты инновациялық жобалар кеңінен таралды.

Әдістемелік кабинеттер қызметінің негізгі бағыттарының бірі - әдіскерлердің кәсіби өсуін арттыру болып табылады. Осы бағыттың міндеттерін іске асыру мақсатында Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Қостанай, Шығыс-Қазақстан, Батыс-Қазақстан облыстарында «Әдістемелік қызметтің бақылау-талдау орталығы», «Әдістемелік консалтинг», «Жас әдіскер мектебі», «Әдістемелік қызмет моделі», «Әдістемелік десант», «Мектеп әдістемелік бірлестігінің жұмысын ұйымдастыру», «Сырттай сүйемелдеу», «Әдістемелік күн», «Мектеп әдіскерінің бір күні», «Әдістемелік қызметтің бақылау-талдау орталығы» сияқты жобалар жұмыс істейді.

Барлық әдістемелік орталықтар/кабинеттер қызметінде цифрландыру бойынша жұмыс бағытында белсенділік байқалды. Виртуалды мектеп мұражайлары мен виртуалды әдістемелік кабинет, медиатехнологиялар, STEM-білім беру және робототехника, онлайн-зертханалар сияқты жұмыс формасы үлкен танымалдыққа ие болды. Іс жүзінде барлық өңірлерде тегін ІТ-сыныптар ашылды, бұл «Нұр Отан» партиясының міндеттерін орындаумен байланысты.

Егер білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы туралы айтатын болсақ, онда Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 9 ақпандағы № 633 «Мемлекет Басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын, «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» атты Жарлығында қойылған міндеттер барлық жерде іске асырылуда. Білім беру ұйымдарында жобалар, түрлі нысандарда іс-шаралар; акциялар, конкурстар, форумдар, десанттар, еріктілер қозғалысы, мұражай сабақтары, дебаттық клубтар іске асырылуда.

Ата-аналармен жұмыс жанданды, онда «Өнерлі отбасы», «Жас ата-ана мектебі», «Әкелер кеңесі», «Аналар кеңесі» сияқты проектерді атап өтуге болады.

Орта білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру үшін мониторинг жүргізіледі, ол бақылау мен бағалаудың маңызды құралдарының бірі болып табылады, соның арқасында ақпараттың жеделдігі, объективтілігі мен қолжетімділігі артады. Сондықтан мониторингтің мақсаты-оқу үрдісінде

болып жатқан барлық өзгерістерді жедел және уақытылы анықтау. Алынған объективті деректер шешім қабылдауға негіз болып табылады. Педагогикалық мониторингтің сөзсіз артықшылығы оның жан-жақтылығы, орта білім беру жүйесіне бейімделуі болып табылады. Алынатын мәліметтердің объективтілігі, пайдаланылатын құралдардың қолданылуы-мониторингтің қажетті шарттары. Алайда аймақтық ерекшеліктерді ескермеуге болмайды. Бұл компонент тиімділікті бағалау критерийлерінің біріне айналуы тиіс. Осы бағытта әдістемелік қызметтерде Алматы қаласында «Мектепшілік бақылауды ұйымдастыру», Шығыс Қазақстан облысында «Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мен мазмұнының мониторингі», Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облысында «Мониторингтік қызмет», Ақмола облысында және Астана қаласында «Білім беру ұйымдарының рейтингі» жобалары жұмыс істейді.

Сонымен қатар әдістемелік қызметтің оң жақтарымен бірге жұмыста ерекше назар аудару қажет бағыттарды атап өту қажет: инклюзивті білім беру, осы бағыттағы жұмыс тәжірибесі Ақмола облысының оқу-әдістемелік кабинетінде бар, халықаралық ынтымақтастық, шағын жинақты мектептердің жұмысы. Қызметтің осы бағыттарында әдістемелік жұмысты күшейту қажет.

3.ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТ ЖҮЙЕСІН ЖОБАЛАУ

Қазақстандағы білім берудің жаңартылған мазмұнының мәні «білетін адам» тұжырымдамасынан, яғни білім, білік және дағды жүйесімен қаруланған адамнан «өмірге дайындалған адамға» яғни, белсенді және шығармашылық ойлауға, әрекет етуге, интеллектуалдық, адамгершілік және физикалық тұрғыдан өзін-өзі дамытуға қабілетті адам концепциясымен айқындалады. Бұл ретте оқушыны оқыту кезінде ауыр және түрлі жоспарлы жұмыс процесіне, материалды оқу үшін қажетті дағдыларды меңгеруге тарту қажет. БІнтымақтастыққа баулитын білім беру маңызды болып табылады.

Әдістемелік қызметті жаңарту төмендегідей сапалы позицияларда қарастырылады:

- білім беру тәжірибесі мен білімге деген сұранысты жүйелі ұғыну негізінде педагог кадрлармен жұмысты өзгерту;

- жинақталған педагогикалық тәжірибені шығармашылығы өңдеу;

- инновацияларды енгізу негізінде қалыптасқан жұмыс тәжірибесін жетілдіру.

Білім беру жүйесіндегі әдістемелік жұмыстың иерархиялылығы келесі деңгеймен анықталады:

- аудандық (қалалық) әдістемелік кабинет;

- білім беруді басқару органдары құрылымындағы әдістемелік бөлім;

- қалалық, аудандық ақпараттық-әдістемелік орталық (кабинет);

- ғылыми-әдістемелік қалалық (аудандық) әдістемелік орталық (кабинет);

- біліктілікті арттыру мекемелерінің құрылымындағы оқу-әдістемелік кабинет (бөлім) және т.б.

Мақсаттары мен функцияларында айырмашылықтары бар әдістемелік қызметтер қызметі, арнайы міндеттерді шешуге бағытталған. Аудандық (қалалық) **әдістемелік кабинет**, әдістемелік қамтамасыз етудің дәстүрлі және басым деңгейі ретінде келесі қызметтерді көрсетеді:

- әдістемелік көмек көрсете отырып, кадрлардың біліктілігін арттыру мүмкіндігін анықтайды және оларды қайта даярлауды жүзеге асырады;

- қызметкерлерді білім мазмұны, оқытудың инновациялық технологиялары, жаңа оқу құралдары және т.б. туралы ақпаратпен уақтылы қамтамасыз етеді.

Заманауи әдістемелік қызмет түрлі педагогикалық экспериментті жүргізуге, авторлық әзірлемелерге және педагогикалық технологиялар спектрін енгізуге назар аударуы тиіс. Негізгі функциялармен қатар аудандық (қалалық) деңгейлердегі әдістемелік қызмет білім беру процесін әлеуметтік-психологиялық қамтамасыз етуге, ақпараттық қажеттіліктерді диагностикалауға, кадрларды аттестаттауға, мекемелерді аттестаттауға және мемлекеттік аккредиттеуге бағдарлануы мүмкін.

Барлық деңгейлердегі қазіргі әдістемелік қызмет жұмыстың дәстүрлі түрлерін (консультациялар, семинарлар) және жалпы практика үшін жаңа (педагогикалық шеберлік конкурстары, психологиялық практикумдар және т.б.)

түрлерін бірге ұштастырады. Мұндай формалар арқылы қандай да бір қызмет түрін әдістемелік қамтамасыз етуге, әдістемелік қызмет принциптеріне сәйкес мұғалімге кәсіби-педагогикалық көмек көрсетуге, қиындықтарды сауатты түрде жоюға, педагогикалық, әдістемелік, тәрбие, білім беру қызметін ұйымдастыру мен жүзеге асыруға байланысты туындаған сұрақтарға негізделген жауаптар беруге мүмкіндік пайда болады.

Әдістемелік орталықтарды/кабинеттердің не табысты қызметінің маңызды шарты модельді дұрыс таңдау болып табылады. Бүгінгі таңда олардың орындауы тиіс сипатына және тәсілдер негізінде жасалатын әдістемелік қызметтердің әр түрлі үлгілері бар. Әдістемелік қызметтің кез келген моделі білім беру мазмұнын жаңартуға, педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға, оларға уақытында әдістемелік көмек көрсетуге және т.б. бағытталған әдістемелік қызметті жүзеге асыруды көздейді.

Өкінішке орай, бүгінгі таңда әдістемелік және педагогикалық қызметтерге әлеуметтік сұраныс әдістемелік қызметтің мүмкіндіктерінен едәуір асып түседі.

«Ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 11 қыркүйектегі № 370 бұйрығының 2 параграфына сәйкес, Әдістемелік орталық (кабинет) қызметінің мақсаты білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім берудің білім беретін бағдарламаларын іске асыруда білім беру ұйымдарын оқу-әдістемелік қолдауды жүзеге асыру, үздіксіз білім беру үшін жағдайлар жасау, педагог және басқарушы кадрлардың кәсіби біліктілігін жетілдіру болып табылады. Осы құжатқа сәйкес білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында әдістемелік қызметтің моделі ұсынылады.

Білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында әдістемелік қызмет моделінің мақсаты-педагогтың кәсіби дамуына көмек көрсету және педагогикалық ұжымның шығармашылық әлеуетінің артуының дұрыс ұйымдастырылуына байланысты.

Қызметтің табиғатына сәйкес кез-келген қызмет 4 компоненттен тұрады – мақсаты, мазмұны, тәсілдері және нәтижелері. Әдістемелік қызметте де осы құрылымдылық сақталуы тиіс, сонда ғана ол қызметтің тиімділігі қамтамасыз етіледі. Моделге сәйкес әдістемелік қызмет субъектісі педагогтар, басқарушылар, өңірлік қызмет әдіскерлері және ғалымдар болып табылады.

Мақсатты компонент әдістемелік саясаттың негізгі бастапқы ұстанымдарын анықтауға бағытталған. Демек, біздің модельдің негізі **критериалды қатарды** анықтау болып табылады:

- оқушылардың функционалдық сауаттылығы;
- авторлық әдістемелер (бірегейлігі);
- педагогтардың өз қызметіне қанағаттануы;
- педагогтардың кәсіби шеберлігінің жоғары деңгейі.

Критериалды қатардың пайдасы қандай?

Бұл критерийлар әдістемелік кабинеттің қызметін бағалау үшін қажет. Бастапқы кезеңде тиімді жоспарлау үшін және келесі кезеңдерде – әдістемелік қызметтің «сапалылығын» сақтау үшін.

Жаңартылған білім беру жағдайында әдістемелік қызметтің бірінші кезеңінде жоспарлау:

- мемлекеттік білім беру саясатының негізгі үрдістерін зерттеумен;
- біліктілікті арттыру процесін жоспарлаумен;
- инновациялық қызмет саласындағы консалтингпен байланысты іс-шараларды ұйымдастыруға және енгізуге бағытталуы тиіс.

Мазмұнды компонент келесі іс-шараларды қамтиды:

- педагогикалық тәжірибелерді жүйелеу;
- жұмыстың тиімді формаларының деректер жинағын құру,
- оқытудың инновациялық формалары мен әдістерін тарату;
- қазіргі педагогикалық әдебиеттерді талдау;
- ақпараттық-библиографиялық жұмысты жүргізу;
- әдістемелік басылымдарды әзірлеуді ұйымдастыру;
- оқу-әдістемелік жұмыстар ұйымдастыру;
- видеотекалар, медиатекалар құру.

Әдістемелік қызметтің *операциялық-іс-әрекет компоненті* барлық білім беру саясатын тікелей жүзеге асырумен сипатталады:

- ғылыми қауымдастықпен өзара іс-әрекет;
- тәжірибелік-эксперименттік және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- оқу-әдістемелік материалдардың сараптау;
- оқу-әдістемелік және сараптамалық кеңестердің, шығармашылық топтардың қызметін үйлестіру;
- мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-әрекет.

Мұнда әдістемелік қызметтің түрлі формалары: сабақтарды талдау, педагогикалық шеберлік мектебі, педагогикалық оқулар, мастер-класстар, кәсіби шеберлік байқаулар, семинарлар, ғылыми-практикалық конференциялар өзекті болып отыр.

Әдістемелік қызметтің *бағалау компоненті* оқушылардың функционалдық сауаттылығының деңгейін және мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін айқындаумен сипатталады және педагогтер қызметінің мониторингін, оқушылардың білім жетістігінің мониторингін өткізуге бағытталған.

Әдістемелік қызметті басқарушылар (директордың ғылыми-әдістемелік, бағдарламалық-әдістемелік және оқу-тәрбие қызметі жөніндегі орынбасарлары), қызмет бағыттары бойынша әдіскерлер, құрылымдық бөлімшелердің меңгерушілері, педагогтар, ғалымдар кіретін мамандар тобы жүзеге асырады.

Мемлекеттік *білім беру саясатының негізгі үрдістерін зерделеу* бойынша әдістемелік қызметтің мақсатты компоненті мынадай нормативтік-құқықтық құжаттармен анықталады:

- «Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 18 қаңтардағы № 40 бұйрығы;

- оқу-әдістемелік орталықтар/кабинеттер әдіскерлерінің лауазымдық міндеттері көрсетілген «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы;

- «Ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 11 қыркүйектегі № 370 бұйрығының 2 параграфы;

- «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулы жобасы.

Педагогтердің біліктілігін арттыру процесін жоспарлау бойынша әдістемелік кабинеттер қызметінің келесі бағыттары қамтылуы тиіс:

- педагогикалық қызметті жетілдіру (педагогқа балаларды оқыту мен тәрбиелеуде ұйымдастырушылық-әдістемелік және техникалық көмек көрсету);

- білім беру ұйымының практикасына ғылыми зерттеулер мен озық педагогикалық тәжірибе жетістіктерін енгізу, педагогтың ғылыми және теориялық күзінеттілігіне ерекше назар аудару;

- білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша жұмысты ұйымдастыру;


- әдістемелік бірлестіктердің, кафедралардың, зертханалардың және педагогтердің шығармашылық топтарының жұмысына басшылық жасау;

- педагог қызметкерлерді педагогикалық ғылым мен тәжірибенің жетістіктерімен таныстыру;

- педагогтердің кәсіби дайындық деңгейін, олардың кәсіби қажеттіліктері мен мәселелерін зерттеу.

Білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайындағы әдістемелік қызметтің моделі

КРИТЕРИЙЛЕР



3.1-сурет

Инновациялық қызмет саласындағы консалтинг бойынша әдістемелік кабинеттер/орталықтар мынадай іс-шараларды жүргізе алады:

- жаңартылған білім мазмұнының негізгі үрдістері бойынша кеңес беру;
 - педагог-жаңашылдармен өзара іс-қимыл және сабақ өткізуге әдістемелік көмек;
 - білім беру ұйымдарына көмек көрсету (мектептерге, балабақшаларға, тұрғылықты жері бойынша клубтарға және т.б.);
 - үздіксіз білім беру жүйесінде мұғалімдерге ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсету;
 - біліктілікті арттыру институттарымен үздіксіз байланысты жүзеге асыру.
- Педагогтарға консалтингтік қызмет көрсету бойынша журналдың үлгісі

Көрсетілетін көмек түрлері	Әдіс кердің аты-жөні	Кеңес өткізу күні, айы, жылы	Кеңес алушы педагогтың аты-жөні	Пікірлер	Келесі кеңеске сұраныс	Келесі алғаны туралы қолы	Әдіскердің қолы

Педагогикалық тәжірибені жүйелеу және тиімді жұмыс нысандарының деректер жинағын құру бойынша әдістемелік қызметтің мазмұнды компоненті келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу және жасау (бағдарламалар, құралдар, ережелер, тезистер, дәріс мәтіндері, әңгімелер, жоспарлар және семинар өткізу бойынша ұсынымдалар, оқу ойындары, серуендер, оқытудың белсенді формалары және т.б.);
- қандай да бір нақты оң педагогикалық тәжірибені терең зерделеу және одан әрі жоғары кәсіби әдіскер тәжірибесін жүйелі сипаттау, анықтау, таңдау, зерделеу, жинақтау және қалыптастыру;
- тәжірибе жағдайын зерттеу және талдау, педагогтарда шығармашылық ізденуде туындайтын жаңа үрдістерді анықтау, ғылым ұсынымдарының тиімділігі мен қол жетімділігін зерттеу;
- педагогикалық тәжірибені түсіну, негіздеу, талдау және жалпылама жүйелі сипаттау;
- Педагогикалық тәжірибені тарату үшін таңдау критерийлерін әзірлеу (бірнеше жыл бойы білім беру және тәрбие қызметіндегі жоғары және тұрақты нәтижелер); педагогикалық қызметтің өзектілігі мен әлеуметтік маңыздылығы (оқу-тәрбие міндеттерін шешуде және мақсатына жетуде, педагогикалық, әдістемелік және басқару қызметінің мазмұнында); білім беру процесінде денсаулық сақтау жүйелерін есепке алу; педагогикалық тәжірибенің ғылыми негіздері (педагогикалық эксперимент жүргізілген, педагогикалық тәжірибе жасалған ғылыми тұжырымдамалар, теориялар, ережелер, әдістемелер); педагогикалық тәжірибенің жаңашылдығы (жаңа мазмұны,

- формалары, педагогикалық технологиялар); белгілі ғылыми әдістер мен оң педагогикалық тәжірибені табысты қолдану; педагогикалық, әдістемелік, басқару еңбегінің жекелеген жақтарын ұтымды ету; жаңа педагогикалық жағдайларда оң педагогикалық тәжірибені модификациялау элементтерімен жаңғырту. Әртүрлі семинарлар, кеңестер, конференциялар, байқаулар, диспуттар және т.б. өткізу.

Әдістемелік кабинет қызметінің мазмұны даму міндеттеріне және жоспарланған жаңалықтардың сипатына сәйкес анықталады.

Әдістемелік қызметтің қызметі білім берудің жаңа мазмұнын әзірлеуге және енгізуге, мектептен тыс тәрбиеден білім алуға өтпелі кезеңнің қиындықтарын жеңуге, педагог қызметін жетілдіруге, оның кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған келесі іс-шараларды қамти алады:

педагогикалық құралдармен тұлғаның мотивациялық саласын дамыту; білім беру ұйымдарының бірлескен қызметінің жобаларын құру және тәрбие мен білім беру қызметі;

оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру, қызметті жоспарлау, есептілік, оқу топтары мен балалар ұжымдарының білім беру бағдарламаларын құру бойынша педагогтар үшін әдістемелік ұсынымдар беру;

білім берудің заманауи нысандарын, әдістері мен технологияларын ұғыну;

білім беру жаңартылған мазмұнының негіз қалаушы сәттерін ескере отырып, педагогтар, балалар мен ата-аналар үшін әдістемелік ұсынымдар әзірлеу;

түрлі жаппай педагогикалық іс-шаралардың (конкурстар, олимпиадалар, оқулар және т.б.) сценарийлерін құрастыру және оларды бағалау критерийлерін анықтау.

Әдістемелік қызмет түрлері:

- **Әдістемелік көмек** – әдіскердің, мектеп және мектепке дейінгі ұйымдар әдіскерлерінің, педагогтардың, балалар ұжымының сұраныстары мен қажеттіліктеріне жедел және перспективалық әрекет етуі. Әдістемелік көмек түрлі құралдармен – кеңес беру, әдістемелік басшылық, әдістемелік қамтамасыз ету және т.б. жүзеге асырылады.

- **Тақырыптық кеңес** әдіскермен алдын-ала жоспарланып, перспективалық жоспарға енгізіледі. Тақырыптық кеңестерді оқыту семинарларының бағдарламасына енгізуге болады. Тақырыптық кеңестерге дайындық кезінде әдіскер көрнекі құралдар мен әдістемелік материалдарды таңдайды.

- **Ағымдағы кеңес** педагогикалық қызметкерлердің кәсіби қызметі барысында туындайтын әртүрлі мәселелер бойынша жүйелі түрде өткізіледі.

- **Жедел кеңес** әкімшіліктің, әдіскердің бастамасы бойынша педагогтердің нақты тәрбие ісітерін ұйымдастыру және жүргізу барысында өткізіледі. Әдіскердің құзыреттілігі жіберілген қателіктерге жедел әрекет еткенде және шұғыл көмек көрсетуде көрінеді.

- **Тәлімгерлік** жас мамандармен жұмыста, сондай-ақ нәтижелі педагогикалық тәжірибені игеруде қолданылады. Осы көмек түрінің негізінде,

педагог қызметінің проблемалық өзіндік талдау, оқу бағдарламаларын, жаңа әдістемелерді апробациялау жағдайы мен процесс талдау және т.б. деректері бар.

• **Әдістемелік басшылық** педагог қызметкерлермен бірге бірлескен шығармашылық қызметтің перспективалық және нақты мақсаттарын, оларға қол жеткізудің тиісті тәсілдерін нақты айқындаумен айқындалады, білім беру қызметін ұйымдастыру кезеңдері мен тәртібін белгілейді, білім беру қызметінің нәтижелілігінің өлшемдері мен көрсеткіштерін әзірлейді, жұмыс бағдарламалары мен жоспарларының орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

• **Әдістемелік оқыту** – әдіскерлердің әдістемелік бірлестіктерін құру және жұмысқа қатысу, сондай-ақ педагогикалық шберханаларды, проблемалық семинарларды, пікірталас клубтарын, шығармашылық зетрханаларды құру.

Әдістемелік қызмет түрлері:

✓ теориялық семинарлар (баяндамалар, хабарлама);
✓ семинар-практикумдар (баяндамалар, хабарлама);
✓ диспуттар, пікірталастар («дөңгелек үстел», диалог-дау, дебаттар, форум, симпозиум, «аквариум техникасы», «панельді пікірталас», «идеялар» кассетасы және т.б.);

✓ «іскер ойындар», рөлдік ойындар, иммитация - сабақ; панорама-сабақ;
✓ ғалым-дидакт, психолог, социолог, логопед және дәрігер дәрістері;
✓ қазіргі заманғы жаңа әдістемелерді, технологияларды, психологиялық-педагогикалық ғылымның жетістіктерін талқылау;

✓ жеке ашық сабаққа, өзара сабаққа қатысу, іс-шараларға немесе олардың цикліне қатысты талдау;

✓ авторлық оқу бағдарламаларын, оқу құралдарын талқылау және талдау;
✓ балалардың дамуын диагностикалау әдістерін талқылау;
✓ түрлі көрмелер, өз білімін жетілдіру бойынша есептер (баяндамалар, рефераттар, сабақ әзірлемелері, дидактикалық және көрнекі құралдар дайындау; үздік балалар жұмыстарының көрмелері;

✓ нәтижелі педагогикалық тәжірибені талқылау және оны тарату мен енгізуге ұсыныстар;

✓ «Үздік әдіскер», «Үздік жыл мұғалімі» байқаулары;

✓ педагогикалық оқу, ғылыми-практикалық конференциялар және т.б.

Осыған сәйкес **әдістемелік орталықтың/кабинеттің келесі міндеттері анықталады:**

1. социумның білім беру қажеттіліктерін зерттеу;

2. білім беру ұйымындағы оқу-тәрбие жұмысының жағдайын талдау;

3. педагогикалық қызметкерлерге, бағдарламалар, жаңа педагогикалық технологиялар, балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша білім беруді дамытудың негізгі бағыттары туралы оқу-әдістемелік әдебиеттер жайлы қажетті ақпарат беру;

4. оқыту мен тәрбиенің жаңа педагогикалық технологияларын, жаңа буын бағдарламаларын енгізу арқылы жоғары сапалы оқу-тәрбие процесімен қамтамасыз ету;

5. білім беру ұйымдарындағы педагогикалық тәжірибенің нәтижелілігін анықтау, зерделеу және бағалау. Озық педагогикалық тәжірибені жалпылау және тарату;

